"Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 22 сәуірде № 13619 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз!

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 12 маусымдағы № 146 (28085) санында жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта:

1-тармақша алынып тасталсын:

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) осы бұйрықтың 175-191-қосымшаларына сәйкес бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары.»

осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 және 17-қосымшаларға сәйкес 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 182, 183, 184, 185, 186, 187, 188, 189, 190 және 191-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін электрондық тасымалдағышта елтаңбалы мөрмен куәландырылған қағаз данасын қоса бере отырып жолдауды;

3) тіркелген осы бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мөрімен расталған және осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті адамның электрондық цифлық қолтаңбасымен куәландырылған

баспа және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1-сыныптар үшін, 2017 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2-сыныптар үшін, 2018 жылғы 1 қыркүйектен бастап 3-сыныптар үшін, 2019 жылғы 1 қыркүйектен бастап 4-сыныптар үшін қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі *Е. Сағадиев*

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 8 сәуірдегі
№ 266 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 175-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбы үшін «Сауат ашу» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1. Түсіндірме жазба

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін оқушылардың пән салалары бойынша білім

мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде оқушының өздігінен білімді игеруі үшін оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану кезінде мүмкін. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану оқушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады . Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдер оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін оқушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

8. Нақты пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан оқушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

9. Әр пәннің оқу бағдарламаларында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған. Көптілді оқу ортасын құрудағы әр пәннің қосқан үлесі үш тілде білім беру саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тіл үйретудің негізі болып табылатын коммуникативтік тәсілдер әрбір оқу пәнінің түрлі оқу

жағдаяттарында білім және білікпен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытудың жетекші қағидаты ретінде қарастырылады.

10. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасау керек.

11. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары оқушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

12. Оқу бағдарламалар білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар мектепті бітіргеннен кейінгі нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді.

13. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар, кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағыттылғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі:

1) білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

14. Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, білім құмарлылық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

15. Нақты пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға

бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

16. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарына оқушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар оқушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

2. «Сауат ашу» пәнін оқыту мақсаты мен міндеттері

17. «Сауат ашу» - жалпы білімнің негізін құрайтын аса маңызды пәндердің бірі. Пәнді оқу барысында оқу мен жазуға қатысты жұмыс интеграциялау арқылы жүзеге асады.

18. «Сауат ашу» пәні – «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» пәндерінің құрамдас бөлігі, тіл және әдебиет туралы білім жүйесіне дайындық болып табылады. «Сауат ашу» пәнінің маңыздылығы – оқушылардың өмірінде жаңа пайда болған «жетекші әрекет» – оқу әрекетіне бейімдеу, тұрақты зейіні мен жадын, логикалық ойлауы мен білім алуға деген қызығушылығын қалыптастырып, ой-өрісін жетілдіру, сөздік қорын молайтып, байланыстыра сөйлеуге үйрету міндеттерін жүзеге асыруында. Сонымен қатар, сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым түрлерін дамыту арқылы басқа пәндерді меңгертуге негіз болуында.

19. «Сауат ашу» пәні оқушылардың:

1) қазақ тілі фонетикасы, лексикасы, грамматикасы мен пунктуациясы туралы бастапқы білім негіздерін игеруіне;

2) оқу мен жазуға деген қызығушылығының оянуына;

3) айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыруға;

4) жұппен, топпен, ұжыммен жұмыс жасауға дағдылануына және түрлі рөлді (көшбасшы, орындаушы) орындауға үйренуіне; өз ұлтының, Қазақстанда тұрып жатқан басқа да халықтардың мәдениетіне ізгілік және құрмет сезімінің қалыптасуына негіз қалаушы пән болып табылады.

20. «Сауат ашу» пәнінің мақсаты – айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру процесі арқылы функционалды сауаттылығының негізін қалап, білім алуға ынталы жеке тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау.

21. Алға қойылған осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттер шешілуі көзделеді:

1) қазақ әліпбиіндегі әріптермен (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) таныстыру;

2) әріптен буын, буыннан сөз, сөзден сөйлем құрап оқуға және жазуға дағдыландыру;

3) оқу дағдысы (дұрыс, мәнерлеп, шапшаң және түсініп оқу) мен жазу дағдысын (қатесіз, сауатты, таза, каллиграфия ережелерін сақтай отырып жазу) қалыптастырып, жетілдіру;

4) тілдік бірліктер (дыбыс, буын, сөз, сөйлем, мәтін) және орфография, пунктуация туралы қарапайым түсініктерді меңгерту;

5) кітап оқуға қызығушылығын тәрбиелеу;

6) қарапайым талдау жасау тәсілдерін меңгерту арқылы салыстыру, топтастыру, жүйелеу біліктерін дамыту;

7) сөйлеу және қарым-қатынас жасау мәдениеті нормаларын сақтауға дағдыландыру;

8) сөздік қорын байыту және белсендіру, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту;

9) ана тіліне, тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;

10) коммуникативтік дағдыларын (диалог барысында басқа адамның сөзін ести және тыңдай білуін, диалогке/сұхбатқа қатысуға дайын болуын, әркімнің өз көзқарасы мен пікірі болатынын түсінуін; өз пікірін айқын да дұрыс және толық жеткізе білуін) қалыптастыру;

11) алған тілдік білімі мен дағдыларын жеке қарым-қатынас тәжірибесінде, күнделікті өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйрету;

12) оқушыны өз іс-әрекетін адамгершілік, ізгілік тұрғысынан ұйымдастыруға және жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

22. «Сауат ашу» пәнінде оқу және жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста қатар жүреді:

1) оқу дағдысы жақсы қалыптасқан оқушының сауатты жазу дағдысы да соған сай қалыптасады. «Сауат ашу» пәні арқылы оқушылар қазақ тілі мен әдеби мұрасын меңгеріп, ана тілі мен туған халқының мәдениетін құрметтеуге, оқу процесінде және күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарда тілдік қарым-қатынасқа еркін түсіп, өз пікірін білдіруге дағдыланады.

3. Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

23. Жалпы білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей) «білім алуды үйрету» ұстанымын негізге алады, ол ұстаным бойынша өз бетімен білім алуға ұмтылатын, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол және зияткерлік тұрғыдан дамыған тұлға қалыптастыру көзделеді.

24. Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдер қолданады деп күтіледі, олар:

1) зерттеушілік тәсілдер (оқушылар «не білемін? нені білгім келеді? нені білдім?» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);

2) әрекеттік тәсілдер (оқушылар оқу әрекетінде меңгерген жаңа білімінің болашақта қажеттілігін түсінеді);

3) дамыта оқыту (оқушылар өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);

4) уәждеу, қызықтыра оқыту (оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін «оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау жасау);

5) оқушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (оқушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға үйренеді);

6) саралай оқыту (оқушыларды деңгейіне, мүмкіндігіне қарай оқыту, қалыптастырушы баға арқылы қолдау).

25. «Сауат ашу» пәнін оқытуда қолданылатын оқыту стратегиялары мен әдістері:

1) стратегиялар: өзін-өзі басқарушылық, эксперименттік, сыни, коммуникативтік;

2) технологиялар: шағын топтағы жұмыс (командада), кейс-стади (нақты жағдаяттарды талдау), рөлдік және іскерлік ойындар, модульді оқыту;

3) әдістер: жеке оқыту, проблемалық оқыту.

26. Басты назар білімді қолдану біліктілігіне аударылады. Оқушылардың білім алу барысындағы табыстылығы мен алдағы қадамдарын анықтау үшін оқытудың нақты мақсаттары мен жетістіктер критерийлерін алдын ала белгілеу керек.

27. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту. Оқу бағдарламасы мақсаттарының бірі – түрлі әлеуметтік топтармен тіл табысуға қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету үшін ынталандырушы және белсенді тілдік орта құру арқылы, қажетті коммуникативтік дағдыларды дамыту керек. Мұндай орта оқушылардың сыныптастарымен, мұғалімдерімен және көпшілікпен қарым-қатынасында қазақ тілін сауатты пайдалануына, ауызекі, жазбаша формаларын қолдана отырып, өз пікірін еркін білдіруіне мүмкіндік туғызады.

28. «Сауат ашу» пәнінде тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

1) дыбыстық-буындық талдау жасау;

2) артикуляциялық жаттығулар;

3) мәтінді мұқият тыңдап, мазмұнын түсіну, сұрақтар қою және сұрақтарға жауап беру;

4) тыңдалған мәтін мазмұнының желісін суреттер арқылы беру;

5) тыңдалған мәтіннің белгілі бір үзіндісін айтып беру;

6) мәтіннің мазмұнына қарама-қарсы пікір айту;

7) өздеріне таныс және қызықты тақырыптар бойынша әңгімелесу;

8) белгілі бір тақырыпта пікірталасқа қатысу;

9) мәтіннің кейбір оқиғаларын ым-ишарамен көрсету;

10) жұпта ым-ишара, қимыл-әрекетті пайдаланып, оқиғаны жазуға дайындалу (мысалы, «Бағытталған оқу» және «Бағытталған жазу»);

11) таныс ертегі, әңгімені мазмұндау, өлеңдерді жатқа айту;
12) сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау, алғыс айту, өтініш жасау, таныс және таныс емес адамдармен, жақындары және достарымен, құрдастары және ересектермен, кіші балалармен қарым-қатынас жасауға байланысты рөлдік ойындар;
13) нені сұрауға және нені сұрауға болмайтыны туралы пікір таластыру;
14) суреттер, бейнематериалдар бойынша әңгімелеу, сипаттау;
15) сахналау;
16) берілген тақырып (сол сабақта өтілген әңгіме, ертегі немесе мысал) бойынша диалог (қуыршақтардың көмегімен) құрастыру.

29. «Сауат ашу» пәнінде оқылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:
1) графикалық сызба арқылы «оқу»;
2) кеспе әріптерден буын, сөз құрап оқу;
3) мәтіннен қажетті сөйлемді немесе сөзді тауып оқу;
4) «көзбен оқы» ойыны арқылы оқу;
5) мәтіннен көркем, бейнелі сөздерді тауып оқу;
6) сөздік жұмысы (сөздің мағынасын түсіну);
7) мәнерлеп оқу;
8) рөлге бөліп оқу;
9) оқылған әңгіменің, ертегінің картасын жасау.

30. «Сауат ашу» пәнінде жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:
1) ақпаратты сурет және белгілер/пиктограммалар арқылы беру;
2) сөздердің дұрыс жазылуын (орфографиялық нормаларды) меңгертуге арналған тапсырмалар орындау;
3) мәтіннен сөздерді, сөйлемдерді, қысқа үзінділерді көшіріп жаздыру;
4) мәтіндегі жазылуы қиын сөздерден сөздік құрастыру;
5) сөзден сөйлемдер, сөйлемдерден мәтін құрастырып жазу;
6) шағын хат жазу;
7) есте сақтау арқылы жазу;
8) байқағаны, сүйікті істері, ойындары туралы тірек суреттермен сөйлемдер, шағын мәтін құрастырып жазу;
9) сурет бойынша жазу;
10) өзі құрастырған мәтінін мұғалімнің көмегімен тексеру.

4. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

31. «Сауат ашу» пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

32. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысында негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

33. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

34. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз өткізіледі, оқушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

35. Жиынтық бағалау белгілі оқу мерзімінде оқу блогын оқып бітіргенде өткізіледі, оқушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін колданылады.

5. «Сауат ашу» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

36. «Сауат ашу» пәні бойынша оқу жүктемесі:

1-кесте

Сынып	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
1	6 сағат	198 сағат

37. Бастауыш білім беру деңгейінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін бастауыш сынып кабинеті санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормаларға сәйкес жабдықталуы керек.

38. Жиһаздар сыныпта түрлі формадағы (жеке, жұптық, топтық) жұмыстар (ойын және басқа да белсенді әдістер) ұйымдастыруға мүмкіндік беретіндей жеңіл және жылжымалы болуы керек. Соған қоса, кітап сөрелеріне, оқушылардың көрме жұмыстарына арналған стенділерге және көрнекі құралдарға арнайы орындар ескерілуі тиіс.

39. «Сауат ашу» пәнінің мазмұны:

1) «Сауат ашу» пәні – лексикалық тақырыптар негізінде оқушыларды оқу мен жазуға үйрете отырып, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруға арналған пән;

2) «Сауат ашу» пәні бағдарламасының мазмұны кіріктіріле (интегративті) құрастырылды;

3) «Сауат ашу» пәні үш кезеңнен тұрады: әліппеге дейінгі кезең, әліппе кезеңі, әліппеден кейінгі кезең. Сауат ашудың әліппе кезеңі I тоқсанда басталып, III тоқсанда аяқталады. Мұғалім сағат санын үш кезең бойынша сыныптағы оқушылардың оқу мақсаттарын меңгеруіне, әр кезеңнің міндеттерін жүзеге асыруына орай еркін жоспарлай алады.

40. Әліппеге дейінгі кезеңнің міндеттері:

1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру;

2) фонематикалық есту-тыңдауын дамыту;

3) дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктерін қалыптастыру;

4) сызба-модельдерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, сөздерді буынға бөлу дағдыларын қалыптастыру;

5) қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу);

6) ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін және тұрақты зейінін дамыту;

7) ауызша, жазбаша тілін дамыту.

41. Әліппе кезеңінің міндеттері:

1) оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту;

2) фонематикалық есту-тыңдауын дамыту;

3) дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру;

4) әліпби әріптерін меңгерту, әріптердің баспа және жазба түрлерін, бас әріп және кіші әріпті ажыратуға үйрету;

5) тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту;

6) біртіндеп сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру;

7) әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру;

8) ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру.

42. Әліппеден кейінгі кезеңнің міндеттері:

1) мәтіндерді дұрыс, ырғақты оқуға дағдыландыру, «іштей оқу», түсініп, мәнерлеп, шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыру;

2) тыңдау-түсіну, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын жетілдіру;

3) байланыстырып сөйлеуін дамыту;

4) каллиграфия нормаларын сақтай және сауатты, қатесіз жазу дағдыларын қалыптастыру.

43. Тыңдалым және айтылым:

мұғалім мен басқа оқушылардың сөйлеуін тыңдауы, естігенінің мәнісін түсінуі, сұраққа дұрыс және нақты жауап беруі, сөз мағынасын түсінуі, сөзді жұмсалу орнына және мағынасына қарай қолдана білуі, сыныптастарымен тілдесуде сөйлеу мәдениетін сақтай отырып, өзі туралы айта алуы. Тілдік емес амалдарды (интонация, мимика, қол қимылдары, дене қимылдары) ауызша сөйлесуде қолдануы. Сюжетті суреттер бойынша әңгімелер құрастыру, ертегілер айту. Өлеңдер жаттау, санамақтар, мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар жаттау. Жаңылтпаштар айту арқылы артикуляциялық аппараттарын дамыту. Сөздің дыбыстық құрылымы. Дауысты дыбыстар, олардың жуан , жіңішке болып бөлінуі. Дауыссыз дыбыстар, олардың қатаң, ұяң, үнді болып жіктелуі. Буын – ең кіші айтылым бірлігі ретінде. Сөздердің буындарға бөлінуі. Дауысты

дыбыстардың буынқұраушылық рөлі. Сөздің мағынасы. Сөйлем құрау. Сөйлемдерден қысқаша мәтіндер құрастыру. Мәтінді тыңдау барысында түсіну. Мұғалімнің ауызша сұрақтарына жауап беру. Сюжетті сурет бойынша немесе көргені, бастан кешкені, естігені туралы әңгімелесу; қысқаша тақпақтар жаттау, мазмұнын айтып беру. Түрлі жанрдағы шығармаларды салыстыру. Шығармадағы негізгі кейіпкерлерге мінездеме беру, сипаттама жазу дағдыларын қалыптастыру. Сөздің дыбыстық және әріптік құрамының сәйкестігін немесе сәйкес еместігін нақтылау. Сөздерді қазақ әдеби тілінің орфоэпиялық заңдарына сәйкес айта білу. Коммуникативтік мақсаттарға сай (топта сөйлесу, сұхбатқа қатысу, сахналау, рөлдік ойындар) сөйлеу мәдениеті этикеттерін пайдалану, лексикалық тақырыптар негізінде сөздік қорды кеңейту.

44. Оқылым:

сөздегі дыбыстардың саны мен бірізділігін анықтау. Дыбыстық талдау жасау. Дыбыстардың мағына ажыратушылық функциясын түсіну. Сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білуі (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау). Сөздің мағынасын, сөйлемнің мәнісін түсіну. Дыбыс пен әріпті ажырата тани білуі; әріп – дыбыстың таңбасы ретінде. Жазылған сөздің әріптік құрылымын тану. Түрлі құрылымдағы сөздерді, 2-6 сөзден тұратын сөйлемдерді, 4-8 сөйлемнен тұратын қысқаша мәтіндерді буындық тәсілмен ұласпалы оқуға үйрету, мәтінді мұғалімнің сұрағы бойынша теріп оқу. Дауыстап оқу. Сөйлеудің интонациялық ұйымдасуына бақылау жасау (аяғындағы интонация, леппен айту, сұраулы интонация);

жылдың соңында таныс емес мәтінді оқу техникасының нормасы: минутына 20-25 сөз бен тыныс белгілері;

ескерту: Шылау, екі әріпті сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады;

қазақ тіліндегі дыбыстарды, оның ішінде айтылуы ұқсас л – р, н – ң, с – з, с – ш, ж – ш, п – б, к – қ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру. Орыс тілінен енген сөздерде кездесетін дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Оқушылардың сөздік қорын байыту және белсендіру;

сөздердің мағынасына бақылау жасау (мағынасы жуық сөздер, қарама-қарсы мағыналы, көп мағыналы). Мәтін туралы жалпы түсінік. Өз бетімен оқу барысында мәтінді түсінуі. Баяндау сипатындағы құрылымында ақаулары бар мәтінді қайта өңдей алуы. Тұтас сөздер арқылы оқуға өту, «іштей оқу». Оқылғанның мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; оқылған мәтін мазмұнының тақырыбымен байланыстылығы, түрлі жанрлардың ерекшеліктерін айқындау; көркем шығарманың тақырыбын, негізгі ойын анықтау; қойылған сұрақтарға дұрыс жауап құрастыра білу; көркем мәтін мен өзге (нұсқаулық, түйін) мәтіндерді интонациясын дұрыс қойып оқу (хабарлы, сұраулы, лепті) және олардың мазмұнын айтып беру; теріп оқу, рөлге бөліп оқу, оқылғанға баға беру (ұнайды/ ұнамайды). Оқу тапсырмаларын орындауға керекті ақпаратты іздеу (мұғалімнің жетекшілігімен). Мәтін, сурет, сызба түрінде берілген ақпаратты түсіну.

45. Жазылым:

сызбалардың көмегімен сөздің дыбыстық құрамын модельдеу. Сөйлемді модельдеу. Жазу жұмысына дайындық жаттығулары (денені дұрыс ұстау, дұрыс отыру, дәптерді дұрыс қою, қарындашты/қаламды дұрыс ұстау). Кеңістікте бағдарлау дағдысын қалыптастыру (жазу жолы, жоларалық кеңістік, жолдың жоғарғы және төменгі сызығы, көлбеу, тік). Сурет салу, үзік сызықтар, ирек сызықтар, әріп элементтерін жазу. Әріп элементтерін, бас әріптер мен кіші әріптерді, сөйлемдердің буындарын графикалық нормаларды сақтай отырып, бір-бірімен дұрыс байланыстырып, үздіксіз әрі ырғақты жазу. Айтылуы мен жазылуында алшақтық жоқ сөздерден, пунктуациялық ережелерді ескере отырып, диктант жазу. Сөйлем құрамындағы сөздердің бөлек жазылатыны. Сөйлемнің бас әріптен басталып жазылатыны, сөйлемнің соңында нүкте қойылатыны. Сөйлем, шағын мәтіндерді (3-4 сөйлем) дұрыс құрастырып жазу. Есту, есте сақтау арқылы сөздерді (3-7 сөз), жай сөйлемдерді (1-2 сөйлем) жатқа жазу. Жазғанын үлгіге қарап тексеру; каллиграфиялық дұрыс жазу;

ұғымдарды ажырату: зат және сөз заттың атауы ретінде. Қоршаған ортадағы заттардың, құбылыстардың сөз аталымдары. Сөздің белгілі бір мағына (заттардың атын , түсін, дәмін, көлемін, санын, іс-қимылын) беретінін ұғындыру, оларды орынды қолдануға үйрету. Бір затты, көп затты білдіретін сөздер. Дыбыс. Әріп. Бас әріп және кіші әріп. Дыбыс түрлері: дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату. Буын. Дыбыстардан буын құрау. Буындардан сөз құрау. Сөзді буынға бөлу. Дыбыстық-буындық талдау. Сөз және сөйлем. Сөздің мағынасы (сөздік жұмысы). Сөздерден сөйлем құрау. Сөйлемдерден шағын әңгіме (мәтін) құрау. Сөйлемнің тыныс белгілері (нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі);

дұрыс жазу ережелерімен танысу және оларды тәжірибеде қолдану:

1) бас әріппен жазылатын сөздерді (адамдардың есімдерін, жер-су аттарын, үй жануарларына берілген атауларды) анықтау, дұрыс жазу;

2) заттардың атаулары мен олардың санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді анықтау;

3) көптік жалғауды меңгеру және дұрыс қолдану;

4) жіктеу есімдіктерін ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдану;

5) тәуелдік жалғауларын ауызекі сөйлеуде дұрыс қолдану;

6) іс-қимылды білдіретін сөздерді (етістік шақтарын) дұрыс қолдану;

7) сөйлемнің тыныс белгілерін (нүкте, үтір, сұрақ белгісі және леп белгісі) дұрыс қойып жазу;

8) мұғалім көмегімен сөздерді тасымалдау.

46. Пән мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әр бөлім өз кезегінде әрі қарай бөлімшелерге бөлінген. Бөлімшелерде оқу мақсаттары белгіленген, олар білім немесе түсінік, дағды немесе білік бойынша күтілетін нәтижелер түрінде берілген. Әрбір кіші бөлімшенің ішінде бірізділікпен орналастырылған және сол арқылы

мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға, оқушылардың еңбегін бағалауға оқытудың келесі кезеңі туралы ақпараттандыруға мүмкіндік беретін оқу мақсаттары бірізділікпен орналастырылған:

2-кесте

1-сынып		
№	Сөйлеу әрекеттерінің түрлері	Дағдылар
1	Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну
		1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау
		1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау
		1.4 Оқиғаны болжау
		1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану
		1.6 Тыңдаушының назарын аудару
		1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту
		1.8 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрып айту
		1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту
2	Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану
		2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну
		2.3 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату
		2.4 2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну
		2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу
		2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау
		2.7 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу
		2.8 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау
		2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату
3	Жазылым	3.3 Жоспар құру
		3.4 Оқыған/тыңдаған материалдың мазмұнын жазу
		3.5 Мәтінді түрлі формада (тірек сөздер, сызбалар, суреттер, белгілер арқылы) құрастыру
		3. 6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу
		3.7 Қатені табу және түзету
		3.8 Каллиграфиялық нормаларды сақтау
		3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау
		3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау
		3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау

47. Бағдарламада «Оқу мақсаттары» кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік номерін көрсетеді. Мысалы, 1.1.2.1. кодында «1» - сыныбы, «1» - «Тыңдалым және айтылым» бөлімі, «2» - бөлімшесі, «1» - оқу мақсатының реттік саны.

48. Ескерту. «Жазылым» бөлімі бойынша:

Ж 1 «Мәтін түрлеріне сәйкес өз мәтінін құрастырып жазу»;
Ж 2 «Түрлі стильде мәтін жазу» бөлімшелерінің оқу мақсаттары 2-4 сыныпта « Қазақ тілі» пәнінде қарастырылады.

49. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) тыңдалым және айтылым:

3-кесте

Дағдылар	Оқу мақсаттары
1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау
1.4 Оқиғаны болжау	1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау
1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдану
1.6 Тыңдаушының назарын аудару	1.1.6.1 сөйлеу барысында сипаттау/салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану
1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды)
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту	1.1.8.1 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	1.1.9.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау
	1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну
	1.1.9.3 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау

2) оқылым:

4-кесте

Дағдылар	Оқу мақсаттары
2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.2.1.1 сөз/сөйлем сызбасын оқу
	1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану
2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну	1.2.2.1 мәтінде автордың кім? (не?) туралы айтқысы келгенін түсіну
2.3 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату	1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен оқыған мәтіннің тақырыбын, басын, ортасын және соңын анықтау
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	1.2.4.1 мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	1.2.5.1 мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен)
2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау	1.2.6.1 мұғалімнің көмегімен әңгімелеу мәтінін/ ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі)/ стилін (көркем және бейкөркем) ажырату

2.7 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	1.2.7.1 әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (сөздіктер, анықтамалықтар, суретті кітаптар, энциклопедия) ақпараттарды табу
2.8 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	1.2.8.1 мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) және стильдегі (көркем және бейкөркем) мәтіндерді салыстыру
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру
	1.2.9.2 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (ь,ъ таңбалары, ф, в, ц, ч дыбыстары, е, ю, я қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу

3) жазылым:

5-кесте

Дағдылар	Оқу мақсаттары
3.3 Жоспар құру	1.3.3.1 мұғалім көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою
3.4 Оқыған/тыңдаған материалдың мазмұнын жазу	1.3.4.1 мұғалім көмегімен оқыған/тыңдаған мәтіндердегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу
3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру	1.3.5.1 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу
3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу	1.3.6.1* мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу
3.7 Қатені табу және түзету	1.3.7.1 мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу
3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау	1.3.9.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді мұғалімнің айтуы бойынша жазу
	1.3.9.2 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату
	1.3.9.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген атауларды) анықтау
3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау	1.3.10.1 заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату және орынды қолдану
	1.3.10.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын (терминсіз) қолдану
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау	1.3.11.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою

50. Ұзақ мерзімді жоспар:

6-кесте

	Ортақ тақырып	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Дағдылар	Оқу мақсаттары
I-тоқсан				
			1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну

Әліппеге дейінгі кезең	1 Өзім туралы	Тыңдалым және айтылым	1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау 1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау 1.4 Оқиғаны болжау 1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану 1.6 Тыңдаушының назарын аудару 1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту 1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту 1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау 1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау 1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау 1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу 1.1.6.1 сөйлеу барысында сипаттау/ салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану) 1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды) 1.1.8.1 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту 1.1.9.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау 1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну 1.1. 9.3 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау
	2 Менің мектебім	Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану 2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	1.2.1.1 сөз/сөйлем сызбасын оқу 1.2.5.1 мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап беру (мұғалім көмегімен) 1.2.5.2 оқудың түрлерін (буындап оқу , жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу 1.2.5.3 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру
			3.3 Жоспар құру 3.4 Оқыған/тыңдаған материалдың мазмұнын жазу	1.3.3.1 мұғалім көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып, оған ат (тақырып) қою 1.3.4.1 мұғалім көмегімен оқыған/ тыңдаған мәтіндердегі ақпаратты

Әліппе кезеңі		Жазылым	3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау 3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау 3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау	сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу 1.3. 8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу 1.3.10.1 заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және орынды қолдана білу 1.3.10.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз) 1.3.11.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою
II-тоқсан				
		Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну 1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау 1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау 1.4 Оқиғаны болжау 1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану 1.6 Тыңдаушының назарын аудару 1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну 1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын 1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау 1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау 1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу 1.1.6.1 сөйлеу барысында сипаттау/ салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану 1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды) 1.1.8.1 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту 1.1.9.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау 1.1.9.2 дыбыстардың мағына

			1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту 1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	ажыратушылық қызметін түсіну 1.1.9.3 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау
Әліппе кезеңі	3 Менің отбасым және достарым 4 Бізді қоршаған әлем	Оқылым	2.1 Оқу түрлерін қолдану 2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну 2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну 2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу 2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау 2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату 3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру 3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу 3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	1.2.1.1 сөз/сөйлем сызбасын оқу. 1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану 1.2.2.1 мәтінде автордың кім? (не?) туралы айтқысы келгенін түсіну 1.2.4.1 мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату 1.2.5.1 мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап 1.2.6.1* мұғалімнің көмегімен ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату 1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру 1.3.5.1 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу 1.3.6.1 мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу. 1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу. 1.3.9.2 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату 1.3.9.3 бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген атауларды) анықтау 1.3.10.1 заттың атын, санын, сынын,

			3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау	қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және орынды қолдана білу 1.3.10.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз)
		Жазылым	3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау	1.3.11.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою 1.3.9.2 мұғалім көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату
			3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау	
III- тоқсан				
		Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	
			1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	
			1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау	
			1.4 Оқиғаны болжау	
			1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	
			1.6 Тыңдаушының назарын аудару	
				1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
				1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын
			1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау
				1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау
			1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту	1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет

			1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	сөздерін қолдана білу
				1.1.6.1 сөйлеу барысында сипаттау/ салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану)
				1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды)
				1.1.8.1 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту
				1.1.9.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау
			2.1 Оқу түрлерін қолдану	
			2.2 Оқыған мәтіннің мазмұнын түсіну	1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну
				1.1.9.3 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау
	5 Саяхат			1.2.1.1 сөз/сөйлем сызбасын оқу
				1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу , жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану
			2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	1.2.2.1 мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну
Әліппе кезеңі				1.2.4.1 мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату
			2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	
				1.2.5.1 мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа жауап
	6 Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті		2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау	
				1.2.6.1* мұғалімнің көмегімен әңгімелеу мәтінін, ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату
				1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру
			2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	1.2.9.2 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (ь,ъ таңбалары, ф, в, ц, ч дыбыстары, е, ю, я қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу
		Оқылым		1.3.5.1 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу
				1.3.6.1 мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/ жай сөйлемдер құрап жазу.
			3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру	

		Жазылым	3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу 3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау 3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау 3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау	1.3.8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу. 1.3.10.1 заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және орынды қолдана білу 1.3.10.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз) 1.3.11.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою
IV-тоқсан				
			1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну 1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау 1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау 1.4 Оқиғаны болжау 1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану 1.6 Тыңдаушының назарын	

			а у д а р у	1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну
				1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын
				1.1.3.1 мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып б а я н д а у
			1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту	1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау
			1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту	1.1.5.1 түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу
			1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	1.1.6.1 сөйлеу барысында сипаттау/ салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл), дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдану)
				1.1.7.1 тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды)
				1.1.8.1 берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту
				1.1.9.1 сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау
			2.1 Оқу түрлерін қолдану	1.1.9.2 дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну
				1.1.9.3 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын а н ы қ т а у
			2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну	1.2.1.2 оқудың түрлерін (буындап оқу , жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану
			2.3 Мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату	1.2.2.1 мәтінде автордың кім? (не?) туралы айтқысы келгенін түсіну
			2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен оқыған мәтіннің тақырыбын, басын, ортасын
	7 Тағам және с у с ы н		2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу	1.2.4.1 мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын а ж ы р а т у
			2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау	1.2.5.1 мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе оқығаны бойынша қойылған сұраққа ж а у а п
Әліппеден кейінгі кезең	8 Дені саудың – жаны сау		2.7 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	1.2.6.1 мұғалімнің көмегімен стилін (көркем және бейкөркем)
				1.2.7.1 әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (сөздіктер, анықтамалықтар, суретті кітаптар,

				энциклопедия) ақпараттарды табу
			2.8 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	1.2.8.1 мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) және стильдегі (көркем және бейкөркем) мәтіндерді салыстыру
			2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату	1.2.9.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру 1.2.9.2 дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (ь,ъ таңбалары, ф, в, ц, ч дыбыстары, е, ю, я қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу
			3.3 Жоспар құру	1.3.3.1 мұғалім көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жоспар құрып,
			3.4 Оқыған/тыңдаған материалдың мазмұнын жазу	1.3.4.1 мұғалім көмегімен оқыған/тыңдаған мәтіндердегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу 1.3.5.1 тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызбалар, суреттер, белгілерін қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу 1.3.6.1 мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу. 1.3.7.1 мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру және қателерін түзету.
			3.5 Мәтінді түрлі формада құрастыру	1.3. 8.1 жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу
			3.6 Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу	1.3.9.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді мұғалімнің айтуы бойынша жазу 1.3.10.2 тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз)
			3.7 Қатені табу және түзету	
			3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау	
			3.9 Орфографиялық нормаларды сақтау	

			3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау	

51. Ескерту:

1) «*» белгіленген оқу мақсаттарын ішінара қолдануға болады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 176-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбы үшін «Сауат ашу» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту орыс тілінде)

1. Пояснительная записка

1. Учебная программа разработана в соответствии с Государственным общеобязательным стандартом среднего образования (начального, основного среднего, общего среднего образования), утвержденным постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080.

2. Учебная программа является учебно-нормативным документом, определяющим по каждому учебному предмету/дисциплине содержание и объем знаний, умений, навыков соответственно возрастным познавательным возможностям учащихся.

3. Учебная программа ориентирует процесс обучения на использование методического потенциала каждого предмета для осознанного усвоения учащимися знаний и умений по предметным областям, развитие самостоятельности путем овладения способами учебной, проектной, исследовательской деятельности, приобретение умений ориентироваться в социокультурном пространстве.

4. В учебной программе гармонично сочетаются традиционные функции учебно-нормативного документа с описаниями инновационных педагогических подходов к организации образовательного процесса в современной школе. Подходы к обучению являются основными ориентирами в построении принципиально новой структуры учебной программы по предмету.

18. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл – еліміздегі халықтар бірлігінің негізгі факторы, ұлтаралық қарым-қатынастың ұйытқысы . Бүгінгі қоғам еліміздің білім беру жүйесінен көп тілді меңгерген дара тұлғаны қалыптастыруды талап етуде.

19. Тіл – халықтың жеңістері мен жетістіктерінің, ұлттық құндылықтары мен өмір сүру салтының көрінісі. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде құрметтеу – Қазақстанда тұратын барлық халықтың негізгі міндеті.

20. «Қазақ тілі» пәніне арналған бағдарлама білім берудің ұлттық жүйесін халықаралық стандарттарға негіздей отырып, еліміздің алға қойып отырған іргелі міндеттеріне сай және қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық процестерді, ұлттардың бейбітшілік пен келісім өмір салтын қалыптастыру саясатын ұстану қағидаларын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік тілді оқытудың тиімді әрі сапалы жүйелерін қалыптастыруды көздейді.

21. Бастауыш сынып оқушыларына қазақ тілін мәдениетаралық қарым-қатынас

құралы ретінде меңгерту, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру, олардың тұрмыста, қоғамдық орында, мәдени орталарда тілдік шектеуді сезінбей, өзін еркін ұстауына мүмкіндік туғызу негізгі ұстаным болып табылады.

22. «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

23. «Қазақ тілі» пәні бағдарламасы оқушының тіл сауаттылығы мен сөз байлығын дамытуды, әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынасқа түсуін жетілдіруді және дүниетанымдық дағдыларын кеңейтуді көздейді. Бағдарламаның білім мазмұны қазақ тілі арқылы оқушыларға қазақ халқының материалдық және рухани құндылықтарын, қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеуді, қазақша сөйлеу әдебі мен әдетін дағдыландыруды және қазақ әдебиеті үлгілерін терең меңгертуді мақсат етеді және алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйретеді.

24. «Қазақ тілі» пәнін оқытудың міндеттері:

1) шығармашылықпен жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру;

2) қазақша сөздік қорын үздіксіз дамыту әдістерін меңгерту;

3) қазақша сауатты сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;

4) сөз тіркестерін және жай сөйлемдер құру, сол сияқты айтылым дағдылары негізінде қазақша ойлау дағдыларын қалыптастыру;

5) тұрмыста, қоғамдық орындарда, мәдени орталарда қазақ тілінде қарым-қатынас жасау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;

6) қазақ тілінде меңгерген білім, білік дағдыларына сүйене отырып, өзгелермен еркін қарым-қатынасқа түсуге үйрету;

7) қазақ тілінің саяси-әлеуметтік әлеуетін ұғындыру;

8) тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту.

25. «Қазақ тілі» пәнін оқу арқылы оқушылар сөздік қоры мен тілдік сауаттылығын дамытып, қазақ халқы мен мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастырады, қызығушылығын арттырады.

3. Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

26. Жалпы білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей) «білім алып үйрену» ұстанымын негізге алады, ол ұстаным бойынша өз бетімен білім алуға ұмтылатын, ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол және зияткерлік тұрғыдан дамыған тұлға қалыптастыру көзделеді.

27. Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыру үшін мұғалімдер түрлі технологиялар мен тәсілдер қолданады деп күтіледі, олар:

1) зерттеушілік тәсіл (оқушылар «не білемін, нені білгім келеді, нені білдім» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);

2) әрекеттік тәсіл (оқушылар оқу әрекетінде меңгерген жаңа білімінің болашақта қажеттілігін түсінеді);

3) дамыта оқыту (оқушылар өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);

4) уәждеу, қызықтыра оқыту (оқушының оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін «оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау жасау);

5) оқушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (оқушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға үйренеді);

6) саралай оқыту (оқушыларды деңгейіне, мүмкіндігіне қарай оқыту, қалыптастырушы баға арқылы қолдау).

28. Оқыту қазақ тілінде емес сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін оқытуда қолданылатын оқыту стратегиялары мен әдістері:

1) стратегиялар: өзін-өзі басқару, эксперименттік, сын тұрғысынан ойлау, коммуникативтік;

2) технологиялар: шағын топтағы жұмыс (командада), кейс-стади (нақты жағдаяттарды талдау), рөлдік және іскерлік ойындар, модульдік оқыту;

3) әдістер: жеке оқыту, проблемалық оқыту.

29. Басты назар білімге емес, сол білімді қолдану біліктілігіне аударылады. Оқушылардың білім алу барысындағы табыстылығы мен алдағы қадамдарын анықтау үшін оқытудың нақты мақсаттары мен жетістіктер критерийлерін алдын ала белгілеу керек.

30. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту. Оқу бағдарламасы мақсаттарының бірі – оқыту қазақ тілінде емес сыныптарда оқитын оқушылардың өзойын, сезімін қазақша білдіруге, танып-білген нәрселерін қазақша санасына түюге, пікір алысуға, оқыған, көрген не білген нәрселері туралы достарымен, үлкендермен өз ойымен бөлісуге, армандары мен мақсаттары туралы ойын еркін жеткізіп айта білуге, репродуктивтік, продуктивтік, проблемалық, шығармашылық жаттығуларды орындата отырып үйрету.

31. Оқыту қазақ тілінде емес сыныптарда оқылатын «Қазақ тілі» пәнінде тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

1) қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту үшін артикуляциялық жаттығулар жасау;

2) сөздің лексикалық мағынасын түсіну;

3) тыңдау-көру оқу материалдарын тыңдап, көріп түсіну;

4) сөздік қорды толықтыру;

5) тыңдау-көру материалдарының мазмұнын айту;

6) мәтіннің кейбір оқиғаларын қимылмен, ым-ишарамен көрсету;

7) тыңдалған мәтін мазмұнының желісін суреттер арқылы беру;

8) тыңдалған мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну;

9) мәтіннің жанрларын анықтау;
10) өздеріне таныс және қызықты тақырыптар бойынша әңгімелесу;
11) белгілі бір тақырыпта пікірталасқа қатысу;
12) жұпта ым-ишара, қимыл-әрекетті пайдаланып, оқиғаны жазуға дайындалу (мысалы, «Бағытталған оқу» және «Бағытталған жазу»);
13) берілген тақырып (сол сабақта оқылған әңгіме, ертегі немесе мысал) бойынша диалог (қуыршақтардың көмегімен) құрастыру.
14) сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау, алғыс айту, өтініш жасау, таныс және таныс емес адамдармен, жақындары және достарымен, құрдастары және ересектермен, кіші балалармен қарым-қатынас жасауға байланысты шағын рөлдік ойындар;
15) суреттер, бейнематериалдар бойынша әңгімелеу, сипаттау, сахналау.
32. Оқыту қазақ тілінде емес сыныптарда оқылатын «Қазақ тілі» пәнінде оқылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:
1) графикалық сызба арқылы «оқу»;
2) мәтіннен қажетті сөйлемді немесе сөзді тауып оқу;
3) сұрақтар қоя білу және жауап беру;
4) «көзбен оқы» ойыны арқылы оқу;
5) мәтіннен көркем, бейнелі сөздерді тауып оқу;
6) сөздік жұмысы (сөздің мағынасын түсіну);
7) мәнерлеп оқу;
8) рөлге бөліп оқу;
9) оқылған әңгіменің, ертегінің картасын жасау.
33. «Қазақ тілі» пәнінде жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:
1) ақпаратты сурет және белгілер/пиктограммалар арқылы беру;
2) каллиграфиялық нормаларды сақтау;
3) сөздердің дұрыс жазылуын (орфографиялық нормаларды) меңгертуге арналған тапсырмалар орындау;
4) мәтіннен сөздерді, сөйлемдерді, қысқа үзінділерді көшіріп жаздыру;
5) мәтіндегі жазылуы қиын сөздерден сөздік құрастыру;
6) сөзден сөйлемдер, сөйлемдерден мәтін құрастырып жазу;
7) шағын хат жазу;
8) есте сақтау арқылы жазу;
9) байқағаны, ұнататын істері, ойындары туралы тірек суреттермен сөйлемдер, шағын мәтін құрастырып жазу;
10) сурет бойынша жазу;
11) өзі құрастырған мәтінін мұғалімнің көмегімен тексеру.

4. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

34. «Қазақ тілі» пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

35. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысында негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процессін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

36. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

37. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз өткізіледі, оқушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

38. Жиынтық бағалау белгілі оқу мерзімінде оқу блогын оқып бітіргенде өткізіледі, оқушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін колданылады.

5. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

39. Оқу жүктемесінің бөлінуі:

1-кесте

Сынып	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
1-сынып	2 сағат	66 сағат
2-сынып	2 сағат	68 сағат
3-сынып	3 сағат	102 сағат
4-сынып	3 сағат	102 сағат

40. Қазақ тілі пәнін оқыту процесі тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым әрекеттері арқылы ұйымдастырылады. Оқу процесінде жүйелі жүргізілетін сөздік жұмысы, әңгіме оқу, мәтінмен жұмыс жасау, өлеңдер жаттау, жағдаяттық тапсырмалар орындау, постерлермен жұмыс істеу, сахналық қойылым дайындау белсенді әдістерді қолдану барысында оқушылардың сөздік қоры жетілдіріледі. Бастауыш сыныптардағы қазақ тілі пәнін оқытуда оқушылардың жас ерекшеліктері мен қоршаған ортаны қабылдауға қатысты психологиялық жай-күйі ескеріледі.

41. Бастауыш мектептегі «Қазақ тілі» пәні бойынша оқушылардың білім, білік дағдыларына қойылатын талаптар «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» (CEFR) деңгейлерін (A1, A2) негізге алып айқындалған және әр деңгейдің соңында күтілетін нәтижелер берілген.

42. Сабақ барысында әр түрлі (жеке, жұптық, топтық) жұмыс түрлерін ұйымдастыру үшін оқу кабинеттеріндегі жиһаздар орнын ауыстыруға қолайлы әрі жеңіл болуы қажет. Сондай-ақ, кітап сөрелері, стендтер және оқушы жұмыстарының көрмесіне арналған орын болуы міндетті.

43. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұны:

1) бөлімшелерде оқу мақсаттары белгіленген, олар білім немесе түсінік, дағды немесе білік бойынша күтілетін нәтижелер түрінде берілген. Әрбір бөлімшенің ішінде мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға, оқушылардың еңбегін бағалауға, оқытудың келесі кезеңі туралы ақпараттандыруға мүмкіндік беретін оқу мақсаттары бірізділікпен орналастырылған:

2-кесте

	1-4 сыныптар	
№	Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрлері)	Дағдылар (бөлімшелер)
1	Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану
		1.2 Сөздің лексикалық мағынасын түсіну
		1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну
2	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру
		2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және Тілдік нормаларды қолдану
		2.4 Оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау
		2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде сөйлем құрастыру
		2.6 Оқыған/тыңдаған материал бойынша өз көзқарасын білдіру
3	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану
		3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну
		3.3 Мәтіннің жанры мен түрін анықтау
		3.4 Сұрақтар қоя білу және жауап беру
		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпарат алу
4	Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу
		4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу
		4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау
		4.4 Каллиграфиялық нормаларды сақтау
5.	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау
		5.2 Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау

2) бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан сөйлеу әрекеттерінің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.1. кодында «1» - сынып; «2.1» - дағдылар; «1» - оқу мақсатының реттік нөмірі.

44. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) 1-бөлім: «Тыңдалым»:

3-кесте

	Оқу мақсаттары			

Дағдылар	1 - с ы н ы п А1 деңгей бастапқы	2 - с ы н ы п А1 деңгей негізгі	3 - с ы н ы п А1 деңгей ілгерілеген	4 - с ы н ы п А2 деңгей бастапқы
1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	1.1.1.1 сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)	2.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалын тыңдау және қарапайым сөйлемдерді түсініп қайталау	3.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалын тыңдау және түсіну, жеке сөйлемдердің мағынасын нақтылау үшін сұрақтар қою	4.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалын басқаша өзгертіп айту үшін тыңдау және түсіну
1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	1.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіну	2.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну	3.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну	4.1.2.1 бейтаныс сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мәнмәтінге қатысты мағынасын анықтап түсіну
1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	1.1.3.1 тыңдаған мәтін мазмұны бойынша мұғалімнің көмегіменсұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация/суреттер/ сызбалар таңдау	2.1.3.1 тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімениллюстрация/ суреттер/сызбалар таңдау және қарапайым сұрақтарға жауап беру	3.1.3.1 тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру, кесте толтыру	4.1.3.1 мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және түйінді тұстарын анықтау
1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	1.1.4.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну	2.1.4.1 тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну және кейіпкерлер мен оқиғалардың ретін анықтау	3.1.4.1 тыңдаған материал бойынша себеп- салдарының байланысын (негізгі ой , кейіпкерлер, оқиға) анықтау	4.1.4.1 тыңдаған материалдағы негізгі ойды анықтау
1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	1 . 1 . 5 . 1 қимыл-қозғалыс, сұрақ қою, қысқа жауап арқылы тыңдаған/ көрген мәтінді түсінгенін білдіру	2.1.5.1 тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсіну, сұрақтар қою және сипаттау	3.1.5.1 тыңдау-көру материалдарындағы оқиғаларды түсіну, кейіпкерлері туралы сұрақтар қою және оларды сипаттау	4.1.5.1 тыңдау-көру материалының мазмұны бойынша негізгі ойды анықтауға жетелейтін сұрақтар қою және телебағдарлама үзіндісіндегі музыка, сөз және бейнелердің маңызын анықтау

2) 2 - б ө л і м « А й т ы л ы м » :

4-кесте

Дағдылар	Оқу мақсаттары			
	1 - с ы н ы п А1 деңгей бастапқы	2 - с ы н ы п А1 деңгей негізгі	3 - с ы н ы п А1 деңгей ілгерілеген	4 - с ы н ы п А2 деңгей бастапқы
2.1 Сөздік қорды толықтыру	1.2.1.1 сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану	2.2.1.1 сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану	3.2.1.1 сөйлеу барысында мәтін тақырыбына сәйкес сөздерді қолдану	4.2.1.1 әңгімені өрбіту үшін қажетті сөздерді қолдану

2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	1.2.2.1 сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын білдіру	2.2.2.1 сюжетті сурет негізінде өз ойын айту	3.2.2.1 мұғалім ұсынған тақырып негізінде өз ойын айту	4.2.2.1 басталған мәтінді өз ойынша аяқтау
2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және Тілдік нормаларды қолдану	1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру	2.2.3.1 тілдік нормаларды сақтай отырып, белгілі бір тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну	3.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру	4.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу, сұхбаттасын түсіну және оның сөзін нақтылау, анықтау, өз сөзімен айтып беру
2.4 Оқыған/ тыңдаған материалды мазмұндау	1.2.4.1 шағын мәтінді/ қарапайым оқиғаларды мазмұндау	2.2.4.1 оқиға желісін сақтай отырып, таныс сөздерді қолдану арқылы шынайы және ойдан құрастырылған оқиғаларды баяндау	3.2.4.1 өзінің жоспар/ жазбаларын қолдана отырып, оқиғалар/ әңгімелерді өз сөзімен айтып беру	4.2.4.1 тыңдаушыны еліктіру мақсатында оқиғалар/әңгімелерді дәлме-дәл айтып беру
2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	1.2.5.1 қысқа фильмдер мен тыңдалым материалдарының сюжетін өз сөзімен суреттеу	2.2.5.1 фильмдер мен тыңдалым материалындағы сөйлемдерді қолданып, сюжетті суреттеу	3.2.5.1 фильмдер мен тыңдалым материалындағы оқиғаларды өмірдегі жағдайлармен салыстырып суреттеу	4.2.5.1 фильмдер мен тыңдалым материалдарындағы оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіру
2.6 Оқылған/ тыңдаған материал бойынша ой-пікір білдіру	1.2.6.1 тыңдаған/ оқыған материал туралы өзінің қарапайым пікірін (келісемін/келіспеймін, ұнайды/ұнамайды) айту	2.2.6.1 салыстыру негізінде ақпарат, кейіпкер, оқиға туралы қарапайым ой-пікірін (мен... ойлаймын, мен... санаймын) айту	3.2.6.1 тыңдаған/ оқыған материал бойынша өз көзқарасын (маған... сияқты, маған... тәрізді) айту	4.2.6.1 тыңдаған/оқыған материал бойынша өз көзқарасын (менің ойымша…,… деп ойлаймын) дәлелдеу

3) 3-бөлім «Оқылым»:

5-кесте

Дағдылар	Оқу мақсаттары			
	1-сынып А1 деңгей бастапқы	2-сынып А1 деңгей негізгі	3-сынып А1 деңгей ілгерілеген	4-сынып А2 деңгей бастапқы
3.1 Оқу түрлерін қолдану	1.3.1.1 таныс сөздерді тұтас оқу	2.3.1.1 мәтінді мәнерлеп оқу	3.3.1.1 оқу түрлерін қолдана отырып, мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу (шолып танысу, рөлге бөліп оқу)	4.3.1.1 оқу түрлерін қолдана отырып, мәтін немесе оның бөлімдерін (рөлге бөліп оқу, теріп оқу) мәнерлеп оқу
3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	1.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну	2.3.2.1 таныс сөздерден құрастырылған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну	3.3.2.1 таныс сөздер мен сөз тіркестерінен құрастырылған шағын мәтіннің түйінді тұсын түсіну	4.3.2.1 бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіннің түйінді тұсын түсіну
3.3 Мәтіннің жанрлары мен	1.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі,	2.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, әңгіме) ажырату	3.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме және мақал-мәтелдер)	4.3.3.1 мәтіннің жанрын(өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме, мақал-мәтелдерді және жаңылтпаштарды)

түрлерін анықтау	жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ) ажырату		ажырату, әңгімелеу/ сипаттау мәтінін анықтау	ажырату, пайымдау мәтінін анықтау
3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	1.3.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не? қандай? қанша ?) қою	2.3.4.1 мәтіннің мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастыру және оған жауап беру	3.3.4.1 мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы нақтысұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру	4.3.4.1 мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалайтын сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру
3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	1.3.5.1 мұғалімнің көмегімен иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу	2.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөздік, анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу	3.3.5.1 сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты іздеу жолын білу және табу	4.3.5.1 қажетті ақпараттарды табу үшін түрлі дереккөздерді (сөздіктер, инфографикалар , энциклопедиялар, ғаламтор) қолдана білу

4) 4 - б ө л і м « Ж а з ы л ы м » :

6-кесте

Дағдылар	Оқу мақсаттары			
	1 - с ы н ы п А1 деңгей бастапқы	2 - с ы н ы п А1 деңгей негізгі	3 - с ы н ы п А1 деңгей ілгерілеген	4 - с ы н ы п А2 деңгей бастапқы
4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	1.4.1.1 суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді жазу	2.4.1.1 заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу	3.4.1.1 тақырыпқа сәйкес сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу	4.4.1.1 оқиғаларды сурет (комикс) түрінде ұсыну
4.2 Тыңдаған/ оқыған материалдың мазмұнын жазу	1.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/ тыңдау-көру материалдары бойынша заттардың таныс атауларын жазу	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/ тыңдау-көру материалдары бойыншасөз тіркестерін жазу	3.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/ тыңдау-көру материалдары бойыншақысқа жазбалар жазу	4.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/ тыңдау-көру материалдары бойыншашағын мәтін жазу
4 . 3 Пунктуациялық нормаларды сақтау		2.4.3.1 мұғалімнің көмегімен жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану	3.4.3.1 өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану	4.4.3.1 шағын мәтін құрастыруда сөйлемнің тиісті тыныс белгілерін қолдану
4 . 4 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	1.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптерді санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес бір-бірімен дұрыс байланыстырып, анық, айқын жазу	2.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу	3.4.4.1 кең жолды дәптерге бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу, каллиграфиялық дағдыларын дамыту	4.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу және каллиграфиялық дағдыларын жетілдіру

5) 5-бөлім «Тілдік нормаларды қолдану»:

7-кесте

Дағдылар	Оқу мақсаттары			
	1 - сынып А1 деңгей бастапқы	2 - сынып А1 деңгей негізгі	3 - сынып А1 деңгей ілгерілеген	4 - сынып А2 деңгей бастапқы
5 . 1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	1.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын /сынын/санын/ іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану	2.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын/ сынын/санын/ іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша және жазбаша тілде қолдану	3.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын/ сынын/санын/ іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша және жазбаша тілде қолдану	4.5.1.1 заттың атын/сынын/ санын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын түсіну, ажырату, ауызша және жазбаша тілде қолдану
	1.5.1.2 мұғалімнің көмегімен көптік/ тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде қолдану	2.5.1.2 сөйлеу барысында көптік/ тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын қолдану	3.5.1.2 көптік/тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде және жазбаша тілде қолдану	4.5.1.2 көптік/тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде және жазбаша тілде еркін қолдану
	1.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалім көмегімен етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану	2.5.1.3 сөйлеу барысында етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану	3.5.1.3 сөйлеу барысында есімше түрлерін, тұйық етістіктерді қолдану	4.5.1.3сөйлеу барысында түрлі қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді (есімше , көсемше, рай) қолдану
	1.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану	2.5.1.4мұғалім көмегімен сөйлеу барысында есімдіктерді (сілтеу, сұрау есімдіктерін) қолдану	3.5.1.4 мұғалім көмегімен жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша тілде қолдану	4.5.1.4 жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша және жазбаша тілде қолдану
	1.5.1.5 мұғалім көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру	2.5.1.5 сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем құрастыру	3.5.1.5 сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің көмегімен құрмалас сөйлем құрастыру	4.5.1.5 сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай және құрмалас сөйлем құрастыру
		2.5.1.6 мұғалім көмегімен айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату	3.5.1.6 айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату және құрастыру	4.5.1.6 сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) бір түрден екінші түрге айналдыру
	1.5.2.1 әріп пен дыбысты ажырата білу, төл дыбыстарды дұрыс айту	2.5.2.1 мұғалімнің көмегімен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді дұрыс айту және жазу	3.5.2.1 жаңа сөздерді орфоэпиялық және орфографиялық сөздіктер көмегімен қатесіз дұрыс жазу және айту	4.5.2.1 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді мұғалім көмегімен дұрыс жазу және айту

5 . 2 Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау	1.5.2.2 мұғалімнің көмегімен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу	2.5.2.2 ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу	3.5.2.2 дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айту және емлесін сақтап жазу	4.5.2.2 сөзге қосымшалар жалғау кезінде үндестік заңын ескеріп айту және жазу
	1.5.2.3 мұғалімнің көмегімен бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі есімдері, жер-су атаулары, үй жануарларына берілген ат) ажырату			

45. Ұзақ мерзімді жоспар:

1) 1-сынып:

8-кесте

Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекеттерінің түрлері	Дағдылар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Өзім туралы 2. Менің мектебім	Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	1.1.1.1 сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	1.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіну
		1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	1.1.3.1 тыңдаған мәтін мазмұны бойынша мұғалімнің көмегіменсұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация/суреттер/сызбалар таңдау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	1.2.1.1 сөйлеу барысында танысу, өзі туралы айту және затты сипаттау үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды сақтау	1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі
		2.6 Оқылған/тыңдаған материал бойынша пайымдама жасау	1.2.6.1 тыңдаған/оқыған материал туралы өзінің қарапайым пайымдама (келісемін/келіспеймін, ұнайды/ұнамайды) жасау
	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	1.3.1.1 таныс сөздерді тұтас оқу
		3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	1.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ) ажырату
		3.2Мәтіннің мазмұнын түсіну	1.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну
	Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	1.4.1.1 суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді жазу
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	1.5.1.2 мұғалімнің көмегімен көптік/тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде қолдану

2-тоқсан			
3. Менің отбасым және достарым 4. Бізді қоршаған әлем	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	1.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіну
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	1.1.4.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	1.1.5.1 қимыл-қозғалыс, сұрақ қою, қысқа жауап арқылы тыңдаған/көрген мәтінді түсінгенін білдіру
	Айтылым	2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	1.2.2.1 сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын білдіру
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) жәнеТілдік нормаларды қолдану	1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру
		2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	1.2.5.1 қысқа фильмдер мен тыңдалым материалдарының сюжетін өз сөзімен суреттеу
		2.6 Оқылған/тыңдаған материал бойынша пайымдама жасау	1.2.6.1 тыңдаған/оқыған материал туралы өзінің қарапайым пайымдама (келісемін/келіспеймін, ұнайды/ұнамайды) жасау
	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	1.3.1.1 таныс сөздерді тұтас оқу
		3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	1.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну
		3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	1.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ) ажырату
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	1.3.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не ? қандай? қанша?) қою
	Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	1.4.1.1 суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді жазу
		4.4 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	1.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптерді санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес бір-бірімен дұрыс байланыстырып, анық, айқын жазу
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	1.5.1.2 мұғалімнің көмегімен көптік/тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде қолдану
			1.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалім көмегімен етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану
			1.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану
			1.5.1.5 мұғалім көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру
3-тоқсан			
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	1.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіну

5. Саяхат 6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Тыңдалым	1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	1.1.4.1 мұғалімнің көмегімен тыңдаған материалдың кім/не туралы екенін түсіну
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	1.1.5.1 қимыл-қозғалыс, сұрақ қою, қысқа жауап арқылы тыңдаған/көрген мәтінді түсінгенін білдіру
	Айтылым	2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	1.2.2.1 сурет бойынша 2-3 сөйлеммен өз ойын білдіру
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды қолдану	1.2.3.1 сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну және тілдік нормаларды сақтай отырып, түрлі тәсілдермен жауап беру
		2.4 Оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау	1.2.4.1 шағын мәтінді/ қарапайым оқиғаларды мазмұндау
	Оқылым	3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	1.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, санамақ) ажырату
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	1.3.4.1 мұғалімнің көмегімен мәтін немесе иллюстрация бойынша қарапайым сұрақтар (кім? не ? қандай? қанша?) қою
		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	1.3.5.1 мұғалімнің көмегімен иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу
	Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	1.4.1.1 суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді жазу
		4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу	1.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/ тыңдау-көру материалдары бойынша заттардың таныс атауларын жазу
		4.4 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	1.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптерді санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес бір-бірімен дұрыс байланыстырып, анық, айқын жазу
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	1.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын/сынын/ іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша тілде қолдану
			1.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалім көмегімен етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану
			1.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану
			1.5.1.5 мұғалім көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру
		5.2 Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау	1.5.2.1 әріп пен дыбысты ажырата білу, төл дыбыстарды дұрыс айту
			1.5.2.2 мұғалімнің көмегімен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу
			1.5.2.3 мұғалімнің көмегімен бас әріппен жазылатын сөздерді (адамдардың есімдерін, жер-су аттарын, үй жануарларына берілген атауларды) дұрыс жазу
4 тоқсан			

7. Тағам және сусын 8. Дені саудың – жаны сау	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	1.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсіну
		1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	1.1.3.1 тыңдаған мәтін мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация/суреттер/сызбалар таңдау
	Айтылым	2.4 Оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау	1.2.4.1 шағын мәтінді/ қарапайым оқиғаларды мазмұндау
		2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	1.2.5.1 қысқа фильмдер мен тыңдалым материалдарының сюжетін өз сөзімен суреттеу
	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	1.3.1.1 таныс сөздерді тұтас оқу
		3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	1.3.2.1 мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну
		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	1.3.5.1 мұғалімнің көмегімен иллюстрациялы шағын мәтіннен қажетті ақпаратты табу
	Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	1.4.1.1 суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді жазу
		4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу	1.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/ тыңдау-көру материалдары бойынша заттардың таныс атауларын жазу
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	1.5.1.3 сөйлеу барысында мұғалім көмегімен етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану
			1.5.1.4 мұғалімнің көмегімен сөйлеу барысында сілтеу есімдіктерін дұрыс қолдану
			1.5.1.5 мұғалім көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру
		5.2 Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау	1.5.2.1 әріп пен дыбысты ажырата білу, төл дыбыстарды дұрыс айту
			1.5.2.2 мұғалімнің көмегімен ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу

2) 2 - с ы н ы п :

9-кесте

Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекеттерінің түрлері	Дағдылар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
	Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	2.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалын тыңдау және қарапайым сөйлемдерді түсініп қайталау
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	2.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну
		1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	2.1.3.1 тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен иллюстрация/суреттер/сызбалар таңдау және қарапайым сұрақтарға жауап беру

1. Өзім туралы	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	2.2.1.1 сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану
		2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	2.2.2.1 сюжетті сурет негізінде өз ойын айту
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды сақтау	2.2.3.1 тілдік нормаларды сақтай отырып, белгілі бір тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну
2. Менің отбасым және достарым	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	2.3.1.1 мәтінді мәнерлеп және қатесіз дауыстап оқу
		3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	2.3.2.1 таныс сөздерден құрастырылған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	2.3.4.1 мәтіннің мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастыру және оған жауап беру
	Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	2.4.1.1 заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу
		4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	2.4.3.1 мұғалімнің көмегімен жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	2.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын/сынын/ санын/іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша және жазбаша тілде қолдану
			2.5.1.2 сөйлеу барысында көптік/тәуелдік/ жіктік / септік жалғауларын қолдану
			2.5.1.3 сөйлеу барысында етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану
2-тоқсан			
3. Менің мектебім	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	2.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну
		1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	2.1.3.1 тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен иллюстрация/суреттер/сызбалар таңдау және қарапайым сұрақтарға жауап беру
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	2.1.5.1 тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсіну, сұрақтар қою және сипаттау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	2.2.1.1 сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану
		2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	2.2.2.1 сюжетті сурет негізінде өз ойын айту
		2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	2.2.5.1 фильмдер мен тыңдалым материалындағы сөйлемдерді қолданып, сюжетті суреттеу
		2.6 Оқылған/тыңдаған материал бойынша ой-пікір білдіру	2.2.6.1 салыстыру негізінде ақпарат, кейіпкер, оқиға туралы қарапайым ой-пікірін (мен... ойлаймын, мен. .. санаймын) айту
		3.1 Оқу түрлерін қолдану	1.3.1.1 таныс сөздерді тұтас оқу

4. Туған өлкем	Оқылым	3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	2.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, әңгіме) ажырату
		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	2.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөздік, анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу
	Жазылым	4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/ тыңдау-көру материалдары бойыншасөз тіркестерін жазу
		4.4 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	2.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын/сынын/ санын/іс-қимылын білдіретін сөздерді ауызша және жазбаша тілде қолдану
			2.5.1.5 сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем құрастыру
			2.5.1.6 мұғалім көмегімен айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату
		5.2 Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау	2.5.2.2 ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу
3-тоқсан			
5. Дені саудың – жаны сау	Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	2.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалын тыңдау және қарапайым сөйлемдерді түсініп қайталау
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	2.1.4.1 тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну және кейіпкерлер мен оқиғалардың ретін анықтау
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	2.1.5.1 тыңдау-көру материалындағы оқиғаларды түсіну және сипаттау
	Айтылым	2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды сақтау	2.2.3.1 тілдік нормаларды сақтай отырып, белгілі бір тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну
		2.4 Оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау	2.2.4.1 оқиға желісін сақтай отырып, таныс сөздерді қолдану арқылы шынайы және ойдан құрастырылған оқиғаларды баяндау
		2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	2.2.5.1 фильмдер мен тыңдалым материалындағы сөйлемдерді қолданып, сюжетті суреттеу
		2.6 Оқылған/тыңдаған материал бойынша ой-пікір білдіру	2.2.6.1 салыстыру негізінде ақпарат, кейіпкер, оқиға туралы қарапайым ой-пікірін (мен... ойлаймын, мен. .. санаймын) айту
	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	2.3.1.1 мәтінді мәнерлеп және дауыстап оқу
		3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	2.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, ертегі, жұмбақ, әңгіме) анықтау
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	2.3.4.1 мәтіннің мазмұны бойынша қарапайым сұрақтар құрастыру және оған жауап беру

6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	2.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөздік, анықтамалардан қажетті ақпаратты табу
	Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	2.4.1.1 заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу
		4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған тыңдау-көру материалдары бойыншасөз тіркестерін жазу
		4.4 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.4.4.1 бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	2.5.1.2 сөйлеу барысында көптік/тәуелдік/ жіктік / септік жалғауларын қолдану
			2.5.1.3 сөйлеу барысында етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану
			2.5.1.4 мұғалім көмегімен сөйлеу барысында есімдіктерді (сілтеу, сұрау есімдіктерін) қолдану
			2.5.1.5 сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем құрастыру
		5.2 Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау	2.5.2.2 ә, ө, ү, ұ, і, ң, қ, ғ, h әріптері кездесетін сөздерді дұрыс айту және жазу
4-тоқсан			
7. Қоршаған орта 8. Саяхат	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	2.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерден құралған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну
		1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	2.1.3.1 тыңдаған мәтінге мұғалімнің көмегімен көрнекілер/суреттер/сызбалар орналастырып, сұрақтарға жауап беру
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	2.1.4.1 тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну және кейіпкерлер мен оқиғалардың ретін анықтау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	2.2.1.1 сөйлеу барысында алған ақпарат бойынша сұраулы сөйлем құрастыру үшін сөздер мен сөз тіркестерін қолдану
		2.4 Оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау	2.2.4.1 оқиға желісін сақтай отырып, таныс сөздерді қолдану арқылы шынайы және ойдан құрастырылған оқиғаларды баяндау
		2.6 Оқылған/тыңдаған материал бойынша ой-пікір білдіру	2.2.6.1 салыстыру негізінде ақпарат, кейіпкер, оқиға туралы қарапайым ой-пікірін (мен... ойлаймын, мен. .. санаймын) айту
	Оқылым	3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	2.3.2.1 таныс сөздерден құрастырылған қарапайым сөйлемдердің мағынасын түсіну
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	3.3.4.1 мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы нақты сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?)құрастыру және оған жауап беру
		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	2.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөздік, анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу

	Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	2.4.1.1 заттың сынын білдіретін сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу
		4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған тыңдау-көру материалдары бойыншасөз тіркестерін жазу
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	2.5.1.2 сөйлеу барысында көптік/тәуелдік/ жіктік / септік жалғауларын қолдану
			2.5.1.3 сөйлеу барысында етістіктің шақтарын; бұйрық рай; болымсыз етістікті қолдану
			2.5.1.4 мұғалім көмегімен сөйлеу барысында есімдіктерді (сілтеу, сұрау есімдіктерін) қолдану
			2.5.2.1 мұғалімнің көмегімен айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздерді дұрыс айту және жазу

3) 3 - с ы н ы п :

10-кесте

Ортақ тақырыптар	Сөйлеу әрекеттерінің түрлері	Дағдылар	Оқу мақсаттары
1-тоқсан			
1. Тірі табиғат	Тыңдалым	1.1 Тыңдалым тәсілдерін қолдану	3.1.1.1 ауызша тіл және тыңдау-көру материалын тыңдау және түсіну, жеке сөйлемдердің мағынасын нақтылау үшін сұрақтар қою
		1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	3.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндерді түсіну
		1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	3.1.3.1 тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру, кесте толтыру
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	3.1.4.1 тыңдаған материалдың себебі мен салдарының байланысын (негізгі ой, кейіпкерлер, оқиға) анықтау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	3.2.1.1 сөйлеу барысында мәтін тақырыбына сәйкес сөздерді қолдану
		2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	3.2.2.1 мұғалім ұсынған тақырып негізінде өз ойын айту
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және тілдік нормаларды сақтау	3.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру
		2.4 Оқыған/тыңдаған материлды мазмұндау	3.2.4.1 өзінің жоспар/жазбаларын қолдана отырып, оқиғалар/әңгімелерді өз сөзімен айтып беру
		3.1 Оқу түрлерін қолдану	3.3.1.1 оқу түрлерін қолдана отырып, мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу (шолып танысу, рөлге бөліп оқу)

2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)	Оқылым	3.2 Мәтіннің мазмұнын түсіну	3.3.2.1 таныс сөздер мен сөз тіркестерінен құрастырылған шағын мәтіннің түйінді тұсын түсіну
		3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	3.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме және мақал-мәтелдер) ажырату, әңгімелеу/сипаттау мәтінін анықтау
	Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	3.4.1.1 тақырыпқа сәйкес сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу
		4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	3.4.3.1 өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	3.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын/сынын/ іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде қолдану
			3.5.1.2 көптік/тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде және жазбаша тілде қолдану
			3.5.1.3 сөйлеу барысында есімше түрлерін, тұйық етістіктерді қолдану
			3.5.1.4 мұғалім көмегімен жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша тілде қолдану
		5.2 Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау	3.5.2.1 жаңа сөздерді орфоэпиялық және орфографиялық сөздіктер көмегімен қатесіз дұрыс айту және жазу
			3.5.2.2 дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстарын дұрыс айту және жазу
2-тоқсан			
	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	3.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндерді түсіну
		1.3 Тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсіну	3.1.3.1 тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру, кесте толтыру
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	3.1.5.1 тыңдау-көру материалдарындағы оқиғаларды түсіну, кейіпкерлері туралы сұрақтар қою және оларды сипаттау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	3.2.1.1 сөйлеу барысында мәтін тақырыбына сәйкес сөздерді қолдану
		2.2 Берілген тақырып бойынша ойын жеткізу	3.2.2.1 мұғалім ұсынған тақырып негізінде өз ойын айту
		2.6 Оқылған/тыңдаған материал бойынша пайымдама жасау	3.2.6.1 тыңдаған/ оқыған материал бойынша пайымдама жасау (маған... сияқты, маған... тәрізді)
		3.1 Оқу түрлерін қолдану	3.3.1.1 оқу түрлерін қолдана отырып, мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу (шолып танысу, рөлге бөліп оқу)

3. Уақыт 4. Сәулет	Оқылым	3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	3.3.4.1 мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы нақты сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?)құрастыру және оған жауап беру
		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	3.3.5.1 сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу және оны алу
	Жазылым	4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу	3.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған/ тыңдау-көру материалдары бойыншақысқа жазбалар жазу
		4.3 Пунктуациялық нормаларды сақтау	3.4.3.1 өз бетінше жай сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілерін қолдану
		4.4 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	3.4.4.1 кең жолды дәптерге бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу, каллиграфиялық дағдыларын дамыту
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	3.5.1.1 мұғалімнің көмегімен заттың атын/сынын/ санын/іс-қимылын білдіретін сөздер мен көмекші сөздердің мағынасын ажырату, ауызша және жазбаша тілде қолдану
			3.5.1.5 сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің көмегімен құрмалас сөйлем құрастыру
			3.5.1.6 айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату және құрастыру
		5.2 Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау	3.5.2.1 жаңа сөздерді орфоэпиялық және орфографиялық сөздіктер көмегімен қатесіз дұрыс айту және жазу
			3.5.2.2 дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айту және емлесін сақтап жазу
3-тоқсан			
	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	3.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндерді түсіну
		1.4 Мәтіндегі негізгі, қосалқы ақпараттарды түсіну	3.1.4.1 тыңдаған материал бойынша себеп-салдарының байланысын (негізгі ой, кейіпкерлер, оқиға) анықтау
		1.5 Тыңдау-көру материалдарының мазмұнын түсіну	3.1.5.1 тыңдау-көру материалдарындағы оқиғаларды түсіну, кейіпкерлері туралы сұрақтар қою және оларды сипаттау
	Айтылым	2.1 Сөздік қорды толықтыру	3.2.1.1 сөйлеу барысында мәтін тақырыбына сәйкес сөздерді қолдану
		2.3 Түрлі жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсу (диалог) және Тілдік нормаларды қолдану	3.2.3.1 белгілі тақырыптағы әңгімеге қатысу және сұхбаттасын түсіну және олардың ойын толықтыру
		2.4 Оқыған/тыңдаған материалды мазмұндау	3.2.4.1 өзінің жоспар/жазбаларын қолдана отырып, оқиғалар/әңгімелерді өз сөзімен айтып беру
		2.5 Тыңдау-көру материалдары негізінде ойын айту	3.2.5.1 фильмдер мен тыңдалым материалындағы оқиғаларды өмірдегі жағдайлармен салыстырып суреттеу

5. Өнер 6. Атақты тұлғалар		2.6 Оқылған/тыңдаған материал бойынша ой-пікір білдіру	3.2.6.1 тыңдаған/ оқыған материал бойынша өз көзқарасын (маған... сияқты, маған... тәрізді) айту
	Оқылым	3.1 Оқу түрлерін қолдану	3.3.1.1 оқу түрлерін қолдана отырып, мәтінді немесе оның бөлімдерін мәнерлеп оқу (шолып танысу, рөлге бөліп оқу)
		3.3 Мәтіннің жанрлары мен түрлерін анықтау	3.3.3.1 мәтіннің жанрын (өлең, жұмбақ, ертегі, әңгіме және мақал-мәтелдер) ажырату, әңгімелеу/ сипаттау мәтінін анықтау
		3.4 Сұрақтар мен жауаптар құрастыру	3.3.4.1 мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекеті туралы нақтысұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру
		3.5 Түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу	3.3.5.1 сөздіктер мен анықтамалықтардан қажетті ақпаратты табу және оны алу
	Жазылым	4.1 Кейіпкердің атынан мәтін құрастырып жазу	3.4.1.1 тақырыпқа сәйкес сөздерді қолдана отырып, берілген иллюстрация бойынша өзара байланысқан сөйлем жазу
		4.2 Тыңдаған/оқыған материалдың мазмұнын жазу	3.4.2.1 мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған тыңдау-көру материалдары бойыншақысқа жазбалар жазу
		4.4 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	3.4.4.1 кең жолды дәптерге бас әріптер мен кіші әріптердің биіктігін, енін, көлбеулігін және олардың байланысын сақтап жазу, каллиграфиялық дағдыларын дамыту
	Тілдік нормаларды қолдану	5.1 Грамматикалық нормаларды сақтау (термин сөздерді қолданбау)	3.5.1.2 көптік/тәуелдік/ жіктік /септік жалғауларын ауызша тілде және жазбаша тілде қолдану
			3.5.1.4 мұғалім көмегімен жіктеу есімдіктерінің септелуін және септеулік шылауларды ауызша тілде қолдану
			3.5.1.5 сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің көмегімен құрмалас сөйлем құрастыру
			3.5.1.6 айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлерін (хабарлы, сұраулы, лепті) ажырату және құрастыру
		5.2 Орфоэпиялық және орфографиялық нормаларды сақтау	3.5.2.1 жаңа сөздерді орфоэпиялық және орфографиялық сөздіктер көмегімен қатесіз дұрыс айту және жазу
			3.5.2.2 дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздерді дұрыс айту және емлесін сақтап жазу
4-тоқсан			
	Тыңдалым	1.2 Сөздердің лексикалық мағынасын түсіну	3.1.2.1 күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндерді түсіну
		1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	3.1.3.1 ауданы болатын нысандарды атау және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алу, палеткамен өлшеу 3.1.3.3 $см^2$, $дм^2$, $м^2$, га шамамаларын салыстыру және амалдар орындау
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	3.2.1.4 санды 0-ге көбейту, 0-ге бөлуге болмайтын жағдайларды әріпті теңдік түрінде: $a \times 0 = 0$; $a \neq 0$ көрсету
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	3.4.1.1 екі жиынның бірігуі мен қиылысуын Эйлер-Венн диаграммасының көмегімен көрнекі түрде кескіндеу 3.4.1.2 сандардың жиындарын, олардың бірігуі мен қиылысуын элементтердің берілген немесе оқушылардың өздері анықтаған қасиеттері бойынша құру 3.5.2.2 екі жиынның қиылысуы $\cap$, екі жиынның бірігуі $\cup$, бос жиын $\varnothing$ таңбаларын қолдану
		4.4 Нысандардың комбинациялары	3.4.4.1 «мүмкіндіктер тармағы» туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттар мен есеп шығаруда қолдану
		5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.1 2-3 амалмен орындалатын есепті кесте, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу 3.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке берілген есептерді талдау және шығару шамалар арасындағы тәуелділікке; пропорцияның белгісіз мүшесін табуға берілген есептерді талдау және шығару
		5.2 Математика тілі	3.5.2.4 көбейту және бөлу амалдары компоненттерінің атауларын жақшалы өрнектерді оқу мен жазуда қолдану
		1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.4 6; 7; 8; 9 сандарына көбейту мен бөлу кестесін құру, білу және қолдану
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	3.2.1.1 бір айнымалысы/екі айнымалысы бар өрнектерді ажырату, құрастыру, жазу және оқу 3.2.1.6 төрт амалды жақшалы және жақшасыз өрнектерде амалдардың орындалу тәртібін анықтау,

	1С бөлім - Кестелік көбейту және бөлу		олардың мәнін табу 3.2.1.7 формулаларды шамалардың арасындағы өзара қатынасты орнатушы теңдік ретінде түсіну
		5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.2 есептерді шығаруда «бір заттың массасы», « саны», «жалпы масса»/ «бір затқа жіберілген шығын» , «заттардың саны», «жалпы шығын»/ ұзындығы, ені, ауданы ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану 3.5.1.5 жанама түрде тұжырымдалған (еселік салыстырумен байланысты) есептерді; төртбұрыштың ұзындығын, енін, периметрі мен ауданын, параллелепипедтің көлемін табуға берілген есептерді талдау және шығару
II-тоқсан			
	2А бөлім - Үлес	1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	3.1.1.5 үлесті құру жолын көрсетіп беру, оларды оқу, жазу және салыстыру 3.1.1.6 жай бөлшектерді оқу, жазу; бөлімдері бірдей жай бөлшектерді көрнекілік қолдану арқылы салыстыру
		1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.1 бөлшек дегеніміз бірліктің (бір бүтіннің) бір не бірнеше тең үлестерден құралған сан, екі натурал санның қатынасы екенін түсіну 3.1.2.14 санның/шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды/шаманы табу: 100 көлеміндегі сандар мен жүздіктердің жартысын, үштен бір, төрттен бір, оннан бір бөлігін табу
		5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.3 санның және шаманың үлесін табуға берілген есептерді талдау және шығару; кері есеп құрастыру және шығару 3.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке; пропорцияның белгісіз мүшесін табуға берілген есептерді талдау және шығару
		3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	3.3.1.1 шеңбер мен дөңгелекті, олардың элементтерін (центр, радиус, диаметр) бір бірінен ажырату және атау/ симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды айыра білу және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру 3.3.1.2 геометриялық фигураларды жіктеу 3.3.1.3 тік бұрышты үшбұрыш, шаршы, тік төртбұрыш ауданы формуласын: S= (a·b):2, $S=a^2$, $S=a \cdot b$ шығарып алу және қолдану 3.3.1.4 суретте кескінделген құрастырылған фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың периметрін анықтау 3.3.1.5 берілген ауданы бойынша тор көзді қағазға жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгеретінін түсіндіру
			3.3.2.1 нүктелі қағазда параллель және қиылысатын түзулерді; қиылысатын геометриялық жазық фигураларды сызу, олардың қиылысу және бірігу аумағын табу

«Уақыт», «Сәулет» ортақ тақырыптары аясында	2В бөлім – Аудан. Шамалар	3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	3.3.2.2 берілген қабырғалары бойынша тіктөртбұрыш пен шаршы циркульдің көмегімен шеңбер салу
		3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты	3.3.3.1 жазық фигурада белгіленген нүктелердің орнын бір-біріне қатысты анықтау
		1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	3.1.3.1 ауданы болатын нысандарды атау және ауданды өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдап алу, палеткамен өлшеу 3.1.3.2 мм, км/ г, т/см^2, дм^2, м^2 /секунд өлшем бірліктерін қолданып өлшеу 3.1.3.3 шамалар мәндерін (мм,см, дм, м/ г, кг, ц, т / л/ см^2, дм^2, м^2) салыстыру және амалдар орындау 3.1.3.4 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (г, кг, ц, т)/ аудан (см2, дм2, м2/ уақыт (сек,мин, сағ, тәул. ғасыр) бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру
		5.1 Есептер және математикалық модель	3.5.1.2 есептерді шығаруда «бір заттың массасы», « саны», «жалпы масса»/ «бір затқа жіберілген шығын» , «заттардың саны», «жалпы шығын»/ ұзындығы, ені, ауданы ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану 3.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке; пропорцияның белгісіз мүшесін табуға берілген есептерді талдау және шығару 3.5.1.5 жанама түрде тұжырымдалған (еселік салыстырумен байланысты) есептерді; төртбұрыштың ұзындығын, енін, периметрі мен ауданын, параллелепипедтің көлемін табуға берілген есептерді талдау және шығару)
		5.2 Математика тілі	3.5.2.3 бұрыштарды, көпбұрыштарды латын алфавитінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу
	2С бөлім - Кестеден тыс көбейту және бөлу. Ауызша көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.5 үш таңбалы сандарды/мыңдықтарды санның ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау 3.1.2.8 үш таңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану 3.1.2.9 100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні бір таңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолдану 3.1.2.12 нөлмен аяқталатын үш таңбалы санды бір таңбалы санға жазбаша көбейту/бөлу тәсілін қолдану
III-тоқсан			
	3А бөлім - Кестеден тыс көбейту және бөлу		3.1.2.6 бір таңбалы санға қалдықпен бөлуді орындау 3.1.2.7 кестеден тыс мынадай жағдайларда: 17•5 96:6 75:15 84:4 ауызша көбейту мен бөлуді орындау 3.1.2.9 100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту мен бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні бір таңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолдану

«Атақты тұлғалар», « Өнер» ортақ тақырыптары аясында		2.2 Теңдік және теңсіздік. Теңдеу	3.2.2.2 2 көбейту мен бөлуге берілген *x:8=9; 51:x=17; 23×x=46* түріндегі қарапайым теңдеулерді, құрылымы күрделі *x× (25:5)=60; (24×3):x=6;x: (17×2)=2; k+124:4=465* түріндегі теңдеулерді шешу
		1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.1 бөлшекті - бүтіннің бір не бірнеше бөлігі және екі натурал санның бөліндісі ретінде түсіну, санның квадратын - бірдей екі көбейткіштің, ал кубын - бірдей үш көбейткіштің көбейтіндісі ретінде түсіну 3.1.2.3 көбейтудің үлестірімділік, терімділік қасиеттерін тиімді есептеулер жүргізу үшін қолдану
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	3.2.1.3 көбейтудің үлестірімділік және терімділік қасиеттерін әріпті теңдік түрінде: *(ab)c=a(bc); a(b+c)= a b + a c ;* *a(b-c)=ab-ac* көрсету және қолдану
	3В бөлім - Кеңестік фигуралар	3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	3.3.2.3 кеңістіктік геометриялық фигуралардың (тікбұрышты параллелипипед, куб) жазбасын дайындау және олардың моделін құрастыру 3.3.2.4 солға және оңға бұрғанда, үстінен және жанынан қарағанда кеңістіктік фигуралардың қалпындағы өзгерістерді түсіндіру
	3С бөлім – Жазбаша көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.10 мынадай жағдайларда: 23•2, 123•2, 46:2, 246: 2 екі таңбалы/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту мен бөлу алгоритмдерін қ о л д а н у 3.1.2.11 мынадай жағдайларда: 28•3, 269•2, 84:3, 538: 2 екі/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға көбейту мен бөлу алгоритмдерін қолдану
IV-тоқсан			
	4А бөлім - Жазбаша көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	3.1.2.13 бөліндінің бір разрядында нөл болатын кезде үш таңбалы санды бір таңбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	3.2.1.5 әріпті, санды өрнектерді (үш амалдан артық) салыстыру
	4В бөлім – Есепті шешу жолдары	1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	3.1.3.6 1000 теңгелік, 2000 теңгелік, 5000 теңгелік купюраларды ажырату және түрліше төлем жасау
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	3.4.1.3 сандар жиынының ішкі жиындарын элементтердің берілген немесе оқушылардың өздері анықтаған қасиеттері бойынша құру
		4.2 Пікірлер	3.4.2.1 ақиқат немесе жалған пікірлер құру 3.4.2.2 кестелер және графтар құру әдісімен логикалық пайымдауға берілген есептерді шығару
		4.4 Нысандардың комбинациялары	3.4.4.1 «мүмкіндіктер тармағы» туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттар мен есеп шығаруда қолдану
			3.5.1.1 2-3 амалмен орындалатын есепті кесте, сызықтық/бағандық диаграмма, сызба, қысқаша жазба түрінде модельдеу 3.5.1.2 есептерді шығаруда «бір заттың массасы», « саны», «жалпы масса»/ «бір затқа жіберілген шығын»

«Су – тіршілік көзі», « Демалу мәдениеті. Мерекелер» тақырыптары аясында		5.1 Есептер және математикалық модель	, «заттардың саны», «жалпы шығын»/ ұзындығы, ені, ауданы ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану 3.5.1.5 жанама түрде тұжырымдалған (еселік салыстырумен байланысты) есептерді; талдау және шығару 3.5.1.6 есептеу кезінде жауабын алдын ала болжау, нәтижесін құрама есептің шартына сәйкес түсіндіру 3.5.1.7 үш амалмен шығарылатын есептерді (шамалар арасындағы тәуелділікке құрылған жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу және шығару 3.5.1.8 айнымалысы бар өрнектер мен теңдеу түрінде барлық арифметикалық амалдарға берілген қарапайым есептерді шешуді; қосу мен азайтуға берілген құрама есептерді санды өрнектер түрінде моделдеу
		5.2 Математика тілі	3.5.2.5 деректерді жинақтау, жүйелеу және диаграммалар мен пиктограммалар қолданып салыстыру
	4С бөлім- Уақыт	1.3 Шамалар және өлшем бірліктер	3.1.3.2 секунд өлшем бірлігін қолданып өлшеу
			3.1.3.3 шамалар мәндерін (мм,см, дм, м/ г, кг, ц, т / л/ $см^2$, $дм^2$, $м^2$, га/ сек, мин, сағ, тәул, жыл, ғасыр) салыстыру және амалдар орындау 2.1.3.4 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (г, кг, ц, т)/ аудан ($см^2$, $дм^2$, $м^2$/ уақыт (сек,мин, сағ, тәул. ғасыр) бірліктері олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру 3.1.3.5 әртүрлі сағат бойынша уақытты анықтау: сағат, минут, секундты

4) 4-сынып:

11-кесте

Ортақ тақырыптар	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Бағдарлама бөлімшелері	Оқыту мақсаттары
І-тоқсан			
		1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	4.1.1.1 көп таңбалы сандардың құрылу жолын түсіну, натурал сандар қатарындағы 1 000 000 көлеміндегі санның орнын анықтау 4.1.1.2 көп таңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру, сандарды берілген разрядқа дейін дөңгелектеу 4.1.1.3 көп таңбалы сандардың разрядтық және кластық құрамын және разрядтық бірліктердің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштар қосындысына жіктеу 4.1.1. 4 санаудың ірі бірлігі – миллионды құрастыру миллиард көлемінде санау, жазу, салыстыру
			4.1.2.2 көп таңбалы сандармен арифметикалық амалдарды орындауда 0 мен 1 сандарының қасиеттерін қолдану 4.1.2.5 көп таңбалы сандарды ондық құрамы

«Менің Отаным-Қазақстан», «Адами құндылықтар» ортақ тақырыптары аясында	1А бөлім – Көп таңбалы сандар нумерациясы және олармен амалдар орындау	1.2 Сандармен амалдар орындау	негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау; микрокалькулятордың көмегімен есептеулер жүргізу 4.1.2.8 көп таңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану
		1.3 Шамалар және олардың өлшем бірліктері	4.1.3.1 көлемі болатын нысандар мен кеңістіктік геометриялық фигураларды атау, көлемді өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдау, кубиктермен (1 см3) өлшеу 4.1.3.2 $см^3$, $дм^3$, $м^3$, г, а, мг өлшем бірліктерін қолданып өлшеу 4.1.3.3 шамалар мәндерін мм, см, дм, м, км/ мг, г, кг, ц, т/$см^2$, $дм^2$, $м^2$, га, ар / мл, л, $см^3$, $дм^3$, $м^3$ өлшем бірліктерін салыстыру 4.1.3.4 ұзындық (мм, см, дм, м, км)/масса (мг, г, кг, ц, т)/ аудан ($мм^2$, $см^2$, $дм^2$, $м^2$, г, а)/ көлем ($мм^3$, $см^3$, $дм^3$, $м^3$)/ уақыт (с, мин, сағ, тәул.) өлшем бірліктерін олардың арақатысына сүйеніп түрлендіру 4.1.3.5 уақыт өлшем бірлігінің үлесін табу (мысалы, 1/60 сағ = 1 мин; $^1/_2$ сағ = 30 мин; 1/7 апта= 1 күн) 4.1.3.6 10 000 теңгелік купюраны және түрлі мемлекеттің валюталарын (рубль, евро, доллар) ажырату және түрліше төлем жасау
		4.3 Тізбектер	4.4.3.1 1 000 000-ға дейінгі сандар тізбектерінің заңдылықтарын анықтау
	1В бөлім – Бір таңбалы санға көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.3 көп таңбалы сандармен есептеулер жүргізгенде қосу және көбейтудің қасиеттерін қолдану 4.1.2.4 2-ге, 5-ке, 10-ға бөлінгіштік белгілерге сүйеніп, натурал сандарды топтастыру 4.1.2.5 көп таңбалы сандарды ондық құрамы негізінде ауызша қосу және азайтуды орындау; микрокалькулятордың көмегімен есептеулер жүргізу 4.1.2.6 10, 100, 1000 сандарына қалдықсыз және қалдықпен бөлу 4.1.2.7 екі таңбалы/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға ауызша көбейту мен бөлуді орындау 4.1.2.10 көп таңбалы сандарды бір таңбалы сандарға қалдықпен бөлуді орындау
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	4.4.1.1 жиындар арасындағы қатынастың (тең , қиылысатын, қиылыспайтын жиындар, ішкі жиын) сипатын анықтай білу

	1С бөлім – Жылдамдық, уақыт, арақашықтық	2.1 Санды және әріпті өрнектер	4.2.1.8 бірқалыпты түзу сызықты қозғалыстағы арақашықтық формуласын (s=v •t, t=s: v, v=s:t)
		5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.2 есептерді шығаруда жылдамдық, арақашықтық шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	4.4.1.3 есептерді, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде жиындардың қиылысуы мен бірігуінің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін қолдану
	1D бөлім – Геометриялық фигуралар	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	4.3.1.1 тікбұрышты параллелепипед және олардың элементтерін (төбесі, қабырғалары, қырлары) тану және атау 4.3.1.3 тікбұрышты параллепипед көлемінің формуласын (V=a•b•c) қорыту, шығару, қолдану 4.3.1.4 суретте бейнеленген құрастырылған фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың ауданын анықтау
		5.2 Математика тілі	4.5.2.3 текшені, тік бұрышты параллелепипедті латын алфавитінің бас әріптерімен таңбалау, оларды таңбалануы бойынша оқу
		5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.2 есептерді шығаруда биіктік, ені, ұзындығы, көлемі ұғымдарының өзара тәуелділігін пайдалану
II-тоқсан			
«Мәдени мұра», « Мамандықтар әлемі» ортақ тақырыптары аясында	2А бөлім – Көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.9 санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге бөлу ережесін қолдану 4.1.2.12 нөлмен аяқталатын көп таңбалы сандарды бір таңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмін қолдану
		1.1 Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	4.1.1.5 пайыз бүтіннің жүзден бір бөлігі екенін түсіну; бүтіннің бөліктерін пайызбен жазу 4.1.1.6 бөлімдері бірдей және алымдары бірдей жай бөлшектерді сан сәулесінде салыстыру, дұрыс бөлшек, бұрыс бөлшек, аралас сандарды ажырату 4.1.1.7 бөлімі 10, 100-ге тең жай бөлшектерді ондық бөлшек түрінде жазу, оқу және салыстыру
		4.3 Тізбектер	4.4.3.1 жай бөлшектермен өрнектелген сандар тізбектерінің заңдылықтарын анықтау
		1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.1 бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосу және азайтуды бөлімді сол қалпында қалдырып, сәйкес алымдарды қосу және азайту деп түсіну 4.1.2.14 аралас санды бұрыс бөлшекке және бұрыс бөлшекті аралас санға айналдыру 4.1.2.15 бөлімдері бірдей жай бөлшектерді

			қосу және азайту алгоритмін қолдану 4.1.2.16 пайызды бөлшекке, бөлшекті пайызға түрлендіру
	2B бөлім – Бөлшектер және пайыз	2.1 Санды және әріпті өрнектер	4.2.1.4 бөлімдері бірдей жай бөлшектерді қосу және азайту алгоритмін әріпті теңдік түрінде: $\frac{a}{n}+\frac{b}{n}=\frac{a+b}{n}, \frac{a}{n}-\frac{b}{n}=\frac{a-b}{n}$ көрсету және қолдану 4.2.1.5 бөлшектің негізгі қасиетін әріпті теңдік түрінде: $\frac{a}{n}=\frac{a\cdot k}{n\cdot k}$ $\frac{a}{n}=\frac{a:k}{n:k}$ $k\neq 0$ көрсету және қолдану 4.2.1.6 бөлшек санды өрнектерді салыстыру
		5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.3 бүтіннің бөлігін табуға берілген есептерді талдау және шығару; кері есеп құрастыру, шығару
		5.2 Математика тілі	4.5.2.1 жай бөлшектердің құрылуын, салыстыру, қосу және азайтуды бейнелеу үшін жазық фигуралардың бөлігі және сан сәулесін қолдану 4.5.2.4 пайызды % символымен белгілеуді қолдану, мысалы, 25%
	2C бөлім - Шеңбер, дөңгелек	3.2 Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	4.3.2.2 шеңбер және дөңгелекті радиусы
	2D бөлім- Есептер шығару	5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.2 есептерді шығаруда жұмысқа жіберілген уақыт, атқарылған жұмыс шамаларының өзара тәуелділігін пайдалану 4.5.1.4 белгісізді екі айырым бойынша табуға берілген есептерді талдау және шығару 4.5.1.9 бір-біріне кездесу және қарама-қарсы бағыттағы қозғалысқа берілген есептерді арифметикалық және алгебралық әдіспен шешу
III-тоқсан			
«Табиғи құбылыстар», «Қоршаған ортаны қорғау» ортақ тақырыптары аясында	3A бөлім - Екі таңбалы санға көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.10 көп таңбалы сандарды екі таңбалы санға қалдықпен бөлуді орындау 4.1.2.11 екі таңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану 4.1.2.12 нөлмен аяқталатын көп таңбалы сандарды екі таңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмін қолдану
			4.1.2.10 көп таңбалы сандарды үш таңбалы сандарға қалдықпен бөлуді орындау 4.1.2.11 үш таңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану

	3В бөлім - Үш таңбалы санға көбейту және бөлу	1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.12 нөлмен аяқталатын көп таңбалы сандарды үш таңбалы санға жазбаша көбейту және бөлу алгоритмін қолдану 4.1.2.13 бөлінді мәнінде нөлдер болатын жағдайда көп таңбалы санды бір таңбалы/екі таңбалы/үш таңбалы санға бөлу алгоритмін және кері амал алгоритмін қолдану
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	4.2.1.8 қалдықпен бөлу формуласын (a=b•c+r шығару және қолдану
	3С бөлім– Қозғалысқа, өнімділікке берілген есептер	5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.1 есепті сызба, алгоритм, дөңгелек диаграмма, график түрінде модельдеу 4.5.1.2 есептерді шығаруда егіннің түсімділігі; ауданы мен массасы/ жылдамдық, арақашықтық, уақыт шамаларының өзара тәуелділігін қолдану 4.5.1.9 артынан қуып жету, бір бағыттағы қалып қою қозғалысына берілген есептерді арифметикалық және алгебралық әдіспен шешу
		4.2 Пікірлер	4.4.2.1 математикалық мазмұндағы пікірлер құру, олардың ақиқаттығын немесе жалғандығын анықтау 4.4.2.2 кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуға арналған логикалық есептерді шығару
		4.4 Нысандардың комбинациялары	4.4.4.1 «таңдап алу» әдісімен комбинаторлық есептерді шығару
		3.3 Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты	4.3.3.1 қозғалыстың басталуы мен бағытын пайдалана отырып, нысандар қозғалысы сызбасын құру, сәйкес есептеулер жүргізу 4.3.3.2 нысандардың бастапқы орны мен қозғалыс бағытын (бір-біріне қарама қарсы, бірінен - бірі қарама-қарсы бағытта) анықтау
		2.1 Санды және әріпті өрнектер	4.2.1.8 қуып жету қозғалысы мен бір бағыттағы қалып қою қозғалысына байланысты формуласын шығару және қолдану
		5.2 Математика тілі	4.5.2.5 ақпаратты түсіндіру, салыстыру және мәліметтерді жиынтықтау, қозғалыс графиктерін құру, қозғалысқа арналған есептерге сызба құрастыру
IV- тоқсан			
«Ғарышқа саяхат», «Болашаққа саяхат» ортақ тақырыптары аясында		2.2 Теңдік және теңсіздік. Теңдеу	4.2.2.1 қос теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу 4.2.2.2 39 + 490: k = 46; 230 ×a +40=1000:2; 1/6 + a = 5/6 8/27 – a = 2/27 түріндегі теңдеулерді шешу
			4.2.1.1 санды және әріпті өрнектерді түрлендіру

	4А бөлім – Теңдеу, теңсіздік, өрнектер	2.1 Санды және әріпті өрнектер	4.2.1.2 әріптердің берілген мәндеріндегі бірнеше әріпі бар әріпті өрнектің мәнін табу 4.2.1.3 әріпті өрнектерді құру және есептер шығару барысында қолдану 4.2.1.6 бөлшек санды өрнектерді салыстыру 4.2.1.7 төрт амалдан артық жақшалы және жақшасыз өрнектерде амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	4.4.1.3 есептерді, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешуде жиындардың қиылысуы мен бірігуінің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттерін қолдану
	4В бөлім – Есептер	1.2 Сандармен амалдар орындау	4.1.2.5 микрокалькулятордың көмегімен есептеуді орындау
		5.1 Есептер және математикалық модель	4.5.1.4 шамалар арасындағы тәуелділікке; пропорционал бөлуге берілген есептерді талдау және шығару 4.5.1.5 бүтіннің бөлшегін табу және керісінше бөлшегі бойынша бүтін санды табуға, бүтіннің пайызын және керісінше пайызы бойынша бүтін санды табуға берілген есептерді талдау және шығару 4.5.1.6 әр түрлі құрама есептерді құрастыру, салыстыру, шығару 4.5.1.7 үш-төрт амалмен шығарылатын есептерді модельдеу және түрлі әдіспен шығару, ең тиімді әдісті анықтау 4.5.1.8 теңдеу мен санды өрнек арқылы құрама есепті шығарудың моделін құрастыру
	4С бөлім- Үшбұрыштар. Симметрия	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	4.3.1.1 тік бұрышты үшбұрышты, оның элементтерін (катет, гипотенуза), текше, тікбұрышты параллелепипед және олардың элементтерін (төбесі, қабырғалары, қырлары) тану және атау 4.3.1.2 үшбұрыштарды жіктеу 4.1.3.4 суретте бейнеленген құрастырылған фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың ауданын анықтау 4.3.1.5 жазық фигураларды оське қарағанда симметриялы болатын фигуралармен толықтыру; бұрыштың шамасын табу 4.3.2.1 нүктелі қағазда перпендикуляр түзулер, симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды сызу 4.3.2.2 бұрыштың градустық өлщемі бойынша бұрыштар; екі катеті бойынша тік бұрышты үшбұрыш; тік бұрышты сызғыштың көмегімен түзуге перпендикуляр түзу сызу 4.3.2.3 кеңістіктік геометриялық фигуралардың (пирамида, цилиндр, конус) жазбасын дайындау және олардың моделін құрастыру

			4.3.2.4 симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды бір бірінен ажырату және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру
		4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар	4.4.1.2 түзу сызықтардың, геометриялық фигуралардың қиылысуын көрсету, қиылысу және бірігу аймақтарын белгілеу
		4.3 Тізбектер	4.4.3.2 заңдылықты немесе ережені өзі таңдап, сандар/ сандар тобы тізбектерін құру
		5.2 Математика тілі	4.5.2.4 бұрыштың градустық өлшемін ^{0} символымен, мысалы, 45^0белгілеуді қолдану

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 8 сәуірдегі
№ 266 бұйрығына 7-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 181-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Жаратылыстану» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1. Түсіндірме жазба

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін оқушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру

процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде оқушының өздігінен білімді игеру үшін оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге, өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілдікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану кезінде мүмкін. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану оқушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін оқушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

8. Нақты пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан оқушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

9. Әр пәннің оқу бағдарламаларында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған. Көптілді оқу ортасын құрудағы әр пән қосқан үлесі үш тілде білім беру саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тіл үйретудің негізі болып табылатын коммуникативтік тәсіл әрбір оқу пәнінің түрлі оқу жағдаяттарында білім және білікпен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытудың жетекші қағидаты ретінде қарастырылады.

10. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу/ процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасау керек.

11. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған.

12. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары оқушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

13. Оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар мектепті бітіргеннен кейінгі нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді.

14. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады.

15. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі:

1) білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады.

16. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

17. Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

18. Нақты пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

19. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы оқушыларға базалық білім беру құндылықтарын қалыптастыру үшін негіз болып табылады:

1) «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарына оқушыларды дағдыландырудың негізі

болып табылады. Бұл құндылықтар оқушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

2. «Жаратылыстану» пәнін оқыту мақсаты мен міндеттері

20. «Жаратылыстану» пәнінің маңыздылығы:

1) жаратылыстану ғылымы бойынша білім беру бастауыш мектеп оқушыларын табиғи білімқұмарлықтың дамуына, әлем жайлы ой-өрісінің кеңеюіне, ғылымды түсінудің және қоршаған ортаны тұтастай қабылдаудың дамуына, қоршаған ортаны қорғау және бағалай білу біліктерінің дамуына көмектеседі.

21. Бастауыш мектепте оқушыларға «Жаратылыстану» пәнін оқу және меңгеру келесілерді түсінуге мүмкіндік береді:

1) қоршаған әлемнің күрделілігі мен көп қырлылығын, сондай-ақ табиғи құбылыстар мен процестердің өзара байланысын;

2) өлі және тірі табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен процестердің себептерін;

3) жаратылыстану ғылымы бойынша білімнің адамның көптеген іс-әрекет түрлері үшін маңыздылығын;

4) пәнді оқу қоршаған ортаның түрлі құбылыстары мен нысандары жайлы білімнің жинақталуына және күнделікті өмірде алуан түрлі практикалық және зерттеу әрекеттері арқылы алынған білімнің байланысын түсінудің қалыптасуына көмектеседі.

22. Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасы зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған:

1) гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперименталды берілулер негізінде қорытынды жасау;

2) мәселені анықтау, сұрақтарды дұрыс құру, зерттеу жұмысының жоспарын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, зерттеу жұмысының нәтижесін бағалау және сипаттау, пайымдау, қорытынды шығару;

3) БАҚ хабарламалары мазмұнындағы, Интернет ресурстарындағы, ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі жаратылыстану ғылымындағы ақпараттармен жұмыс: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін айрықшалау және ақпараттың растығын бағалау;

4) өлі және тірі табиғаттағы үрдістердің сипатын, экожүйе компоненттерінің өзара байланысын, адам әрекетінің қоршаған ортаға қалай ықпал ететінін ашуға көмектесетін қарапайым эксперименттер мен бақылаулар жүргізу;

5) өзіндік қарапайым зерттеулердің қорытындыларын түрлі формада ұсыну;

6) жаратылыстану ғылымы саласындағы маңызды жетістіктердің қолданбалы мәнін түсіндіру.

23. «Жаратылыстану» пәні бойынша оқу бағдарламасы негізгі мектептегі «Биология

», «География», «Химия», «Физика» пәндерін оқыту негізін қалауға, алған білімдерін күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғат әлемінде) кездесетін табиғат құбылыстары мен процестерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған.

24. Оқу пәнінің бағдарламасы келесі мақсаттарға жетуге бағытталған:

1) әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан қалыптасқан бейнесі мен жаратылыстану ғылымдарының әдістері туралы білім негіздерін қалыптастыру;

2) жаратылыстанудың техника мен технология дамуына елеулі ықпал еткен маңызды идеяларымен, жетістіктерімен таныстыру;

3) қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру, БАҚ, интернет ресурстары, арнайы және ғылыми-көпшілік әдебиеттерден алынған жаратылыстану ғылымы тұрғысынан және өмірлік маңызды мазмұны бар ақпаратты қабылдау біліктіліктерін қалыптастыру;

4) зияткерлік, шығармашылық қабілеттерді, сын тұрғысынан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;

5) табиғат заңдарын тану және жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін өркениеттің дамуы мен өмір сапасын жақсарту үшін пайдалану мүмкіндігіне сенімділікті тәрбиелеу;

6) күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану.

3. Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

25. Құндылықтарға бағытталған ұстаным. Оқытудағы құндылықтарға бағытталған ұстаным – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған ұстаным оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Құндылықтарға бағытталу – ол тұлғаның өз әрекетінде жекелеген құндылықтарды таңдап алу (құндылықтарда бағдарлану қабілеттілігі) қабілеттілігі (қасиеті), және оларды өзінің әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі. Құндылықтарды жүзеге асыру дегеніміз құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру. Құндылықтардың мәні қоғамда сәтті әрекет ету үшін қажетті ережелерді, дағдыларды, өмір салтын, жүріс-тұрысты қалыптастыруда көрініс табады.

26. Құндылықтар – қоғам қолдайтын және адамдардың көпшілігі мойындайтын белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттер мен өзін-өзі ұстау ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Құндылықтар тұлғаны

ынталанырудың өте маңызды факторы ретінде жүріс-тұрыс пен іс-әрекеттерді бағдарлайды. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы оқып-үйрену - орта білім берудің құндылықтары ретінде белгіленді.

27. Тұлғаға бағытталған тәсіл. Тұлғаға бағытталған тәсілдің мақсаты оқу процесін дараландыру, оқу процесінде тұлғаны, оның жеке психикалық және физиологиялық ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен жүріс-тұрыс уәждерін, әлеуетті қабілеттіліктерін ескере отырып үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу.

28. Іс-әрекеттік тәсіл. Іс-әрекеттік тәсілдің негізгі мазмұны – оқушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіреді, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады. Ол өз кезегінде білімдердің, біліктердің, оқып-үйрену және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың оқу әрекеттері келесі басты санаттар бойынша топтастырылған:«біледі», «түсінеді», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды».

29. Саралап оқыту тәсілі. Саралап оқыту тәсілі - оқу процесін оқушылардың әртүрлі топтарына мамандандырылуын, оқушылардың жеке қабілеттіліктерін ескеру мақсатында әртүрлі топтарға түрлі жағдайларды жасауды көздейді. Саралап оқыту тәсілі әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану - сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады.

30. Коммуникативтік тәсіл. Білім берудегі коммуникативтік тәсіл дегеніміз ақпаратты тарату мен жариялауда, білім, білік және дағдылармен алмасуда екіден асатын адамдардың сөйлеу арқылы атқарылатын әрекеттесу процесі. Коммуникативтік тәсілдің нәтижесі болып тіл арқылы қатынасу қабілеттілігі, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана және қатынас жағдайына сай тиімді қатынас жүріс-тұрысын таңдай отырып, түрлі жағдайларда қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және алмасу қабілеттілігі болып табылады. Коммуникативті тәсілге сәйкес ұйымдастырылған оқу процесі қатынасу икемділікті қалыптастыратын тапсырмаларды және шынайы қатынас жағдайларына сай жұмыс режимдерін (жұптық және топтық жұмыстарды) кіріктіру керек.

31. Ортақ тақырыптар арқылы оқыту. «Жаратылыстану» оқу пәнінің «ортақ тақырыптарының» мазмұны оқушының жақын аймағынан, яғни оның өз іс-әрекетімен тікелей байланысты тақырыптарды оқудан басталады. 6-7 жастағы балалар өз ойын білдіруге, оқу мазмұны бойынша сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап іздеуге үйренуі тиіс.

32. Ойын іс-әрекеттері арқылы оқыту. Оқу процесінде білімді меңгертуде оқу әдісі ретінде ойын іс-әрекетін қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық ойын технологияларының басты элементтері – ойын алдында оқушыларға нақты оқу мақсаты қойылады; ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқу әрекеті ойын ережелеріне бағынады, оқу материалы ойынның құралы болып табылады. Оқушылардың сабақтағы ұжымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған ойын әдісі арқылы, олардың шағын топтың өзге мүшелерінің пікірін сыйлауына, әртүрлі өнімді іс-әрекет негізінде соңғы нәтижені алдын-ала көре білуіне, өздік іс-әрекетін жоспарлауына, мақсатқа жету амалдарын таңдауына мүмкіндік беріледі.

33. Жобалық тәсіл. Оқу жобасы – оқушының немесе оқушылар тобының ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешу жөніндегі нәтижелерге қол жеткізуіне бағытталған оқу-танымдық әрекеті. Ортақ мақсатымен, келісілген әдістер мен іс-әрекеттердің реттілігімен, кеңейтілген шешімдер мен белгілі тәсіл бойынша рәсімделген нәтижелермен сипатталады. Бұл әдіс білім алушының өз алдына жеке проблема қойып, оны шешудің өзіндік жолдарын табуымен сипатталады. Бастауыш мектепте жобалау әдісі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бірақ, жобалау іс-әрекетінің алгоритімі (жоба – мұғалімнің көмегімен білім алушының маңызды проблеманы шешудегі өзбетіндік іс-әрекет кешені) толығымен сақталады. Бөлім мазмұнымен танысу аясында білім алушылардың ұжымдық/топтық жобалар бойынша жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады. Жобалық жұмыстарды ұйымдастыру сабақпен шектелмейді, сондықтан да сабақ-сабақтан тыс интеграцияда қарастырылады.

34. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың жұмыс барысында, бос уақыттарында және коммуникацияда сенімді және шығармашылықпен қолдана білуін қамтамасыз етеді. Бұл құзыреттілік АКТ-ның негізгі дағдылары арқылы қалыптасады;

2) оқушылар өздерінің АКТ-ны қолдану дағдыларын барлық пәндерге арналған білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында дамытады. Яғни, АКТ-ны пайдалана отырып ақпаратты табу, құру, мәліметтер мен ой түйіндерімен бөлісе және алмаса отырып құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдалану арқылы өз жұмысын бағалайды және жетілдіреді;

3) бұл «Жаратылыстану» пәні бағдарламасында төмендегідей жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылады:

БАҚ және мультимедиялық құралдарды пайдалану;
дерекқордан және интернеттен ақпаратты іздеу;

сандық, интернет жүйелері арқылы алынған ақпараттарды таңдап, өңдеу және оның нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай алу;

сандық, мәтіндік және визуалдық ақпаратпен және дерекқормен, оның ішінде гиперсілтемелерді, электрондық кестелерді, графикалық және басқа қосымшаларды пайдаланып жұмыс істеу арқылы мәліметті жүйелеу;

ақпаратты құру және өңдеуде АКТ-ы пайдалану;

заңдылықтар мен тенденцияларды зерттеу; модельдер мен модельдеуді пайдалану мүмкіндіктерін зерделеу, сонымен қатар жылжымайтын және қозғалыстағы бейнелерді, дыбыстарды және мәтіндерді мультимедиалық таныстырылымдар құру үшін біріктіру;

басқа нұсқаларды зерделеуде, нақтылауда және нәтижелерді жақсартуда сандық ақпараттың икемділігін толығымен пайдалану;

электрондық байланысқа, он-лайн форумдарға, виртуалдық оқыту орталарына қатысу арқылы, басқа оқушылармен және мұғалімдермен әртүрлі байланыс арнасы бойынша ынтымақтастықта болып қарым-қатынас жасау және ақпарат алмасу;

интерактивті тақтаны белсенді оқытуға техникалық қолдау көрсету мақсатында қолдану;

аяқталған жұмысты мектеп шеңберінде және өзге орталарда мультимедиялық таныстыру.

4. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

35. «Жаратылыстану» пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

36. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысына негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

37. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

38. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз өткізіледі, оқушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

39. Жиынтық бағалау белгілі оқу мерзімінде оқу блогын оқып бітіргенде өткізіледі, оқушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін колданылады.

5. «Жаратылыстану» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

40. Оқу жүктемесін бөлу:

1-кесте

Сынып	Апталық жүктеме	Жылдық сағат саны
1	1	33
2	1	34
3	2	68

4	2	68

41. Пән мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған:

1) оқу бөлімдері әрі қарай жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады. Әр бөлімше ішінде дәйектілікпен ұйымдастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және оқушылар жетістігін бағалауға, сондай-ақ, оларды оқудың келесі кезеңдері жөнінде ақпараттандыруға мүмкіндік береді:

2-кесте

№	Бөлімдер	Бөлімшелер
1	Мен - зерттеушімін	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі
		1.2 Табиғатты тану әдістері
2	Тірі табиғат	2.1 Өсімдіктер
		2.2 Жануарлар
		2.3 Адам
3	Заттар және олардың қасиеттері	3.1 Заттардың типтері
		3.2 Ауа
		3.3 Су
		3.4 Табиғат ресурстары
4	Жер және Ғарыш	4.1 Жер
		4.2 Ғарыш
		4.3 Кеңістік және уақыт
5	Табиғат физикасы	5.1 Күш және қозғалыс
		5.2 Жарық
		5.3 Дыбыс
		5.4 Жылу
		5.5. Электр
		5.6 Магнетизм

2) бағдарламада «Оқу мақсаттары» төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді . Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.4. кодында «1» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «4» - оқу мақсатының реттік саны.

42. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) 1-бөлім «Мен – зерттеушімін»:

3-кесте

Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1. Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	1.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары, процестері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру	2.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары, процестері мен нысандарын зерделеуге қажетті жағдайлар мен тұлғалық қасиеттерді анықтау	3.1.1.1 өте маңызды ғылыми жаңалықтар мен олардың адамның күнделікті өміріне әсері туралы әңгімелеу	4.1.1.1 өз толғаныстары негізінде зерттеулердің өзекті бағыттарын анықтау

1.2. Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзімдер, нәтиже); 2.1.2.3 бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен белгілей білу; 2.1.2.4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытындылар жасау; 2.1.2.6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзімдер, нәтиже); 2.1.2.7 эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кесте түрінде белгілеу	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау; 3.1.2.3 экспериментті жоспарлау және жүргізу; 3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижелерін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытындылар жасау	4.1.2.1 зерттеу әдістерінің (бақылау мен эксперимент) артықшылықтары және кемшіліктері негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4.1.2.2 алынған нәтижелерді оқушы таңдаған формада ұсыну

2) 2-бөлім «Тірі табиғат»:

4-кесте

Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Өсімдіктер	1.2.1.1 өсімдіктердің негізгі сипаттамаларын және олардың өмірлік формаларын анықтау; 1.2.1.2 өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажырату; 1.2.1.3 жабайы өсімдіктер мен мәдени өсімдіктерді ажырату; 1.2.1.4 өсімдіктердің тіршілігіне қажетті жағдайларды зерттеу; 1.2.1.5 мәдени өсімдіктерге күтім	2.2.1.1 өсімдіктердің әр түрлі жағдайларда өсу мүмкіндіктерін зерттеу; 2.2.1.2 өсімдіктердің маусымдық өзгерістерін сипаттау; 2.2.1.3 өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттау; 2.2.1.4 мекен ету ортасына байланысты өсімдіктер топтарын салыстыру; 2.2.1.5 өсімдіктердің қоршаған ортаның әртүрлі жағдайларында (ылғал) бейімделу мүмкіндігін түсіндіру 2.2.1.6 өз аймағының	3.2.1.1 өсімдіктердің фотосинтез процесінде оттегіні бөлуін түсіндіру; 3.2.1.2 өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына (жылу, жарық, ылғал) бейімделу тәсілдерін түсіндіру; 3.2.1.3 өз аймағының табиғи қауымдастығын сипаттау; 3.2.1.4 адамзаттың тіршілік іс-әрекеттерінің өсімдіктердің саналуандығына әсерін түсіндіру;	4.2.1.1 қоректік тізбектегі өсімдіктердің рөлін анықтау; 4.2.1.2 өсімдіктің тіршілік циклін сипаттау; 4.2.1.3 тозаңдану нәтижесінде тұқымның түзілуін сипаттау; 4.2.1.4 тұқымның таралу тәсілдерін зерттеу; 4.2.1.5 төменгі және жоғарғы өсімдіктерді

	жасаудың тәсілдерін сипаттау	өсімдіктерін сипаттау; 2.2.1.7 топырақты баптаудың маңызын түсіндіру; 2.2.1.8 өсімдіктерге қамқорлық жасаудың маңыздылығын түсіндіру	3.2.1.5 Қызыл кітаптың сирек кездесетін және жоғалып бара жатқан өсімдіктерді сақтаудағы рөлін анықтау	ажырату; 4.2.1.6 өсімдіктерді қорғау әдістерін ұсыну
2.2 Жануарлар	1.2.2.1 жануарлар мен өсімдіктерді салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылығын анықтау; 1.2.2.2 жабайы және үй жануарларын ажырату; 1.2.2.3 жыл мезгілдерінің ауысуына жануарлардың бейімделуін түсіндіру	2.2.2.1 жануарларды омыртқалыларға және омыртқасыздарға жіктеу; 2.2.2.2 жануарлар класының өкілдерін ажырату: жәндіктер, балықтар, қосмекенділер, бауырмен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер; 2.2.2.3 жануарлардың тіршілік ортасына бейімделуін сипаттау; 2.2.2.4 жануарлардың көбею тәсілдерін түсіндіру; 2.2.2.5 жануарлардың саналуандығын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру	3.2.2.1 жануарлардың типтерін сипаттау; 3.2.2.2 табиғаттағы жануарлардың өзара қарым қатынас түрлерін сипаттау; 3.2.2.3 өсімдіктер мен жануарлар арасындағы өзара байланысты зерттеу; 3.2.2.4 тіршілік ортасындағы өзгерістерге байланысты жануарлар санының өзгеруін түсіндіру; 3.2.2.5 жануарлар санының азаюына ықпал ететін адамның іс-әрекет түрлерін анықтау	4.2.2.1 өз аймағының жануарларын жіктеу; 4.2.2.2 жәндіктердің өмір циклін зерттеу; 4.2.2.3 өсімдік қоректі және жыртқыш жануарларды ажырату; 4.2.2.4 симбиоздық қарым-қатынасқа мысал келтіру; 4.2.2.5 қоректік тізбектегі қарым-қатынас үрдісін түсіндіру; 4.2.2.6 белгілі бір тіршілік ортасындағы қоректік тізбектердің модельдерін құрастыру; 4.2.2.7 жойылу шегінде тұрған жануарларға мысалдар келтіру; 4.2.2.8 ұлттық саябақтар мен қорықтарды құрудың мақсатын түсіндіру
2.3 Адам	1.2.3.1 адам денесінің негізгі бөліктерін және олардың қызметтерін атау; 1.2.3.2 адам өмірінің кезеңдерін сипаттау; 1.2.3.3 адамның өсуі мен дамуы үшін керек қажеттіліктерді анықтау	2.2.3.1 адамның тірек-қимыл жүйесінің қызметін анықтау; 2.2.3.2 дұрыс сымбатты сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; 2.2.3.3 бұлшық ет қысқаруының қозғалыс үшін рөлін түсіндіру; 2.2.3.4 жеке гигиенаның денсаулықты сақтаудағы рөлін анықтау; 2.2.3.5 тістерді күтудің денсаулықты сақтаудағы маңызын анықтау	3.2.3.1адамның ішкі ағзаларының орналасуын анықтау; 3.2.3.2 энергияны алуда асқорыту жүйесінің рөлін сипаттау; 3.2.3.3 тыныс алу жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 3.2.3.4 қан айналым жүйесін оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 3.2.3.5 адам ағзасының аурулар мен инфекциялардан қорғану	4.2.3. 1 зәр шығару жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 4.2.3.2 жүйке жүйесі және оның адам

			әдіс-тәсілдерін түсіндіру	ағзасындағы рөлін сипаттау

3) 3-бөлім «Заттар және олардың қасиеттері»:

5-кесте

Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Заттардың типтері			3.3.1.1 заттарды пайда болуы және агрегаттық күйі бойынша жіктеу	4.3.1.1 заттардың қолдану шеңберін олардың қасиеттеріне байланысты анықтау; 4.3.1.2 құрастырылған эксперимент жоспарына сәйкес затты алу
3.2 Ауа		2.3.2.2. ауаның кейбір қасиеттерін сипаттау (агрегаттық күйі, түсі, иісі); 2.3.2.3 ауаның кеңістікті толтыру қасиетін және жылу өткізгіштігін зерттеу	3.3.2.1 ауаның құрамын сипаттау; 3.3.2.2 ауаның жануды қолдайтын қасиетін сипаттау;	4.3.2.1 адам өмірінің әр түрлі саласында ауаны пайдаланудың тәсілдерін анықтау; 4.3.2.2 ауаның ластану көздерін анықтау; 4.3.2.3 ауаның тазалығын сақтау тәсілдерін және оны тазарту шараларын ұсыну; 4.3.2.4 ауаның табиғаттағы орын ауыстыру процесін түсіндіру; 4.3.2.5 желдің пайдасы мен зияны туралы мысал келтіру
3.3 Су		2.3.3.1 судың физикалық қасиеттерін анықтау (дәмсіз, иіссіз, белгілі бір формасының болмауы, аққыштығы); 2.3.3.2 судың агрегаттық күйінің өзгеру процесін зерттеу	3.3.3.1 судың тірі ағзаларда және өлі табиғатта кездесетінін түсіндіру; 3.3.3.2.судың негізгі табиғи көздерін салыстыру; 3.3.3.3 ауыз суды қолдануда ұқыптылық танытудың қажеттілігін түсіндіру; 3.3.3.4 суды тазартудың түрлі тәсілдерін ұсыну; 3.3.3.5 суды тазартуға арналған фильтрдің өз моделін ұсыну; 3.3.3.6 судың тіршілік үшін маңыздылығын түсіндіру	4.3.3.1 судың табиғаттағы айналымын сипаттау; 4.3.3.2 атмосфералық жауын-шашынның түзілу процесін сипаттау; 4.3.3.3 судың ластану көздерін анықтау; 4.3.3.4 табиғатта судың ластануына әр түрлі ағзаларға әсерін түсіндіру; 4.3.3.5 түрлі заттардың судағы ерігіштігін зерттеу
			3.3.4.1 кейбір ағзалардың тіршілігі	4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз,

3.4 Табиғат ресурстары		2.3.4.1 табиғи ресурстар түрлерін және көздерін анықтау; 2.3.4.2 табиғи ресурстарды генезисі бойынша жіктеу (табиғи және антропогендік);	үшін топырақтың рөлін түсіндіру; 3.3.4.2 топырақтың негізгі құрамын зерттеу (топырақ, құм, балшық, өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары, су, ауа); 3.3.4.3 топырақтың негізгі қасиеттерін анықтау; 3.3.4.4 топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттеу	әктас, балшық, мұнай, гранит, көмір) қолданылу саласын анықтау; 4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбаларының кен орындарын картадан көрсету; 4.3.4.3 пайдалы қазбаларды сақтаудың және тиімді қолданудың жолдарын ұсыну

4) 4-бөлім «Жер және Ғарыш»:

6-кесте

Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
4.1 Жер	1.4.1.1 Жердің пішінін оның жасанды моделі негізінде анықтау	2.4.1.1 Жер мен Күн арасындағы байланысты түсіндіру; 2.4.1.2 Жердің табиғи серігін анықтау	3.4.1.1 Жер сфераларын түсіндіру және графиктік кескіндеу	4.4.1.1 жер бетінің ірі элементтерін атау және сипаттау
4.2 Ғарыш	1.4.2.1 астрономияны ғарыш туралы ғылым ретінде сипаттау; 1.4.2.2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау; 1.4.2.3 жекелеген ғарыштық денелерді атау және сипаттау	2.4.2.1 Күн жүйесі ғаламшарларының орналасу тәртібін анықтау; 2.4.2.2 Күн жүйесі ғаламшарларын сипаттау	3.4.2.1 ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы әңгімелеу; 3.4.2.2 адамзат дамуындағы ғарыштың маңызын түсіндіру	4.4.2.1 Жердегі тіршілікке ғарыштың әсерін анықтау
4.3 Кеңістік және уақыт	1.4.3.1 уақыттың маңыздылығын түсіндіру; 1.4.3.2 уақытты өлшеу құралдарын анықтау	2.4.3.1 негізгі уақыт өлшем бірліктерін ажырату; 2.4.3.2 ғарыштағы қашықтық пен уақыттың ерекшеліктерін түсіндіру	3.4.3.1 Жердің өз өсінен айналу периодын және оның салдарын түсіндіру	4.4.3.1 Жердің орбиталдық айналуын және оның салдарын түсіндіру; 4.4.3.2 жыл маусымдарын сипаттау

5) 5-бөлім «Табиғат физикасы»:

7-кесте

Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
	1.5.1.1 түрлі денелердің қозғалысынан мысалдар келтіру; 1.5.1.2 қозғалыстың адам өміріндегі және	2.5.1.1 түрлі денелердің әртүрлі жылдамдықпен қозғалысына мысалдар келтіру; 2.5.1.2 жылдамдықты түсіндіруде сапалық сипаттамаларын	3.5.1.1 серпімділік күшін зерттеу және оның білінуіне мысалдар келтіру; 3.5.1.2 ауырлық күшін зерттеу және оның	4.5.1.1 Архимед күшін сипаттау, адам өмірінде және табиғатта кездесуіне

5.1. Күштер және қозғалыс	табиғаттағы маңыздылығын анықтау; 1.5.1.3 қозғалыстың түрлі траекториясын зерттеу, оларды сурет түрінде көрсету	қолдану; 2.5.1.3 қозғалыс тудыратын күштерді зерттеу; 2.5.1.4. массаны анықтауға арналған құралдарды таңдау және пайдалану	білінуіне мысалдар келтіру; 3.5.1.3 үйкеліс күшін зерттеу және оның білінуіне мысалдар келтіру; 3.5.1.4 күштің әсер ету бағытын анықтау	мысалдар келтіру; 4.5.1.2 судағы әр түрлі денелерге әсер ететін Архимед күшін бақылау және болжау
5.2 Жарық	1.5.2.1 жарық пен қараңғыны салыстыру; 1.5.2.2 жарықтың табиғи және жасанды көздерін ажырату; 1.5.2.3 жасанды жарықтың қажеттілігін және оның көздерін анықтау	2.5.2.1 кейбір денелердің жарық өткізгіштік қасиетін зерттеу	3.5.2.1 көлеңкенің пайда болу себептері мен ерекшеліктерін түсіндіру; 3.5.2.2 денелердің жарықты шағылыстыру қабілетін түсіндіру	4.5.2.1 көлеңкенің бөгет өлшеміне және жарық көзінен бөгетке дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу және түсіндіру; 4.5.2.2 жарықтың жұтылуы сияқты қасиетін зерттеу және түсіндіру
5.3 Дыбыс	1.5.3.1 дыбыстың таралуының ерекшеліктерін түсіндіру; 1.5.3.2 дыбыстың табиғи және жасанды көздерін ажырату	2.5.3.1 дауыс қаттылығы бойынша дыбыс көздерін жіктеу	3.5.3.1 дыбыс көзі мен қабылдағыш арасындағы қашықтықтан дыбыс қаттылығының тәуелділігін түсіндіру	4.5.3.1 дыбыстың қаттылығы мен жылдамдығына белгілі бір бөгеттің әсерін зерттеу және түсіндіру
5.4 Жылу	1.5.4.2 жылыту құрылғыларын анықтау	2.5.4.1 түрлі денелердің температурасын өлшеу		4.5.4.1 түрлі материалдардың жылу өткізгіштігін зерттеу
5.5 Электр	1.5.5.1 адамдардың күнделікті өміріндегі электр энергиясының маңызын түсіндіру		3.5.5.1 электр энергиясы көздерін анықтау; 3.5.5.2 қарапайым электр тізбегінің сызбасын жинау; 3.5.5.3 қарапайым электр тізбегін және олардың элементтерін көрсете отырып сызбасын ұсына білу	4.5.5.1 әртүрлі материалдардың электр өткізгіштігін зерттеу
5.6 Магнитизм	1.5.6.1 магниттілік қасиеті бар жекелеген денелерді анықтау; 1.5.6.2 магниттің қасиетін зерттеу	2.5.6.1 магниттерді қолдану аясын сипаттау	3.5.6.1 магнит көмегімен әртүрлі металдардың магниттелу қасиетін зерттеу	

43. Ұзақ мерзімді жоспарлар:

1) 1-сынып:

8-кесте

Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	1.1.1.1 қоршаған орта құбылыстары, процестері мен нысандарын зерттеудің қажеттілігін түсіндіру

1-бөлім. Мен – зерттеушімін («Өзім туралы» ортақ тақырыбы аясында)	1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 қоршаған орта құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
2-бөлім. Тірі табиғат (« Менің мектебім» ортақ тақырыбы аясында)	2.1 Өсімдіктер	1.2.1.1 өсімдіктердің негізгі сипаттамаларын және олардың өмірлік формаларын анықтау; 1.2.1.2 өсімдіктердің негізгі бөліктерін ажырату; 1.2.1.3 жабайы өсімдіктер мен мәдени өсімдіктерді ажырату ; 1.2.1.4 өсімдіктердің тіршілігіне қажетті жағдайларды зерттеу ; 1.2.1.5 мәдени өсімдіктерге күтім жасаудың тәсілдерін сипаттау
	2.2 Жануарлар	1.2.2.1 жануарлар мен өсімдіктерді салыстыру, олардың ұқсастықтары мен айырмашылығын анықтау; 1.2.2.2 жабайы және үй жануарларын ажырату; 1.2.2.3 жыл мезгілдерінің ауысуына жануарлардың бейімделуін түсіндіру
	1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
2-тоқсан		
(«Мен және менің отбасым» ортақ тақырыбы аясында)	2.3 Адам	1.2.3.1 адам денесінің негізгі бөліктерін және олардың қызметтерін атау; 1.2.3.2 адам өмірінің кезеңдерін сипаттау; 1.2.3.3 адамның өсуі мен дамуы үшін керек қажеттіліктерді анықтау
(«Бізді қоршаған әлем» ортақ тақырыбы аясында)	5.1 Күштер және қозғалыс	1.5.1.1 түрлі денелердің қозғалысынан мысалдар келтіру; 1.5.1.2 қозғалыстың адам өміріндегі және табиғаттағы маңыздылығын анықтау; 1.5.1.3 қозғалыстың түрлі траекториясын зерттеу, оларды сурет түрінде көрсету
	1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
3-тоқсан		
4-бөлім. Жер және ғарыш (« Саяхат» ортақ тақырыбы аясында)	4.2 Ғарыш	1.4.2.1 астрономияны ғарыш туралы ғылым ретінде сипаттау ; 1.4.2.2 ғарышты зерттеуге арналған құрылғылар мен ұшу аппараттарын сипаттау; 1.4.2.3 жекелеген ғарыштық денелерді атау және сипаттау
	4.1 Жер	1.4.1.1 Жердің пішінін оның жасанды моделі негізінде анықтау
	4.3 Кеңістік және уақыт	1.4.3.1 уақыттың маңыздылығын түсіндіру; 1.4.3.2 уақытты өлшеу құралдарын анықтау
5-бөлім. Табиғат физикасы (« Дәстүр және ауыз әдебиеті» ортақ тақырыбы аясында)	5.4 Жылу	1.5.4.1 жылыту жабдықтары мен құрылғыларын анықтау
	5.5 Электр	1.5.5.1 адамдардың күнделікті өміріндегі электр энергиясының маңызын түсіндіру
	5.6 Магнитизм	1.5.6.1 магниттілік қасиеті бар жекелеген денелерді анықтау ; 1.5.6.2 магниттің қасиетін зерттеу

	1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру
4-тоқсан		
(«Тағам және сусындар» ортақ тақырыбы аясында) («Дені саудың жаны сау» ортақ тақырыбы аясында)	5.2 Жарық	1.5.2.1 жарық пен қараңғылықты салыстыру; 1.5.2.2 жарықтың табиғи және жасанды көздерін ажырату; 1.5.2.3 жасанды жарықтың қажеттілігін және оның көздерін анықтау
	5.3 Дыбыс	1.5.3.1 дыбыстың таралуының ерекшеліктерін түсіндіру; 1.5.3.2 дыбыстың табиғи және жасанды көздерін ажырату
	1.2 Табиғатты тану әдістері	1.1.2.1 қоршаған әлем құбылыстарына бақылау жүргізу; 1.1.2.2 көрсетілген экспериментті түсіндіру

2) 2-сынып:

9-кесте

Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1-бөлім. Мен – зерттеушімін («Өзім туралы» ортақ тақырыбы аясында)	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	2.1.1.1 қоршаған әлем құбылыстары, үрдістері мен нысандарын зерделеуге қажетті жағдайлар мен тұлғалық қасиеттерді анықтау
	1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзімдер, нәтиже); 2.1.2.3 бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен белгілей білу; 2.1.2.4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытындылар жасау; 2.1.2.6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзімдер, нәтиже); 2.1.2.7 эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кесте түрінде белгілеу
2-бөлім. Тірі табиғат («Өзім туралы» және « Менің отбасым және достарым» ортақ тақырыптары аясында)	2.1 Өсімдіктер	2.2.1.1 өсімдіктердің әр түрлі жағдайларда өсу мүмкіндіктерін зерттеу; 2.2.1.2 өсімдіктердің маусымдық өзгерістерін сипаттау; 2.2.1.3 өсімдіктің негізгі бөліктерінің қызметін сипаттау; 2.2.1.4 мекен ету ортасына байланысты өсімдіктер топтарын салыстыру; 2.2.1.5 өсімдіктердің қоршаған ортаның әртүрлі жағдайларында (ылғал) бейімделу мүмкіндігін түсіндіру; 2.2.1.6 өз аймағының өсімдіктерін сипаттау; 2.2.1.7 топырақты баптаудың маңызын түсіндіру; 2.2.1.8 өсімдіктерге қамқорлық жасаудың маңыздылығын түсіндіру
	2.2 Жануарлар	2.2.2.1 жануарларды омыртқалыларға және омыртқасыздарға жіктеу; 2.2.2.2 жануарлар класының өкілдерін ажырату: жәндіктер, балықтар, қосмекенділер,бауырмен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер; 2.2.2.3 жануарлардың тіршілік ортасына бейімделуін

		с и п а т т а у ; 2.2.2.4 жануарлардың көбею тәсілдерін түсіндіру; 2.2.2.5 жануарлардың саналуандығын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру
	1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзімдер, нәтиже); 2.1.2.3 бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен б е л г і л е й б і л у ; 2.1.2.4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытындылар жасау
2-тоқсан		
2-бөлім. Тірі табиғат («Менің мектебім» ортақ тақырыбы аясында)	2.3 Адам	2.2.3.1 адамның тірек-қимыл жүйесінің қызметін анықтау; 2.2.3.2 дұрыс сымбатты сақтаудың маңыздылығын түсіндіру ; 2.2.3.3 бұлшық ет қысқаруының қозғалыс үшін рөлін т ү с і н д і р у ; 2.2.3.4 жеке гигиенаның денсаулықты сақтаудағы рөлін а н ы қ т а у ; 2.2.3.5 тістерді күтудің денсаулықты сақтаудағы маңызын анықтау
	1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзімдер, нәтиже); 2.1.2.3 бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен б е л г і л е й б і л у ; 2.1.2.4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қ о р ы т ы н д ы л а р ж а с а у ; 2.1.2.6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзімдер, нәтиже); 2.1.2.7 эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кесте түрінде белгілеу
3-бөлім. Заттар және олардың қасиеттері («Туған өлкем» ортақ тақырыбы аясында)	3.2 Ауа	2.3.2.1 іздің ғаламшарымыз үшін ауаның және ауа тазалығын сақтаудың маңыздылығын түсіну; 2.3.2.2 ауаның кейбір қасиеттерін сипаттау (агрегаттық күйі, т ү с і , и і с і) ; 2.3.2.3 ауаның кеңістікті толтыру қасиетін және жылу өткізгіштігін зерттеу
	3.3 Су	2.3.3.1 судың физикалық қасиеттерін анықтау (дәмсіз, иіссіз, белгілі бір формасының болмауы, аққыштығы); 2.3.3.2 судың агрегаттық күйінің өзгеру процесін зерттеу
	1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан, жоспар, мерзімдер, нәтиже); 2.1.2.3 бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен б е л г і л е й б і л у ; 2.1.2.4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қ о р ы т ы н д ы л а р ж а с а у ;

		2.1.2.6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзімдер, нәтиже); 2.1.2.7 эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кесте түрінде белгілеу
3-тоқсан		
3-бөлім. Заттар және олардың қасиеттері («Дені саудың – жаны сау» ортақ тақырыбы аясында)	3.4 Табиғат ресурстары	2.3.4.1 табиғи ресурстар түрлерін және көздерін анықтау; 2.3.4.2 табиғи ресурстарды генезисі бойынша жіктеу (табиғи және антропогендік);
	1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.2 бақылаудың басты белгілерін анықтау (мақсат, нысан , жоспар, мерзімдер, нәтиже);
4-бөлім. Жер және Ғарыш (« Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» ортақ тақырыбы аясында)	4.1 Жер	2.4.1.1 Жер мен Күн арасындағы байланысты түсіндіру; 2.4.1.2 Жердің табиғи серігін анықтау
	4.2 Ғарыш	2.4.2.1 Күн жүйесі ғаламшарларының орналасу тәртібін анықтау ; 2.4.2.2 Күн жүйесі ғаламшарларын сипаттау
	4.3 Кеңістік және уақыт	2.4.3.1 негізгі уақыт өлшем бірліктерін ажырату; 2.4.3.2 ғарыштағы қашықтық пен уақыттың ерекшеліктерін түсіндіру
	1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.4 бақылау жүргізудің жоспарын құру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытындылар жасау;
5-бөлім. Табиғат физикасы («Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» ортақ тақырыбы аясында)	5.1 Күш және қозғалыс	2.5.1.1 түрлі денелердің әртүрлі жылдамдық пен қозғалысына мысалдар келтіру; 2.5.1.2 жылдамдықты түсіндіруде сапалық сипаттамаларын қолдану ; 2.5.1.3 қозғалыс тудыратын күштерді зерттеу; 2.5.1.4 массаны анықтауға арналған құралдарды таңдау және пайдалану
	1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытындылар жасау; 2.1.2.6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат, болжам, ресурстар, жоспар, мерзімдер, нәтиже)
4-тоқсан		
5-бөлім. Табиғат физикасы («Қоршаған орта» және « Саяхат» ортақ тақырыптары аясында)	5.2 Жарық	2.5.2.1 кейбір денелердің жарық өткізгіштік қасиетін зерттеу
	5.3 Дыбыс	2.5.3.1 дауыс қаттылығы бойынша дыбыс көздерін жіктеу
	5.4.Жылу	2.5.4.1 түрлі денелердің температурасын өлшеу
	5.6 Магнитизм	2.5.6.1 магниттерді қолдану аясын сипаттау
	1.2 Табиғатты тану әдістері	2.1.2.1 «ақпарат көзі» ұғымын және оның зерттеу жүргізудегі маңызын түсіндіру; 2.1.2.5 құрылған жоспарға сәйкес бақылау жүргізу және қорытындылар жасау; 2.1.2.6 эксперименттің басты белгілерін анықтау (мақсат,

		болжам, ресурстар, жоспар, мерзімдер, нәтиже); 2.1.2.7 эксперимент жүргізу және оның нәтижелерін кесте түрінде белгілеу

3) 3-сынып:

10-кесте

Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1-бөлім. Мен – зерттеушімін («Өзім туралы» ортақ тақырыбы аясында)	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	3.1.1.1 өте маңызды ғылыми жаңалықтар мен олардың адамның күнделікті өміріне әсері туралы әңгімелеу
	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау; 3.1.2.3 экспериментті жоспарлау және жүргізу; 3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижелерін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытындылар жасау
2-бөлім. Тірі табиғат («Тірі табиғат» және « Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен, жарық-қараңғы» ортақ тақырыптары аясында)	2.1 Өсімдіктер	3.2.1.1 өсімдіктердің фотосинтез процесінде оттегіні бөлуін түсіндіру; 3.2.1.2 өсімдіктердің қоршаған орта жағдайларына (жылу, жарық, ылғал) бейімделу тәсілдерін түсіндіру; 3.2.1.3 өз аймағының табиғи қауымдастығын сипаттау; 3.2.1.4 адамзаттың тіршілік іс-әрекеттерінің өсімдіктердің саналуандығына әсерін түсіндіру; 3.2.1.5 Қызыл кітаптың сирек кездесетін және жоғалып бара жатқан өсімдіктерді сақтаудағы рөлін анықтау
	2.2 Жануарлар	3.2.2.1 жануарлардың типтерін сипаттау; 3.2.2.2 табиғаттағы жануарлардың өзара қарым қатынас түрлерін сипаттау; 3.2.2.3 өсімдіктер мен жануарлар арасындағы өзара байланысты зерттеу; 3.2.2.4 тіршілік ортасындағы өзгерістерге байланысты жануарлар санының өзгеруін түсіндіру; 3.2.2.5 жануарлар санының азаюына ықпал ететін адамның іс-әрекет түрлерін анықтау
	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау; 3.1.2.3 экспериментті жоспарлау және жүргізу; 3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижелерін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытындылар жасау
2-тоқсан		
2-бөлім. Тірі табиғат («Уақыт» ортақ тақырыбы аясында)	2.3 Адам	3.2.3.1адамның ішкі ағзаларының орналасуын анықтау; 3.2.3.2 энергияны алуда асқорыту жүйесінің рөлін сипаттау; 3.2.3.3 тыныс алу жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 3.2.3.4 қан айналым жүйесін оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 3.2.3.5 адам ағзасының аурулар мен инфекциялардан қорғану әдіс-тәсілдерін түсіндіру

	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау
3-бөлім. Заттар және олардың қасиеттері («Сәулет өнері», « Су-тіршілік көзі» ортақ тақырыптары аясында)	3.1 Заттардың типтері	3.3.1.1 заттарды пайда болуы және агрегаттық күйі бойынша жіктеу
	3.2 Ауа	3.3.2.1ауаның құрамын сипаттау; 3.3.2.2 ауаның жануды қолдайтын қасиетін сипаттау
	3.3 Су	3.3.3.1 судың тірі ағзаларда және өлі табиғатта кездесетінін түсіндіру ; 3.3.3.2.судың негізгі табиғи көздерін салыстыру; 3.3.3.3 ауыз суды қолдануда ұқыптылық танытудың қажеттілігін түсіндіру; 3.3.3.4 суды тазартудың түрлі тәсілдерін ұсыну; 3.3.3.5 суды тазартуға арналған фильтрдің өз моделін ұсыну ; 3.3.3.6 судың тіршілік үшін маңыздылығын түсіндіру
	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау;
3-тоқсан		
3-бөлім. Заттар және олардың қасиеттері («Су-тіршілік көзі» ортақ тақырыбы аясында)	3.4 Табиғат ресурстары	3.3.4.1 кейбір ағзалардың тіршілігі үшін топырақтың рөлін түсіндіру ; 3.3.4.2 топырақтың негізгі құрамын зерттеу (топырақ, құм, балшық, өсімдіктер мен жануарлардың қалдықтары, су, ауа) ; 3.3.4.3 топырақтың негізгі қасиеттерін анықтау; 3.3.4.4 топырақтың құнарлылығын құрамына қарай зерттеу
	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау; 3.1.2.3 экспериментті жоспарлау және жүргізу; 3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижелерін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытындылар жасау
4-бөлім. Жер және Ғарыш («Өнер», «Атақты тұлғалар» тақырыбы аясында)	4.1 Жер	3.4.1.1 Жер сфераларын түсіндіру және графиктік кескіндеу
	4.2 Ғарыш	3.4.2.1 ғарышты игерудің кейбір айтулы оқиғалары туралы әңгімелеу ; 3.4.2.2 адамзат дамуындағы ғарыштың маңызын түсіндіру
	4.3 Кеңістік және уақыт	3.4.3.1 Жердің өз өсінен айналу периодын және оның салдарын түсіндіру
	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау;
	5.1 Күштер және қозғалыс	3.5.1.1 серпімділік күшін зерттеу және оның білінуіне мысалдар келтіру; 3.5.1.2 ауырлық күшін зерттеу және оның білінуіне мысалдар келтіру; 3.5.1.3 үйкеліс күшін зерттеу және оның білінуіне мысалдар келтіру ; 3.5.1.4 күштің әсер ету бағытын анықтау

5-бөлім. Табиғат физикасы («Атақты тұлғалар» тақырыбы аясында)	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау; 3.1.2.3 экспериментті жоспарлау және жүргізу; 3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижелерін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытындылар жасау
4-тоқсан		
5-бөлім. Табиғат физикасы «Демалыс мәдениеті, мерекелер» ортақ тақырыбы аясында)	5.2 Жарық	3.5.2.1 көлеңкенің пайда болу себептері мен ерекшеліктерін түсіндіру; 3.5.2.2 денелердің жарықты шағылыстыру қабілетін түсіндіру
	5.3 Дыбыс	3.5.3.1 дыбыс көзі мен қабылдағыш арасындағы қашықтықтан дыбыс қаттылығының тәуелділігін түсіндіру
	5.5 Электр	3.5.5.1 электр энергиясы көздерін анықтау; 3.5.5.2 қарапайым электр тізбегінің сызбасын жинау; 3.5.5.3 қарапайым электр тізбегін және олардың элементтерін көрсете отырып сызбасын ұсына білу
	5.6 Магнитизм	3.5.6.1 магнит көмегімен әртүрлі металдардың магниттелу қасиетін зерттеу
	1.2 Табиғатты тану әдістері	3.1.2.1 ақпарат көзінің түрлерін анықтау; 3.1.2.2 ақпарат көздерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтау; 3.1.2.3 экспериментті жоспарлау және жүргізу; 3.1.2.4 жүргізілген эксперимент нәтижелерін құрылған жоспарға сәйкес диаграмма түрінде көрсету, қорытындылар жасау

4) 4-сынып:

11-кесте

Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1-бөлім. Мен – зерттеушімін («Менің Отаным – Қазақстан » ортақ тақырыбы аясында)	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі	4.1.1.1 өз толғаныстары негізінде зерттеулердің өзекті бағыттарын анықтау
	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеу әдістерінің (бақылау мен эксперимент) артықшылықтары және кемшіліктері негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4.1.2.2 алынған нәтижелерді оқушы таңдаған формада ұсыну
	2.1 Өсімдіктер	4.2.1.1 қоректік тізбектегі өсімдіктердің рөлін анықтау; 4.2.1.2 өсімдіктің тіршілік циклін сипаттау; 4.2.1.3 тозаңдану нәтижесінде тұқымның түзілуін сипаттау; 4.2.1.4 тұқымның таралу тәсілдерін зерттеу; 4.2.1.5 төменгі және жоғарғы өсімдіктерді ажырату; 4.2.1.6 өсімдіктерді қорғау әдістерін ұсыну
		4.2.2.1 өз аймағының жануарларын жіктеу; 4.2.2.2 жәндіктердің өмір циклін зерттеу; 4.2.2.3 өсімдік қоректі және жыртқыш жануарларды ажырату; 4.2.2.4 симбиоздық қарым-қатынасқа мысал келтіру;

2-бөлім. Тірі табиғат («Адами құндылықтар» ортақ тақырыбы аясында)	2.2 Жануарлар	4.2.2.5 коректік тізбектегі қарым-қатынас үрдісін түсіндіру; 4.2.2.6 белгілі бір тіршілік ортасындағы коректік тізбектердің модельдерін құрастыру; 4.2.2.7 жойылу шегінде тұрған жануарларға мысалдар келтіру; 4.2.2.8 ұлттық саябақтар мен қорықтарды құрудың мақсатын түсіндіру
	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеу әдістерінің (бақылау мен эксперимент) артықшылықтары және кемшіліктері негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4.1.2.2 алынған нәтижелерді оқушы таңдаған формада ұсыну
2-тоқсан		
2-бөлім. Тірі табиғат («Мәдени мұра» ортақ тақырыбы аясында)	2.3 Адам	4.2.3.1 зәр шығару жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау; 4.2.3.2 жүйке жүйесі және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау
	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеу әдістерінің (бақылау мен эксперимент) артықшылықтары және кемшіліктері негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4.1.2.2 алынған нәтижелерді оқушы таңдаған формада ұсыну
3-бөлім. Заттар және олардың қасиеттері (« Мамандықтар әлемі» ортақ тақырыбы аясында)	3.1 Заттардың типтері	4.3.1.1 заттардың қолдану шеңберін олардың қасиеттеріне байланысты анықтау; 4.3.1.2 құрастырылған эксперимент жоспарына сәйкес затты алу
	3.2 Ауа	4.3.2.1 адам өмірінің әр түрлі саласында ауаны пайдаланудың тәсілдерін анықтау; 4.3.2.2 ауаның ластану көздерін анықтау; 4.3.2.3 ауаның тазалығын сақтау тәсілдерін және оны тазарту шараларын ұсыну; 4.3.2.4 ауаның табиғаттағы орын ауыстыру процесін түсіндіру; 4.3.2.5 желдің пайдасы мен зияны туралы мысал келтіру
	3.3 Су	4.3.3.1 судың табиғаттағы айналымын сипаттау; 4.3.3.2 атмосфералық жауын-шашынның түзілу процесін сипаттау; 4.3.3.3 судың ластану көздерін анықтау; 4.3.3.4 табиғатта судың ластануына әр түрлі ағзаларға әсерін түсіндіру; 4.3.3.5 түрлі заттардың судағы ерігіштігін зерттеу
	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеу әдістерінің (бақылау мен эксперимент) артықшылықтары және кемшіліктері негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4.1.2.2 алынған нәтижелерді оқушы таңдаған формада ұсыну
3-тоқсан		
3-бөлім. Заттар және олардың қасиеттері («Табиғи	3.4 Табиғат ресурстары	4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас, балшық, мұнай, гранит, көмір) қолданылу саласын анықтау; 4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбаларының кен орындарын картадан көрсету;

құбылыстар» ортақ тақырыбы аясында)		4.3.4.3 пайдалы қазбаларды сақтаудың және тиімді қолданудың жолдарын ұсыну
4-бөлім. Жер және Ғарыш («Қоршаған ортаны қорғау» ортақ тақырыбы аясында)	4.1 Жер	4.4.1.1 жер бетінің ірі элементтерін атау және сипаттау
	4.2 Ғарыш	4.4.2.1 Жердегі тіршілікке ғарыштың әсерін анықтау
	4.3 Кеңістік және уақыт	4.4.3.1 Жердің орбиталдық айналуын және оның салдарын түсіндіру; 4.4.3.2 жыл маусымдарын сипаттау
	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеу әдістерінің (бақылау мен эксперимент) артықшылықтары және кемшіліктері негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4.1.2.2 алынған нәтижелерді оқушы таңдаған формада ұсыну
4-тоқсан		
5-бөлім. Табиғат физикасы (« Ғарышқа саяхат» және « Болашаққа саяхат» ортақ тақырыптары аясында)	5.1 Күш және қозғалыс	4.5.1.1 Архимед күшін сипаттау, адам өмірінде және табиғатта кездесуіне мысалдар келтіру; 4.5.1.2 судағы әр түрлі денелерге әсер ететін Архимед күшін бақылау және болжау
	5.2 Жарық	4.5.2.1 көлеңкенің бөгет өлшеміне және жарық көзінен бөгетке дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу және түсіндіру; 4.5.2.2 жарықтың жұтылуы сияқты қасиетін зерттеу және түсіндіру
	5.3 Дыбыс	4.5.3.1 дыбыстың қаттылығы мен жылдамдығына белгілі бір бөгеттің әсерін зерттеу және түсіндіру
	5.4 Жылу	4.5.4.1 түрлі материалдардың жылу өткізгіштігін зерттеу
	5.5 Электр	4.5.5.1 әртүрлі материалдардың электр өткізгіштігін зерттеу
	1.2 Табиғатты тану әдістері	4.1.2.1 зерттеу әдістерінің (бақылау мен эксперимент) артықшылықтары және кемшіліктері негізінде таңдау себебін түсіндіру; 4.1.2.2 алынған нәтижелерді оқушы таңдаған формада ұсыну

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 8 сәуірдегі
№ 266 бұйрығына 8-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 182-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Дүниетану» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1. Түсіндірме жазба

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұнын және олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін оқушылардың пән салалары бойынша білім және білікті саналы түрде меңгеруіне арналған әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдану, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттерінің тәсілін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдарлану біліктерін меңгеруге бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері қазіргі мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқыту тәсілі пән бойынша оқу бағдарламасының т үбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдар болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Оқытудың қазіргі кезеңінде оқушы өздігімен білімге ие болу барысында оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады. Бұл тәсіл пәндік білім, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге, өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуіне, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірге шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесінде өктемшілікке жол бермей, қатысушылардың барлығының ынтымақтастығы үшін өзара қарым-қатынасында алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану кезінде мүмкін.

8. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану оқушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін шынайы шығармашылық процестегі оқушылардың қарым-қатынас моделіне айналдырады.

9. Нақты пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағдарланған оқу жобалау қызметін

ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан оқушының белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттарына қол жеткізу аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

10. Әр пәннің оқу бағдарламаларында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын) ұйымдастыру қарастырылған. Көптілді оқу ортасын құрудағы әр пәннің үлесі үш тілде білім беру саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тіл үйретудің негізі болып табылатын коммуникативтік тәсіл әрбір оқу пәнінің түрлі оқу жағдаяттарында білім және білікпен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытудың жетекші қағидаты ретінде қарастырылады.

11. Пәннің мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде керек ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттармен және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіруден тұратын оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту үшін тиісті алғышарттар/жағдайлар жасау қажет.

12. Оқу бағдарламасында қалыптастырылған күтілетін нәтижелер оқу пәнінің мазмұнын анықтау негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған.

13. Оқу бағдарламалары мазмұны жағынан оқушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

14. Оқу бағдарламалары нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына және мектепті бітіргендегі нәтижелерге негізделген тәрбие мен оқытудың біртұтастық қағидатын іске асыруға мүмкіндік береді.

15. Оқу бағдарламалары пәндік білім және білікті ғана емес, сонымен қатар, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру бағыттылығымен ерекшеленеді. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі төмендегі кең ауқымды дағдыларды қалыптастыру негізі болып табылады:

1) білімді функционалды және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке жұмыс істей білу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдылар дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектеп бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып

т а б ы л а д ы .

16. Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарды талдау және бағалау, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылықпен қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

17. Нақты пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылық дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

18. Кең ауқымды дағдылармен бірлікте тұлғалық қасиеттерді дамыту оқушыларға базалық білімді меңгертуге негіз болады:

1) «қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік», «құрмет», « ынтымақтастық», «еңбек және шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» білім берудің басты құндылықтарына оқушыларды дағдыландыру негізі болып табылады. Бұл құндылықтар оқушының мінез-құлқын және күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдарлар болуы тиіс.

2. «Дүниетану» оқу пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

19. «Дүниетану» пәнінің оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес негізгі және жоғарғы мектепте қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндерінің кіріктірілген пропедевтикалық курсы ретінде әзірленді.

20. «Дүниетану» – адам, табиғат және қоғам, олардың өзара байланысы мен тәуелділігі жөніндегі білім жүйесін құрайтын кіріктірілген пән. Оқу пәнінің нысандары – адам, табиғат және қоғам, оның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, қарым-қатынас, ұлт, қауымдастық, мемлекет, қоршаған табиғи орта.

21. «Дүниетану» пәні:

1) оқушыларда тұлғалық, қоғамдық және ұлттық сананы, патриотизм мен адамгершілікті қалыптастырады;

2) қоршаған орта туралы ғылыми негіздерді қалыптастырады, тарихи және географиялық тұрғыдан ойлауын дамытуға ықпал етеді;

3) Қазақстанның және бүкіл әлемнің тарихи және қазіргі оқиғалары, олардың себептері, өзгерістері, сабақтастығы, ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы білім қалыптастырады;

4) өткен және қазіргі оқиғалардың тигізетін әсері туралы түсінігін тереңдетеді;

5) өз халқының және өзге халықтардың мәдениетін, дәстүрін сыйлай білу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеу сезімін қалыптастырады;

6) азаматтық құқықтар мен міндеттерді түсінуіне жағдай жасайды;

7) әлеуметтік ортада қоғамдық мінез-құлық нормаларын және қауіпсіздік ережелерін сақтай білу маңыздылығын қамтамасыз етеді.

22. «Дүниетану» пәнінің мақсаты:

1) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан оқушылардың бойында адам, табиғат және қоғамның өзара байланысуы және өзара келісілуі туралы білім жүйесін қалыптастыру.

23. Пәннің міндеттері:

1) оқушыларда қоғам және табиғат құбылыстары мен нысандарының өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы түсініктер қалыптастыру;

2) оқушыларда табиғи, әлеуметтік және технологиялық ортадағы мінез-құлық нормаларын және қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру;

3) оқушыларда табиғи және әлеуметтік шынайылықты тану әдістерін: бақылау, эксперимент, сауалнама тәжірибелерінің қалыптасуын қамтамасыз ету;

4) оқушылардың танымдық әрекетін дамытуды қамтамасыз ету;

5) оқушыларды қазіргі қазақстандық қоғамға тән ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне дағдыландыру;

6) пәнді оқыту арқылы оқушыларда өзін қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына дұрыс қатынастар қалыптастыру.

3. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

24. Оқытудағы құндылықтық-бағдарлық тәсіл – оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдалану тәсілі. Құндылықтық-бағдарлық оқу процесі оқушы тұлғасының құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Құндылықты бағдарлану – тұлғаның өз әрекетінде бағдар ретінде жекелеген құндылықтарды таңдап алу (құндылықтарда бағдарлану қабілеттілігі) қабілеттілігі (қасиеті), сондай-ақ, оларды өзінің әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі. Құндылықтарды жүзеге асыру дегеніміз құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру. Құндылықтардың мәні қоғамда сәтті әрекет ету үшін қажет нормаларды, дағдыларды, өмір салтын, мінез-құлық стилін қалыптастыруда көрініс табады.

25. Құндылықтар – әлеуметтік қолдауға ие және адамдардың көпшілігі мойындайтын белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттер мен мінез-құлық ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы.

Құндылықтар тұлғаны уәждеудің маңызды факторы ретінде мінез-құлық пен іс-әрекеттерді ынталандарады.

26. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының идеялық негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы оқып-үйрену – орта білім беру құндылықтары ретінде белгіленді.

27. Тұлғалық-бағдарлық тәсіл. Тұлғалық-бағдарлық тәсілдің мақсаты оқушының психикалық және физиологиялық дамуының жеке ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен жүріс-тұрыс уәждерін, әлеуетті қабілеттіліктерін ескере отырып оқу процесін дараландыру, оқу процесінде тұлғаны үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу.

28. Іс-әрекеттік тәсіл. Іс-әрекеттік тәсілдің негізгі мазмұны – оқушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіруден, өз оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынудан, оның ережелер жүйесін түсіну мен қабылдаудан, жетілдіруге белсенді қатысудан тұрады, ол өз кезегінде білім, оқу біліктері мен дағдыларын және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың оқу әрекеттері «білу», «түсіну», «талдау», «бағалау», «жинақтау» санаттары бойынша топтастырылған.

29. Саралап оқыту тәсілі. Саралап оқыту тәсілі оқу процесінің білім алушылардың әртүрлі топтары үшін мамандандырылуын, оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру мақсатында түрлі топтарда оқыту үшін түрлі жағдайлар жасауды көздейді. Саралап оқыту тәсілі оқушылардың түрлі топтарының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Сараланған оқу қызметін ұйымдастыру шарты – күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану болып табылады.

30. Коммуникативтік тәсіл. Оқытудағы коммуникативтік тәсіл екі немесе одан артық адамдардың сөйлесу әрекеті процесінде ақпаратты тарату мен жариялау, білім, білік және дағдылармен алмасуды білдіреді. Тіл арқылы қатынасу қабілеттілігі коммуникативтік тәсілдің нәтижесі болып табылады, яғни қарым-қатынастың басқа қатысушыларымен өзара әрекеттесу процесінде тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана білу және қатынас жағдайына сай тиімді коммуникативті мінез-құлықтың, қатынастың ұқсас жағдайын таңдай отырып, ой бөлісу және алмасу. Коммуникативтік тәсілге сәйкес ұйымдастырылған оқу процесі қатынас икемділігін қалыптастыратын тапсырмаларды және шынайы қатынас жағдайларына сай жұмыс режимдерін (жұптық және топтық жұмыстарды) кіріктіруі тиіс.

31. Ортақ тақырыптар арқылы оқыту. «Дүниетану» оқу пәнінің «ортақ тақырыптарының» мазмұны оқушының «жақын аймағынан», яғни оның өз

іс-әрекетімен тікелей байланысты тақырыптарды оқудан басталады. Алты-жеті жастағы балалар өз ойын білдіруге, оқу мазмұны бойынша сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап іздеуге үйренуі тиіс.

32. Ойын арқылы оқыту. Оқу процесінде білімді меңгертуде оқу әдісі ретінде ойынды қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық ойын технологияларының басты элементтері – ойын алдында оқушыларға нақты оқу мақсаты қойылады; ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқу әрекеті ойын ережелеріне бағынады, оқу материалы ойын құралы болып табылады. Оқушылардың сабақтағы ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыруға бағытталған ойын әдісі арқылы олардың шағын топтың өзге мүшелерінің пікірін сыйлау, әртүрлі нәтижелі іс-әрекет негізінде соңғы нәтижені алдын-ала көре білу, өздігімен іс-әрекетті жоспарлау, мақсатқа жету амалдарын таңдау мүмкіндігі беріледі.

33. Жобалау тәсілі. Оқу жобасы – оқушының немесе оқушылар тобының ғылыми-зерттеу, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешу жөніндегі нәтижелерге қол жеткізуіне бағытталған оқу-танымдық әрекеті. Ортақ мақсатымен, келісілген әдістер және іс-әрекеттердің реттілігімен, кеңейтілген шешімдер мен белгілі тәсіл бойынша рәсімделген нәтижелермен сипатталады. Бұл әдіс білім алушының өз алдына жеке проблема қойып, оны шешудің өзіндік жолдарын табуымен сипатталады. Бастауыш мектепте жобалау әдісі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бірақ, жобалау іс-әрекетінің алгоритмі (жоба – мұғалімнің көмегімен білім алушының маңызды проблеманы шешудегі өзіндік іс-әрекеті) толығымен сақталады. Бөлім мазмұнымен танысу аясында білім алушылардың ұжымдық/топтық жобалар бойынша жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады. Жобалық жұмыстар сабаққа бөлінген сағаттармен ғана шектелмейді, сондықтан сабақтан тыс интеграция да қарастырылады.

34. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі негізгі АКТ-дағдыларда құрылады және технологияларды жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін дұрыс және шығармашылықпен пайдалана білуден тұрады;

2) оқушылар барлық пәндер бойынша оқу процесінде құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдалана отыра, ақпаратты табу, жасау және онымен жұмыс жасай отыра, ынтымақтастықта, мәліметтермен және идеялармен алмаса отыра, өз жұмысын бағалай және жетілдіре отыра АКТ пайдалану дағдыларын дамытады;

35. «Дүниетану» пәні бағдарламасында ол төмендегі жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылады:

1) БАҚ және мультимедиялық ресурстарды пайдалану;

2) ақпаратты дерекқордан және интернеттен іздеу;

3) сандық және Интернет-дереккөздер арқылы алынған ақпараттарды таңдау, өңдеу

және оның нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай білу;

4) есептік, мәтіндік және көретін ақпаратты және дерекқормен, оның ішінде гиперсілтемелерді, электрондық кестелерді, графикалық және басқа қосымшаларды пайдаланып жұмыс істеу арқылы мәліметтерді қабылдау, іріктеу және жүйелей білу;

5) ақпаратты құрастыруда және өңдеуде АКТ пайдалану;

6) заңдылықтар мен үрдістерді зерттеу; модельдер мен модельдеуді пайдалану, сонымен қатар, жылжымайтын және қозғалыстағы бейнелерді, дыбыстарды және мәтіндерді мультимедиялық таныстырылымдар құру үшін біріктіру мүмкіндіктерін зерделеу;

36. Сандық ақпараттың икемділігін басқа нұсқаларды зерделеуде, нақтылауда және нәтижелерді жақсартуда толығымен пайдалану;

1) электрондық байланысқа, он-лайн форумдарға, виртуалдық оқыту орталарына қатысу арқылы басқа оқушылармен және мұғалімдермен түрлі байланыс арналары бойынша ынтымақтастық қарым-қатынас жасау және ақпарат алмасу;

2) оқытудың белсенді түрлеріне техникалық қолдау көрсету мақсатында интерактивті тақтаны қолдану;

3) аяқталған жұмысты мектеп шеңберінде және өзге орталарда мультимедиялық таныстыру.

4. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

37. «Дүниетану» пәнінің оқыту нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

38. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысына негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

39. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

40. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіледі, оқушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

41. Жиынтық бағалау оқытудың белгілі мерзімінде оқу блогын оқып бітіргенде өткізіледі, оқушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық баға қою үшін қолданылады.

5. «Дүниетану» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

42. Оқу жүктемесін бөлу:

1-кесте

Сынып	Аптадағы сағат саны	Жылдық сағат саны
1	1	33

2	1	34
3	1	34
4	1	34

43. Оқу пәнінің мазмұны:

1) пән бойынша білім мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Оқу бөлімдері одан әрі жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін күтілетін нәтижелер түріндегі: білік немесе дағды, білім немесе түсініктен тұрады. Әрбір бөлімше ішінде бірізді ұйымдастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ, оларды оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді:

2-кесте

№	Бөлім	Бөлімше
1	Мен және қоғам	1.1 Мен және менің отбасым
		1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы
		1.3 Менің атамекенім
		1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік
		1.5 Құқық және міндет
		1.6 Мерекелер
2	Елімнің табиғаты	2.1 Жергілікті жерде бағдарлану
		2.2 Ауа райы және климат
		2.3 Табиғат жағдайлары және олардың әсері
		2.4 Туризм
3	Тарих толқынында	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер
		3.2 Қазақстанның тарихи тамыры
		3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар
		3.4 Атақты тарихи тұлғалар мен мәдениет қайраткерлері
		3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм

2) бағдарламада оқу мақсаттарын пайдалану ыңғайлылығы үшін код енгізілді. Код бойынша бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар –бөлімшенің, төртінші сан - оқу мақсатының реттік санын білдіреді. Мысалы, 1.2.1.4 кодировкасында: «1» – сынып, «2.1.» – бөлімше, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

44. Оқыту мақсаттарының жүйесі. Оқыту мақсатының мазмұны пәндік сипаттағы білімі мен білігін ғана емес, сонымен қатар оны нақты тәжірибеде қолдануды, АКТ-ны пайдалану, пәнаралық және сабақаралық байланысты іске асыруды, сөйлеу қызметінің түрлерін және коммуникативті дағдыларды дамытуды қарастырады:

1) «Мен және қоғам»:

3-кесте

Тақырып	1 -сынып	2 -сынып	3-сынып	4-сынып
	Оқушы:			

1.1 Менің отбасым	1.1.1.1 түрлі дереккөздерді зерттеу негізінде «Отбасы» ұғымын түсіну және мәнін түсіндіру; 1.1.1.2 отбасы мүшелеріне қатысты туыстық байланыстар жүйесіндегі өз орнын анықтау 1.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қамқорлықтың маңызын түсіндіріп, мысал келтіру 1.1.1.4 тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлерін түсіндіру; 1.1.1.5 тұтыну заттарына деген өз қажеттіліктерінің құрылымын, олардың қайдан келетінін анықтау	2.1.1.1 отбасылық мұрағат негізінде отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасау; 2.1.1.2 мысалдар келтіре отырып, өз отбасындағы әдеп нормаларын түсіндіру; 2.1.1.3 түрлі дереккөздерді зерттеу арқылы жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтау; 2.1.1.4 бақылау мен сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың түсу көзін анықтау	3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру; 3.1.1.2 әулет шежіресін құрастыру; 3.1.1.3 өз әулетінің құндылықтарын анықтау; 3.1.1.4 өз шығындарын жоспарлау және негіздеу; 3.1.1.5 өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну	4.1.1.1 отбасының қоғам өміріндегі маңызын дәлелдеу; 4.1.1.2 отбасы мүшелерінің функционалдық рөлін талдау; 4.1.1.3 отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстарын талдау; 4.1.1.4 отбасы бюджетін оңтайландыру жолдарын ұсыну
1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы	1.1.2.1 мектептің адам өміріндегі маңызын түсіндіру; 1.1.2.2 мектептегі функционалдық аймақтардың орналасқан жерін анықтау; 1.1.2.3 мектептегі тәртіп ережелерін сақтау маңыздылығын түсіндіру; 1.1.2.4 күн тәртібін сақтаудың маңызын түсіндіру және күн тәртібін құрастыру; 1.1.2.5 тәулік уақыты мен апта күндерінің атауларын қолдану; 1.1.2.6 өзін мектеп оқушысы және сынып ұжымының мүшесі ретінде сипаттау	2.1.2.1 мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін түсіндіру; 2.1.2.2 мектеп қауымдастығының құрылымын және мүшелерінің қызметін анықтау; 2.1.2.3 мектеп қауымдастығындағы ұжымдық, топтық және тұлғааралық мінез-құлық нормаларын түсіндіру; 2.1.2.4 өз сыныбын сипаттау	3.1.2.1 сыныптың өзін-өзі басқару ережелерін түсіндіру және өз нұсқасын ұсыну; 3.1.2.2 түрлі көзқарастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдарын түсіндіру; 3.1.2.3 қоғамда өзін өзі ұстау әдеп нормаларын түсіндіру; 3.1.2.4 өз тәжірибесінен мысал келтіре отырып, адамдар арасындағы достықтың маңыздылығын дәлелдеу	4.1.2.1 мектептің өзін-өзі басқару ұйымына мүше болу жолдарын түсіндіру; 4.1.2.2 оқушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтау
	1.1.3.1 өз мекен-жайын атау және елді мекенінің географиялық орналасқан жерін сипаттау; 1.1.3.2 өзі тұратын елді	2.1.3.1 өз зерттеулеріне сүйене отырып, тұратын жерінің көрікті жерлерін сипаттау және бейнелеу; 2.1.3.2 Қазақстан	3.1.3.1 елді мекендерді түрлі белгілері бойынша ажырату (типі, көлемі, қызметі);	4.1.3.1 түрлі дәрежедегі әкімшілік-аумақтық бірліктерді (аймақ, аудан, облыс) ажырату; 4.1.3.2 түрлі

1.3 Менің атамекенім	мекеннің басты көшесін, ғимараттарын және көрнекі жерлерін сипаттау	картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын көрсету	3.1.3.2 қала мен ауылдың байланысын зерттеу, мысалдар келтіру	дереккөздерге негізделе отырып, өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама беру
1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	1.1.4.1 жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру; 1.1.4.2 тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру; 1.1.4.3 үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру; 1.1.4.4 жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін түсіндіру; 1.1.4.5 үй мен мектеп арасындағы қауіпсіз маршрут жоспарын құрастыру; 1.1.4.6 шұғыл көмек қызметтерін білу және олармен хабарласу жағдайларын анықтау	2.1.4.1 түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау; 2.1.4.2 күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орындарда) қауіпсіздік ережелерін түсіндіру; 2.1.4.3 көлік түрлерін, олардың қажеттілігін ажырату; 2.1.4.4 қоғамдық көліктегі өзін өзі ұстау ережелерін түсіндіру	3.1.4.1 тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсету; 3.1.4.2 спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтау; 3.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау; 3.1.4.4 табиғи ортадағы өзінің қауіпсіздігін жоспарлау	4.1.4.1 спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану себептерін зерттеу; 4.1.4.2 спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қаупін азайту және алдын алу әдістерін ұсыну; 4.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде жасанды ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау; 4.1.4.4 жасанды ортадағы өз қауіпсіздігін жоспарлау
1.5 Құқық және міндет		2.1.5.1 өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату; 2.1.5.2 қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңызын түсіндіру	3.1.5.1 Қазақстан Республикасы Конституциясының маңызын түсіндіру	4.1.5.1 Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы туралы қорытындылар жасау; 4.1.5.2 Қазақстан Республикасының азаматы ретінде демократиялық құқықтары мен бостандықтарынан, міндеттерінен мысалдарын келтіру;
1.6 Мерекелер	1.1.6.1 отбасылық мерекелердің бірін сипаттау	2.1.6.1 таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің мәнін түсіндіру	3.1.6.1 зерттеулер негізінде Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрде ұсыну	4.1.6.1 зерттеулер негізінде кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылық түрде таныстыру

2) «Елімнің табиғаты»:

4-кесте

Тақырып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Жергілікті жерде бағдарлану	1.2.1.1 жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтау 1.2.1.2 табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру	2.2.1.1. тұсбағдардың көмегімен көкжиек бағыттарын анықтау	3.2.1.1. астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтау; 3.2.1.2 масштаб пен шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құру	4.2.1.1. нысанның басқа нысандарға қатысты орнын анықтау; 4.2.1.2 глобус пен карталардың қолану аясын, олардан негізгі нысандарды көрсете білу; 4.2.1.3 глобус пен картадан параллельдерді, меридиандарды, экваторды көрсете білу
2.2 Климат және ауа райы	1.2.2.1 ауа райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтау	2.2.2.1 ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және кері әсерін талдау	3.2.2.1 Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау; 3.2.2.2 ауа райы мен климаттың қолайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру	4.2.2.1 адамзат дамуына климаттың әсерін талдау
2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	1.2.3.1 жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау	2.2.3.1 ірі табиғи нысандардың (тау, жазық, көлдер мен өзендер) шаруашылық маңызын анықтау; 2.2.3.2 зерттеу негізінде өз өңіріндегі табиғи жағдайлардың (жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) оң және кері тұстарын талдау; 2.2.3.3 табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу	3.2.3.1 адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары); 3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін өзі ұстау ережелерін құрастыру	4.2.3.1 өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдау; 4.2.3.2 зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи

				апаттар туындауы ықтималдылығын болжау
2.4 Туризм	1.2.4.1 туризмнің мәнін түсіндіру; 1.2.4.2 туристердің негізгі мақсаттарын анықтау	2.2.4.1 туризмнің негізгі түрлерін ажырату; 2.2.4.2 зерттеу негізінде Қазақстанда туризмнің түрлерін дамытуға қолайлы нысандарды анықтау; 2.2.4.3 туристік нысандардың ерекшеліктерін сипаттау.	3.2.4.1 Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандарының рейтингін жасау	4.2.4.1 ақпараттың қолжетімді көздерін (интернет, кітаптар, БАҚ) пайдалана отырып, Қазақстан мен Астана бойынша туристік маршрут құру

3) «Тарих толқынында»:

5-кесте

Тақырып	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	1.3.1.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу; 1.3.1.2 ежелгі заманның танымал тарихи ескерткіштері/ жәдігерлері туралы әңгімелеу	2.3.1.1 көрнекі материалдар негізінде иемденуші және өндіруші шаруашылық арасындағы айырмашылықты анықтау; 2.3.1.2 түрлі дереккөздерді зерделеу арқылы көне қалалар мен ескерткіштерді сипаттау	3.3.1.1 көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін түсіндіру; 3.3.1.2 тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығын түсіндіру	4.3.1.1 түрлі дереккөздер негізінде тарихи кезеңдердегі технологиялық прогресті анықтау; 4.3.1.2 тарихи мұражайлардың қызметін түсіндіру; 4.3.1.3 мұражайдың өзіндік жобасын ұсыну
3.2 Қазақстанның тарихи тамыры	1.3.2.1 көрнекі материалдар негізінде сақтардың өмір салтын сипаттау	2.3.2.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ғұндардың өмір салтын сипаттау	3.3.2.1 түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтау	4.3.2.1 түрлі дереккөздер негізінде қазақ халқының шығу тарихын түсіндіру 4.3.2.2 сақтар, ғұндар, түркілер және қазақтар арасындағы байланысты графикалық түрде бейнелеу
3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар	1.3.3.1 Қазақстан аумағындағы көне жазулар туралы баяндау; 1.3.3.2 түрлі материалдарды, әдістер мен құралдарды пайдалана отырып көне жазуларды бейнелеу	2.3.3.1 Ботай мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау	3.3.3.1 Қазақ хандығының құрылу себептерін түсіндіру	4.3.3.1 Қазақстанның XX-XXI ғасырлардағы жетістіктерін (мәдениет, ғылым, білім, экономика) түсіндіру
			3.3.4.1 тарихи мысалдар негізінде хандар,	

3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері	1.3.4.1 дереккөздерді зерделеу арқылы Томирис туралы әңгімелеу	2.3.4.1 Әл-Фарабидің ғылымның дамуына қосқан үлесі туралы әңгімелеу	батырлар мен билердің рөлін түсіндіру; 3.3.4.2 тарихи мысалдар негізінде қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғалардың рөлін шығармашылық түрде көрсету	4.3.4.1 шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің өмірбаяндық мәліметтеріне сүйене отырып, елімізге сіңірген еңбегі туралы қорытынды жасау
3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм	1.3.5.1 Қазақстан Республикасының рәміздерін өзге елдердің рәміздерінен ажырату; 1.3.5.2 тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы әңгімелеу; 1.3.5.3 Қазақстан астанасы туралы шығармашылық жұмыстарды таныстыру	2.3.5.1 Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің мәнін түсіндіру; 2.3.5.2 бақылаулар негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтау; 2.3.5.3 Қазақстан халықтары достығының маңыздылығын түсіндіру	3.3.5.1 Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсіндіру (« Алтын адам», «Бәйтерек » монументі, «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы); 3.3.5.2 Тұлғаның, отбасының, қоғам мен мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлін түсіндіру	4.3.5.1 Зерттеулер негізінде «Қазақстан» атауымен байланысты мағыналық ассоциациялар қатарын (ұлттық бренд) ұсыну; 4.3.5.2 Қазақстанның әлемдік сахнадағы рөлін анықтау

45. Ұзақ мерзімді жоспарлар:

1) 1-сынып:

6-кесте

Ортақ тақырып	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1. Өзім туралы	1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы	1.1.2.6 өзін мектеп оқушысы және сынып ұжымының мүшесі ретінде сипаттау
	1.1 Мен және менің отбасым	1.1.1.5 тұтыну заттарына деген өз қажеттіліктерінің құрылымын, олардың түсу көзін анықтау
		1.1.2.4 күн тәртібін сақтау маңызын түсіндіру және күн тәртібін құру
		1.1.2.5 тәулік уақыты мен апта күндерінің атауларын қолдану
		1.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қамқорлықтың маңызын түсіндіріп, мысал келтіру
		1.1.2.1 мектептің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру
		1.1.2.6 өзін мектеп оқушысы және сынып ұжымының мүшесі ретінде сипаттау
		1.1.4.3 үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру

2. Менің мектебім	1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы	1.1.4.4 жолда жүру тәртібін, жаяу жүргіншілердің қозғалысын реттейтін жол белгілерінің мәнін түсіндіру
		1.1.2.2 мектептегі функционалдық аймақтардың орналасқан жерін анықтау
		1.1.2.3 мектептегі тәртіп ережелерін сақтау маңыздылығын түсіндіру
2-тоқсан		
3. Менің отбасым және достарым	1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы	1.1.2.3 мектептегі тәртіп ережелерін сақтау маңыздылығын түсіндіру
	1.1 Мен және менің отбасым	1.1.1.1 түрлі дереккөздерді зерттей отырып, «отбасы» ұғымын түсіну және мәнін түсіндіру
		1.1.1.2 отбасындағы өзге мүшелерге қатысты өзінің туыстық байланыстар жүйесіндегі орнын анықтау
		1.1.6.1 отбасылық мерекелердің бірін сипаттау
		1.1.1.3 отбасы мүшелерінің арасындағы қамқор қарым-қатынастың маңызын түсіндіріп, мысалдар келтіру
	1.3 Менің атамекенім	1.1.3.1 өз мекенжайын атау және елді мекенінің географиялық орналасқан жерін сипаттау
	1.1 Мен және менің отбасым	1.1.1.5 тұтыну заттарына деген өз қажеттіліктерінің құрылымын, олардың өндіру көзін анықтау
4. Бізді қоршаған орта	2.1 Жергілікті жерде бағдарлану	1.2.1.1 жергілікті белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтау
	1.3 Менің атамекенім	1.1.3.1 өз мекенжайын атау және елді мекенінің географиялық орналасқан жерін сипаттау
		1.1.3.2 өзі тұратын елді мекеннің басты көшесін, ғимараттарын және көрнекі жерлерін сипаттау
	2.2 Климат және ауа-райы	1.2.2.1 ауа-райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтау
		1.2.3.1 жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау
3-тоқсан		
5. Саяхат	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	1.3.1.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу
	3.2 Қазақстанның тарихи тамырлары	1.3.2.1 көрнекі материалдар негізінде сақтардың өмір салтын сипаттау
		1.3.4.1 дереккөздерді зерделеу арқылы Томирис туралы әңгімелеу
	2.4 Туризм	1.2.4.1 туризмнің мәнін түсіндіру
		1.2.4.2 туристердің негізгі мақсаттарын анықтау
	3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм	1.3.5.3 Қазақстан астанасы туралы шығармашылық жұмыстарды таныстырады
	3.2 Қазақстанның тарихи тамыры	1.3.2.1 көрнекі материалдар негізінде сақтардың өмір салтын сипаттау
		1.3.5.2 тәуелсіз мемлекеттің негізгі белгілері туралы әңгімелеу

6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм	1.3.5.1 Қазақстан Республикасының рәміздерін өзге елдердің рәміздерінен ажырату
	3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар	1.3.3.1 Қазақстан аумағындағы көне жазулар туралы білу
		1.3.3.2 түрлі материалдарды, әдістер мен құралдарды пайдалана отырып көне жазуларды бейнелеу
	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	1.3.1.2 ежелгі заманның танымал тарихи ескерткіштері/жәдігерлері туралы әңгімелеу
	3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм	1.3.5.3 Қазақстан астанасы туралы шығармашылық жұмыстарды таныстыру
4-тоқсан		
7. Тағам және сусындар	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	1.1.4.2 тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру
	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	1.3.1.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ежелгі адамдардың өмірі туралы әңгімелеу
	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	1.1.4.1 жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру
		1.1.4.2 тамақтану режимін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру
	1.1 Мен және менің отбасым	1.1.1.4 тауар-ақша қатынасының қарапайым түрлерін түсіндіру
		1.1.1.5 тұтыну заттарына деген өз қажеттіліктерінің құрылымын, олардың өндіру көзін анықтау
8. Дені саудың – жаны сау	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	1.1.4.1 жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын түсіндіру
		1.1.4.3 үйдегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіру
		1.1.4.6 шұғыл көмек қызметтерін біледі және олармен хабарласу жағдайларын анықтау
	2.1 Жергілікті жерде бағдарлану	1.2.1.2 табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін сақтаудың қажеттілігін түсіндіру

2) 2-сынып:

7-кесте

Ортақ тақырып	Бағдарлама бөлімшелері	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
1. Өзім туралы	1.1 Менің отбасым	2.1.1.1 отбасылық мұрағат негізінде отбасы мүшелерінің ауызша портретін жасау
		2.1.1.2 мысалдар келтіре отырып, өз отбасындағы әдеп нормаларын түсіндіру
		2.1.1.3 түрлі дереккөздерді зерттеу арқылы жалпыға ортақ әдеп нормаларын анықтау
		2.1.1.4 бақылау мен сауалнама негізінде тұтыну заттарына деген отбасы қажеттіліктерінің құрылымын, олардың түсу көзін анықтау
2. Менің отбасым және достарым	1.5 Құқық және міндет	2.1.5.1 өз өмірінен мысалдар келтіру негізінде құқықты, міндетті және жауапкершілікті ажырату
		2.1.5.2 қоғамға қызмет етудің әлеуметтік маңыздылығын түсіндіру

	3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм	2.3.5.3 Қазақстан халықтары достығының маңыздылығын түсіндіру
2-тоқсан		
3. Менің мектебім	1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы	2.1.2.1 мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін түсіндіру
		2.1.2.2 мектеп қауымдастығының құрылымын және мүшелерінің қызметін анықтау
		2.1.2.3 мектеп қауымдастығындағы ұжымдық, топтық және тұлғааралық мінез-құлық нормаларын түсіндіру
		2.1.2.4 өз сыныбын сипаттау
4. Туған өлкем	1.3 Менің атамекенім	2.1.3.1 өз зерттеулеріне сүйене отырып, тұратын жерінің көрікті жерлерін сипаттау және бейнелеу
		2.1.3.2 Қазақстан картасынан ірі өзен-көлдерді, қалаларды, жолдарды, өз облысын көрсету
	1.4 Денсаулық және қауіпсіздік	2.1.4.3 көлік түрлерін, олардың қажеттілігін ажырату
		2.1.4.4 қоғамдық көліктегі өзін өзі ұстау ережелерін түсіндіру
	3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм	2.3.5.1 Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің маңызын түсіндіру
		2.3.5.2 бақылаулар негізінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің қолданылу саласын анықтау
3-тоқсан		
5. Дені саудың – жаны сау	1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы	2.1.2.1 мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін түсіндіру
	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	2.1.4.1 түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау
		2.1.4.2 күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орындарда) қауіпсіздік ережелерін түсіндіру
6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	1.6 Мерекелер	2.1.6.1 таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелерінің мәнін түсіндіреді
		2.3.1.2 түрлі дереккөздерді зерделеу арқылы көне қалалар мен ескерткіштерді сипаттау
	3.2 Қазақстанның тарихи тамыры	2.3.2.1 көрнекі материалдарды зерделеу арқылы ғұндардың өмір салтын сипаттау
	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	2.3.1.1 көрнекі материалдар негізінде иемденуші және өндіруші шаруашылық арасындағы айырмашылықты анықтау
	3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері	2.3.4.1 әл-Фарабидің ғылымның дамуына қосқан үлесі туралы әңгімелеу
	3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар	2.3.3.1 Ботай мәдениетінің ерекшеліктерін сипаттау
4-тоқсан		
	2.1 Жергілікті жерде бағдарлану	2.2.1.1. тұсбағдар көмегімен көкжиек бағыттарын анықтау
	2.2 Климат және ауа-райы	2.2.2.1 ауа-райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және кері әсерін талдау

7. Қоршаған орта	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	2.2.3.1 ірі табиғи нысандардың (тау, жазық, көлдер мен өзендер) шаруашылық маңызын анықтау
		2.2.3.2 зерттеу негізінде өз өңіріндегі табиғи жағдайлардың (жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) оң және кері тұстарын талдау
		2.2.3.3 табиғаттың қолайсыз және қауіпті құбылыстарын жіктеу
8. Саяхат	1.3 Менің атамекенім	2.1.3.1 өз зерттеулеріне сүйене отырып, тұрғылықты жерінің көрікті жерлерін сипаттау және бейнелеу
	2.4 Туризм	2.2.4.1 туризмнің негізгі түрлерін ажырату
		2.2.4.2 зерттеу негізінде Қазақстанда туризмнің түрлерін дамытуға қолайлы нысандарды анықтау
		2.2.4.3 Туристік нысандардың ерекшеліктерін сипаттау
	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	2.3.1.2 түрлі дереккөздерді зерделеу арқылы көне қалалар мен ескерткіштерді сипаттау

3) 3-сынып:

8-кесте

Ортақ тақырып	Бағдарлама бөлімшелері	Оқу мақсатары
1-тоқсан		
1. Табиғат	2.2 Климат және ауа-райы	3.2.2.1 Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау
	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	3.2.3.1 адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары)
	2.2 Климат және ауа-райы	3.2.2.2 ауа-райы қолайсыз жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру
	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру
	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	3.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау
		3.1.4.4 табиғи ортадағы өзінің қауіпсіздігін жоспарлау
2. Адамгершілік	1.1 Менің отбасым	3.1.1.3 өз отбасының құндылықтарын анықтау
	3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм	3.3.5.2 тұлғаның, отбасының, қоғам мен мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлін түсіндіру
	1.1 Менің отбасым	3.1.1.4 өз шығындарын жоспарлау және негіздеу
		3.1.1.5 өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну
	1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы	3.1.2.3 қоғамда өзін-өзі ұстау әдеп нормаларын түсіндіру
		3.1.2.4 өз тәжірибесінен мысал келтіре отырып, адамдар арасындағы достықтың маңыздылығын дәлелдеу
		3.1.2.1 сыныптың өзін-өзі басқару ережелерін түсіндіреді және өз нұсқасын ұсыну
		3.1.2.2 түрлі көзқарастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдарын түсіндіру
	1.5 Құқық және міндет	3.1.5.1 Қазақстан Республикасының Конституциясының маңызын түсіндіру

2-тоқсан		
3. Уақыт	1.1 Менің отбасым	3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру
		3.1.1.2 әулет шежірсін құрастыру
	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	3.1.4.2 спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтау
	1.6 Мерекелер	3.1.6.1 зерттеулер негізінде Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрде ұсыну
	2.2 Климат және ауа-райы	3.2.2.2 ауа райы мен климаттың қолайсыз жағдайларында өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру
	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	3.3.1.1 көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін түсіндіру
		3.3.1.2 тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығын түсіндіру
	3.2 Қазақстанның тарихи тамырлары	3.3.2.1 түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтау
4. Сәулет	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	3.2.3.1 адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары)
	1.3 Менің атамекенім	3.1.3.1 елді мекендерді түрлі белгілері бойынша ажырату (тип, көлемі, қызметі)
	2.4 Туризм	3.1.3.2 қала мен ауылдың байланысын зерттеу, мысалдар келтіру
		3.2.4.1 Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандарының рейтингін жасау
	2.1 Жергілікті жерде бағдарлану	3.2.1.2 масштаб пен, шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құру
		3.2.1.1. астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтау
3-тоқсан		
5. Өнер	1.1 Менің отбасым	3.1.1.3 өз әулетінің құндылықтарын анықтау
	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	3.1.4.1 тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсету
	3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм	3.3.5.1 Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсіндіру («Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы)
	3.2 Қазақстанның тарихи тамырлары	3.3.2.1 түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтау
	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	3.3.1.2 тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығын түсіндіру
6. Атақты тұлғалар	3.2 Қазақстанның тарихи тамырлары	3.3.2.1 түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтау
	3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар	3.3.3.1 Қазақ хандығының құрылу себептерін түсіндіру
		3.3.4.1 тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіру

	3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері	3.3.4.2 тарихи мысалдар негізінде қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғалардың рөлін шығармашылық түрде көрсету
4-тоқсан		
7. Су – тіршілік көзі	2.2 Климат және ауа-райы	3.2.2.1 Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтау
	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	3.2.3.1 Адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары)
	2.4 Туризм	3.2.4.1 Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандарының рейтингін жасау
	2.2 Климат және ауа-райы	3.2.2.2 ауа-райы қолайсыз жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру
	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін өзі ұстау ережелерін құрастыру
	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	3.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау
		3.1.4.4 өзінің табиғи ортадағы қауіпсіздігін жоспарлау
8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер	1.1 Менің отбасым	3.1.1.3 өз әулетінің құндылықтарын анықтау
	1.2 Мектеп және мектеп қоғамдастығы	3.1.2.3 қоғамда өзін өзі ұстау әдеп нормаларын түсіндіру
	1.6 Мерекелер	3.1.6.1 зерттеулер негізінде Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрде ұсыну
	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	3.3.1.2 тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығын түсіндіру
	1.1 Менің отбасым	3.1.1.4 өз шығындарын жоспарлайды және негіздеу
		3.1.1.5 өз шығындарын оңтайландыру жолдарын ұсыну
	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	3.1.4.2 спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтау

4) 4 - с ы н ы п :

9-кесте

Ортақ тақырып	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Менің Отаным - Қазақстан	1.3 Менің атамекенім	4.1.3.1 түрлі дәрежедегі әкімшілік-аумақтық бірліктерді (аймақ, аудан, облыс) ажырату
		4.1.3.2 түрлі дереккөздерге негізделе отырып, өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама беру
	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	4.2.3.1 өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдау
	1.1 Менің отбасым	4.1.1.1 отбасының қоғам өміріндегі маңызын дәлелдеу
		4.1.1.2 отбасы мүшелерінің функционалдық рөлін талдау
		4.1.1.3 отбасы бюджетінің негізгі кіріс-шығыстарын талдау
		4.1.1.4 отбасы бюджетін оңтайландыру жолдарын ұсыну

2. Адами құндылықтар	1.5 Құқық және міндет	4.1.2.1 мектептің өзін-өзі басқару ұйымына мүше болу жолдарын түсіндіру
		4.1.2.2 оқушылар арасындағы көшбасшыға тән тұлғалық қасиеттерді анықтау
		4.1.5.1 Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы туралы қорытынды жасау
		4.1.5.2 Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жеке тұлғаның демократиялық құқықтары мен бостандықтарына, міндеттеріне мысалдар келтіру
2-тоқсан		
3. Мәдени мұра	3.2 Қазақстанның тарихи тамырлары	4.3.2.1 түрлі дереккөздер негізінде қазақ халқының шығу тарихын түсіндіру
		4.3.2.2 сақтар, ғұндар, түркілер және қазақтар арасындағы байланысты графикалық түрде бейнелеу
	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	4.3.1.1 түрлі дереккөздер негізінде тарихи кезеңдердегі технологиялық прогресті анықтау
	3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар	4.3.3.1 Қазақстанның XX-XXI ғасырлардағы жетістіктерін (мәдениет, ғылым, білім, экономика) түсіндіру
	3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері	4.3.4.1 өмірбаяндық мәліметтеріне сүйене отырып, шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің елімізге сіңірген еңбегі туралы қорытынды жасау
	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	4.3.1.2 тарихи мұражайлардың қызметін түсіндіру
		4.3.1.3 мұражайдың өзіндік жобасын ұсыну
4. Мамандықтар әлемі	1.1 Менің отбасым	4.1.1.2 отбасы мүшелерінің функционалдық рөлін талдау
	1.6 Мерекелер	4.1.6.1 зерттеулер негізінде кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылық түрде таныстыру
	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	4.2.3.1 өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдау
	1.3 Менің атамекенім	4.1.3.2 түрлі дереккөздерге негізделе отырып, өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама беру
	3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері	4.3.4.1 өмірбаяндық мәліметтеріне сүйене отырып, шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің елімізге сіңірген еңбегі туралы қорытынды жасау
	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	4.3.1.1 түрлі дереккөздер негізінде тарихи кезеңдердегі технологиялық прогрестің анықтау
	3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар	4.3.3.1 Қазақстанның XX-XXI ғасырлардағы жетістіктерін (мәдениет, ғылым, білім, экономика) түсіндіру
	1.4 Денсаулық пен қауіпсіздік	4.1.4.1 спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану себептерін зерттеу
		4.1.4.2 спорттың әр түрлеріндегі жарақаттану қаупін азайту және алдын алу әдістерін ұсыну
3-тоқсан		
	2.2 Климат және ауа-райы	4.2.2.1 адамзат дамуына климаттың әсерін талдау

5. Табиғи құбылыстар	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	4.2.3.1 өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдау
		4.2.3.2 зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындауы ықтималдылығын болжау
	1.4 Денсаулық және қауіпсіздік	4.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде жасанды ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау
		4.1.4.4 өзінің жасанды ортадағы қауіпсіздігін жоспарлау
	2.1 Жергілікті жерде бағдарлану	4.2.1.1. нысанның басқа нысандарға қатысты орнын анықтау;
6. Қоршаған ортаны қорғау	2.2 Климат және ауа-райы	4.2.2.1 климаттың адамзат дамуына әсерін талдау
	2.3 Табиғи жағдайлар және олардың әсері	4.2.3.1 өз өңіріндегі және Қазақстан аймақтарындағы адамдардың табиғи жағдайларға (рельеф, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) байланысты шаруашылық іс-әрекетін талдау
		4.2.3.2 зерттеу негізінде өз өңірінде табиғи апаттар туындауы ықтималдылығын болжау
	2.1 Жергілікті жерде бағдарлану	4.2.1.1. нысандардың кеңістікте бір-біріне қатысты орнын анықтайды
		4.2.1.2 глобус пен карталардың қолану аясын, олардан негізгі нысандарды көрсете білу
		4.2.1.3 глобус пен картадан параллельдерді, меридиандарды, экваторды көрсете білу
4-тоқсан		
7. Ғарышқа саяхат	1.6 Мерекелер	4.1.6.1 зерттеулер негізінде кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылықпен таныстыру
	3.3 Қазақстан тарихындағы маңызды оқиғалар	4.3.3.1 Қазақстанның XX-XXI ғасырлардағы жетістіктерін (мәдениет, ғылым, білім, экономика) түсіндіру
	3.4 Көрнекті тарихи тұлғалар және мәдениет қайраткерлері	4.3.4.1 өмірбаяндық мәліметтеріне сүйене отырып, шығармашылық және еңбек салаларындағы көрнекті қайраткерлердің елімізге сіңірген еңбегі туралы қорытынды жасау
	3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм	4.3.5.2 Қазақстанның әлемдік сахнадағы рөлін анықтау
		4.1.5.2 Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жеке тұлғаның демократиялық құқықтары мен бостандықтарына, міндеттеріне мысалдар келтіру
	1.4 Денсаулық және қауіпсіздік	4.1.4.3 түрлі дереккөздер негізінде жасанды ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау
		4.1.4.4 жасанды ортадағы өзінің қауіпсіздігін жоспарлау
8. Болашаққа саяхат	1.3 Менің атамекенім	4.1.3.2 түрлі дереккөздерге негізделе отырып, өз аймағының экономикалық қызмет атқаратын субъектілеріне сипаттама беру
	2.4 Туризм	4.2.4.1 ақпараттың қолжетімді көздерін (интернет, кітаптар, БАҚ) пайдалана отырып, Қазақстан мен Астана бойынша туристік маршрут құру
	3.1 Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер	4.3.1.1 түрлі дереккөздер негізінде тарихи кезеңдердегі технологиялық прогрестің анықтау
	3.5 Қазақстан тарихы: тәуелсіздік, мемлекеттілік және патриотизм	4.3.5.1 зерттеулер негізінде «Қазақстан» атауымен байланысты мағыналық ассоциациялар қатарын (ұлттық бренд) ұсыну

	1.6 Мерекелер	4.1.6.1 зерттеулер негізінде кәсіби мерекелердің тарихын шығармашылықпен таныстырады
	1.5 Құқық және міндет	4.1.5.1 Конституцияның қоғам өміріндегі маңызы туралы қорытындылар жасау
		4.1.5.2 Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жеке тұлғаның демократиялық құқықтары мен бостандықтарына, міндеттеріне мысалдар келтіру

46. Ескерту:

1) *тоқсанына 2 ортақ тақырып есебінен тоқсан сайын (мүмкіндігінше) оқыту мақсатын ортақ тақырыптармен біріктіру ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығына 9-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 183-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Өзін-өзі тану» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1. Түсіндірме жазба

1. Ұлттық білім беру жүйесін дамытудың басым бағыты адамның ішкі әлеуетін барынша ашуға бағдарланған адамгершілік-рухани білім беру болып табылады.

2. Тұлғаның физикалық, психикалық және рухани дамуында үйлесімге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін адамгершілік-рухани-білім нақты білім беру тәжірибесінде түрлі жолдармен, ең алдымен, «Өзін-өзі тану» пәні арқылы жүзеге асырылады.

3. Өзін-өзі тану оқу пәні ретінде тұлғаның адамгершілік негізін құруға, оның рухани өзін-өзі кемелденуі мен өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасауда түйінді рөл атқаруы тиіс.

4. Өзін-өзі танудың негізгі нысаны – адам болмыстың физикалық, психикалық және рухани қырлары мәнмәтінінде біртұтас процесс ретінде қарастырылады. Адамның өзін-өзі жігерлендіру, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі кемелдендіруінен тұратын осы қырларының біртұтастығы оның үйлесімді дамуын қамтамасыз етеді. Бұл өзін-өзі танудың пәндік аясын анықтайды, сол сияқты оқу пәнінің танымдық, дамытушылық және тәрбиелік қызметін нақтылайды.

5. Өзін-өзі тану пәндік саласы әрбір оқушының адами кемелденуінің гүлденуіне,

өмірдегі өз мұратын ұғынуына жағдай туғызу арқылы оның өз рухани-адамгершілік табиғаты мен шығармашылық әлеуетін ашуға мақсатты бағытталған білім беру процесін ұйымдастыруды көздейді.

6. «Өзін-өзі тану» пәнінің құралдары сондай-ақ, оқушының қоғамға қызмет етуіне бағытталған олардың жасампаз белсенділігін танытуына мүмкіндік беретін кең ауқымды өмірлік маңызды біліктер мен дағдыларды меңгеруіне қолдау көрсетуге және ықпал етуге бағдарланады.

7. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу процесінің басты міндеті:

1) әрбір адамның табиғатына қаланған жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындау ;

2) қоғамға қызмет етуге бағытталған мәселелерді шығармашылықпен шешудің практикалық дағдыларын, тұлғаның құндылықтар жүйесін қалыптастыру;

3) адамның өзіне, қоршаған әлемге, жалпы адамзатқа қатысы ескерілген оқушылардың әлеуметтік мәнді бағдарларын, адамгершілік мінез-құлық негіздерін қалыптастыру .

8. «Өзін-өзі тану» адамгершілік-рухани білім беру жалпы мақсаттарға қол жеткізу арқылы жүзеге асырылады, яғни:

1) әрбір оқушының өз рухани-адамгершілік табиғаты мен өмірлік мұратын ұғынуына ықпал ету;

2) өскелең адамның үйлесімді қалыптасуына көмектесу.

9. Бұл келесі міндеттерді шешу арқылы қамтамасыз етіледі:

1) өзіне, адамдарға және қоршаған ақиқатқа құндылықты қатынасын; айналасындағыларға риясыз сүйіспеншілік пен тілектестік қабілеттілік танытуын, оларға қамқорлық жасауын ашып көрсету;

2) өзін-өзі тану, өмірлік мақсаты мен өзінің мұратын түсіну уәждемелерін дамыту;

3) өзіндік қадір-қасиет сезімін, өз-өзіне сенімділік, өз ойына, сөзіне және әрекеттеріне жауапкершілікті дамыту;

4) адамның ішкі және сыртқы әлемінің өзара байланысын, оның табиғатпен тұтастығын, физикалық, психикалық және рухани денсаулығының өзара тәуелділігін түсіну қабілетін; салауатты өмір салтын жүргізудің негізі ретінде өзінің физикалық және психикалық күйін реттеуді дамыту;

5) әлеуметтік ұстанымдар мен рөлдердің көптүрлілігі тұрғысынан позитивті ойлау және өз әрекеттері мен мінез-құлқын реттеу мүмкіндіктерін ұғыну қабілетін дамыту;

6) дұрыс өмір сүру үшін білім, білік және дағдыларын қолдану қабілеттерін ашу, әртүрлі өмірлік жағдаяттарды бағалау кезінде өзінің ар-ұжданына жүгіну, жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін шешімдер қабылдау;

7) адамгершілік нормаларына сәйкес келетін міндеттерді сындарлы шешу үшін ұжымда қызмет ету, сондай-ақ топта, командада жұмыс істеу біліктерін дамытуда өзіне және басқаларға жәбір көрсетпеу.

10. Бастауыш мектепке арналған өзін-өзі тану бағдарламасы білім берудің құндылықты мәнін күшейте отырып, адамның сүю, өзіне сену, жақсылық жасау, тілектестік таныту, өзіне және басқаларға қамқорлық жасау, позитивті ойлау, адамгершілікті таңдау жасау, дәстүрлерді бағалау және еселеу, жасампаздық, өзіне жауапкершілік алу, ынтымақтасу, кемелдену қабілеттерін ашуды көздейді.

11. Пәннің негізгі базалық мазмұны бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып төмендегі тарауларда ашылады:

1) «Ғасырлар даналығы»;

2) «Тату отбасы»;

3) «Адам болам десеңіз»;

4) «Қандай ғажап әлем!».

12. Аталған тақырыптар жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындау, адамгершілік-рухани қасиеттерді дамытуға және үйлесімді тұлға дамуының тұтастай процесінің түрлі жақтарын, қоғамдағы адамның рөлін, адам мен табиғаттың, Әлемнің үйлесімі мен бірлігінің мәнін ашуға; басқа адамдармен өзара қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуге бағытталған.

13. «Ғасырлар даналығы» атты бірінші тарау оқушыларды әлем халықтарының даналығы арқылы «Өзін-өзі тану» пәнімен таныстырады. Мұнда балалардың ертегілер, аңыздар, әңгімелер, адамзаттың рухани мұрасының даналығы арқылы адамгершілік өмірдің негіздерін тани алатын сабақтар қарастырылған. Олар мектеп ұжымында татулықта өмір сүру, бір-бірімен тіл табысу, мектептік тәртіпті сақтау, кішілерге көмектесу, үлкендерді сыйлау сияқты мәңгілік құндылықтарды ойға тоқиды. Бұл міндеттерді табысты орындауға балалардың адамгершілік құндылықтарды қызықты танымдық материалдар арқылы қабылдауы ықпал етеді. Осы тараудың бағдарламасында оқушыларды адалдық, әділдік, тәртіп, ұқыптылық, қоғамдық меншік, жақыныңа көмектесу, достық, өзара түсіністік, ынтымақтастық ұғымдарымен таныстыру қарастырылған.

14. Баланың жаңа әлеуметтік рөлі – мектеп оқушысының рөлі – негізінде іс-әрекеттің (оқудың) жаңа түрін ғана меңгерумен байланысты емес, сонымен қатар қарым-қатынастың, қызығушылықтардың, құндылықтардың, бала өмірі әдеттерінің барлық жүйесінің өзгеруімен байланысты болады. Бұл жастағы балалар білімді негізінен ойын және шығармашылық іс-әрекеттер арқылы алады. Осыған байланысты оқытудың ойын әдістерін кеңінен қолдану қажет, саналуан шығармашылық әрекет түрлерін, жағдаяттарды ойлану тапсырмаларын ұсыну керек. Мұның барлығы бастауыш сынып оқушыларын оқытудың коммуникативтік-қызметтік тәсілін қамтамасыз етеді.

15. Алған білім балаларға біріне бірі қамқорлық және жанашырлық көрсетудің қажеттігін түсінуге мүмкіндік береді. Игерілген дағдылар мектеп өмірі процесінде балаларды жақсылыққа, мұқияттылыққа, кеңпейілділікке, ынтымақтастық дағдыларын

тәрбиелеуге ықпал етеді. Осы тараудағы сабақтардың маңыздылығы – мектеп өміріндегі тұрақты тілектестік қарым-қатынастың келешекте ересек адамның тұлғалық жағымды қасиеттерінің орнығуына игі әсер ету болып табылады.

16. Бағдарламаның «Тату отбасы» атты екінші тарауында: коммуникативтік біліктер мен дағдылар отбасында ғана емес, сонымен қатар сыныпта да, мектепте де дамуына (тыңдау, түсіну білігі, өзін және өзгелерді бағалай білу, бірге мазасыздану, көмектесу, өзара әрекеттесу); құрдастарымен тең құқылы, қайырымды қарым-қатынас орнату білігіне; өзін жағымды күйге келтіру білігіне; өз сезімін білдіруге және басқалардың сезімін тани білуге; тұлғааралық жанжалдарды шешу біліктерін игеруге; әлеуметтік белсенділікті дамытуға негізгі назар аударылады. Осы тараудың бағдарламасында оқушыларды сүйіспеншілік, жақсылық, қарым-қатынас мәдениеті, әдептілік, адамның көңіл-күйі, достық, достар, адамшылық, қайырымдылық, құрмет ұғымдарымен таныстыру қарастырылады.

17. «Тату отбасы» тарауының сабақтары отбасында және мектеп ұжымында тілектестік ахуалды ұйымдастырудың жағымды аспектілерін ашуға, айналасындағыларды және бірін-бірі сыйлауға, ешкімді ренжітпейтін және назардан тыс қалдырмайтын эмоциялық жылылық пен өзара түсіністікке бағдарланған. Оқушыларды басқалардың тәртібін реттеудің әдепті тәсілдерін табуға, балалардың кешіре білу білігін дамытуға, шыдамдылық, мейірімділік, бекзаттық, төзімділік танытуға сабырлылықпен үйрету қажет.

18. Баланың оқу процесінде адамдар арасындағы қарым-қатынастың этикалық нормаларын меңгеруі маңызды. Ол үшін баланың қарым-қатынас дағдыларын, ынтымақтастық пен ұжымшылдық рухын дамыту, басқалардың сезімін түсіне білуге, топта қарым-қатынас жасауға және өзара әрекеттесуге, басқа балалармен достасуға, олармен жетістіктері мен сәтсіздіктерін бөлісуге, өз мінез-құлқын бақылауға, оны саналы басқаруға, әр түрлі өмірлік жағдаяттарда батыл және өзіне сенімді болуға үйрету керек.

19. Балаларды жаттығулар, ойындар, шығармашылық, эксперимент, әрекеттің түрлі практикалық формаларына тарту өскелең адамды тәрбиелілік нормаларына баулуға, өзіне, айналасындағыларға, құрдастарына және ересек адамдарға эмоциялық-мотивациялық қатынас орнатуды қалыптастыруға, отбасында, қоғамда және тұлғалық дамуда дұрыс мінез-құлық үшін қажет коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларды, қарым-қатынас білігі мен тәжірибесін дамытуға ықпал етуі тиіс.

20. Осы тараудың сабақтарынан алған сыпайы қарым-қатынас жасау тәсілдері, құралдары мен әдістері туралы білім балаларға адами өзара қарым-қатынас өнері туралы түсініктер береді, олардың жақын адамдарға, сыныптастарына, таныстарына мейірімді және шынайы сезімдерін тәрбиелеуге мүмкіндік туғызады деп болжанады. Бұл балаларды пікірлесінің эмоционалдық күйін түсінуге, өз ойлары мен сезімін дұрыс

жеткізе білуге, жақсы қарым-қатынасты бағалауға және айналасындағы адамдармен қарым-қатынастан ләззат алуға, оларға қамқорлық жасауға және қолдан келерлік көмек көрсетуге үйретеді.

21. «Адам болам десеңіз» атты үшінші тарау балалардың жас жағынан дамуының психологиялық ерекшеліктерін: мінез-құлықтың өспелілігін ұғынушылықты, әсершілдікті, сезімнің қарқынды дамуын, жалпы эмоциялық күйін (ақжарқын, сергек), ерік-жігерлік қасиеттерінің дамуын ескере отырып әзірленген. Тарау балалардың адамгершіліктік құндылықтық бағдарларды қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал ететін материалдардан тұрады. Осылайша, оқушылар дербестік және жауапкершілік, еңбексүйгіштік, бауырмалдық, әділдік, ұят, ар, батылдық және тағы басқа адамгершілік түсініктерімен танысады. Мейірімділік, достастық, табандылық, мақсатқа ұмтылушылық, батылдық, өзін-өзі құрметтеу, ар-намыс, жанашырлық білігін, басқа адамдарға, жан-жануарларға, табиғатқа мұқияттылықпен қарауды, қоғамдық меншікті сақтауды дамытуға ықпал ететін баланың адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге ерекше назар аударылады.

22. Бағдарлама мазмұнында өзін-өзі тану, өз әрекеттерін салыстыра алу, талдай білу, олардың этикалық мазмұнын көре білу және бағалай алу біліктерін дамыту қарастырылған.

23. Оқытудың мазмұны мен әдістері балалардың эмоционалдық ықыластылығын дамытуға, өзін-өзі құрметтеуге тәрбиелеу үшін жағдай жасауға, өз қадір-қасиетін сезінуге, эмпатия сезімін көрсетуге бағытталған. Білімдік процесс баланың өз ұстанымы, оның өмірлік тәжірибесі тұрғысында құрылуы тиіс, сондықтан білім беру және тәрбие процесінде оқушыларға берілетін ақпаратты бала қабылдап қана қоймай, эмоциялы түрде бастан өткеруі тиіс. Өмірлік жағдаяттарды шешудің адамгершілік тәсілдеріне үйретететін қолда бар тәжірибені қолдану қажет.

24. Тарауды оқытуда жетекші әдіс ретінде этикалық әңгімені қолдану тиімді. Адамгершілікті көрсету фактілерін талқылау процесінде мұғалім балалардың жағымды эмоцияларын оятуы, өзіндік қадір-қасиетті сезінуін дамытуы қажет. Этикалық әңгімелердің мазмұны балалардың әртүрлі әрекеттерімен байланысты, яғни, олар қоғамдық құбылыстарды бағдарлай алатындай, өз тәртібін сезінетіндей, өз әрекеттерінің адамгершілік нәтижелерін көре алатындай болуы тиіс. Адамгершілік тәрбиенің ұтымды тәсілдері мен құралдары арнайы құрастырылған танымдық тапсырмалар болып табылады. Оларды шешу барысында бастауыш сынып оқушылары әрекеттерді қарастыру, жағдаяттарды талдау, оларға өзінің жеке қатынасын білдіру кезінде өздеріне таныс адамгершілік ұғымдарды қолданады. Сабақта ойлануға және қиялды дамытуға уақыт бөлу қажет – бұл тыныштық және өзің туралы ойға бату сәті. Осындай жұмыстың нәтижесінде балалар әділеттілікпен әрекет етуге, өз тілегін ортақ іске бағындыруға, өздігімен әрекет етуге және қойылған міндеттердің шешімін табуға үйренеді.

25. Адамгершілік құндылықтар туралы түсініктер бастауыш сынып оқушыларына жағымды мінез-құлықтың ішкі түрткілерін қалыптастыру, өз бойында жақсы үлгілерге еліктеу ниетін дамыту мүмкіндігін береді. Білім мен тәрбиенің қаланған негіздері балаға өз әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін, өзіне қатысты талап қоюшылықты, өзін-өзі дұрыс бағалауды қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл баланың тұлғалық негізгі сипаттарын дамытуға көмектеседі.

26. «Қандай ғажап бұл әлем!» атты төртінші тараудың мазмұны бастауыш сынып оқушыларының қоршаған әлеммен адамгершілік қатынас тәжірибесін қалыптастыруға бағдарланған. Табиғатқа қамқорлық қатынасты тәрбиелеу және балалардың денсаулығын нығайту мақсатында экологиялық шығармашылық іс-әрекеттер ұйымдастыру қажет. Сабақтың мазмұндық толықтығы бастауыш сынып оқушыларын еліктіретін танымдық, сюжеттік-рөлдік ойындар, мерекелер, табиғи материалдарды қолдана отырып жүргізіліген практикалық жұмыстар, экскурсиялар, осы жастағы балалардың шамасы келетін табиғатты қорғау іс-әрекет шараларын қолдануды қамтамасыз етеді.

27. «Қандай ғажап бұл әлем!» тарауының мазмұндық құрылымы рухани-адамгершілік және зияткерлік білім элементтері арасында байланыс орнату үшін жағдай жасайды. Тарау мазмұнын құрайтын бұл білім компоненттері мазмұны жағынан ізгіліктік жалпыадамзаттық құндылықтармен байланысады. Осылайша, өмір құндылығын және адам денсаулығын ашуға арналған сабақтарда оқушылар адам өмірі мен табиғаттың өзара байланысы туралы, денсаулықтың дұрыс әрекет етумен ғана емес , сонымен бірге дұрыс ойлау және сөйлеумен байланысты екендігі туралы, әркімнің басқа халықтардың мәдениетін құрметтеу жауапкершілігі жайында біледі, экологиялық мәселелерді шешу жолдарымен танысады.

28. Адамгершілік қасиеттер іс-әрекеттен тыс туындамайды. Сондықтан балалардың жеткілікті көлемде өзіндік қоғамдық пайдалы еңбегінің және басқа да риясыз іс-әрекет түрлерінің болуы аса маңызды, бұл мораль нормалары мен ережелері туралы өз білімдерін жүзеге асыруға, өз іс-әрекеттерін қоғамға қызмет етуге бағыттауға мүмкіндік береді.

29. Адамгершілік және экологиялық бағдарланған мінез-құлықтың қалыптасқан тәжірибесі бастауыш сынып оқушыларына өзімен-өзі және қоршаған әлеммен үйлесімді өмір сүруге көмектеседі, өз денсаулығын нығайтуға және сақтауға, өзінің өмірлік әрекеттері – еңбек, демалыс, тамақтану үшін экологиялық жағдайды қамтамасыз етуге, оқушыларда қоршаған ортада адамгершілік тәртіп, экологиялық сауаттылық дағдыларын қалыптастыруға үйретеді.

30. Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік-рухани білімінің тиімділігі көбінесе мұғалім мен отбасының үйлескен, келісілген жұмыстарына байланысты болады. Ата-аналар мұғалімнің қандай адамгершілік нормаларына тәрбиелейтінін, бала тәртібіне қандай талаптар қоятынын, олардың әрекеттері адамгершілік өлшемшарттар

бойынша қалай бағаланатынын, сынып ұжымындағы қоғамдық пікірдің қандай екендігін білуі тиіс. Ата-аналар мен педагогтердің тәрбиелік әсерінің бірлігі тәрбиенің мақсаты мен нақты міндеттерін бір мағынада түсінуінен, оларды әртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып жүзеге асыру білігінен көрінеді. Бастауыш сынып оқушыларына рухани-адамгершілік білім берудің тиімділігін арттыруда ата-аналар мен мұғалімдер балалар еліктеуге лайық үлгі болуы қажет. Бағдарламаны жүзеге асыруға ата-аналарды тартудың түрлі тәсілдері арқылы қол жеткізіледі. Бірлескен үй тапсырмалары (балалар мен олардың ата-аналары үшін), курстың мақсатын, міндеттері мен әдістерін ашатын әдебиеттер ұсыну, таныстыру сабақтары мен тренингтер, әңгімелер өткізу кеңінен қолданылады. Бұл балаларды мектепте де, үйде де үздіксіз тәрбиелеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

31. Бұл бағдарламаға адамзаттың адамгершілік-рухани мәдениеті, адам және қоршаған әлем, оқушылардың ішкі ізденістерін белсендіретін, терең ойлану қабілеттілігін дамытатын, өмірлік мәнді мәселелердің мәнін ажырату және интуитивті ұғыну туралы мәліметтер кеңінен енгізілген. Мұның барлығы оқу материалдарын құрудың сабақтастығын сақтауға ықпал етеді.

32. Оқу жүктемесін бөлу:

1-кесте

Сынып	Аптадағы сағат саны	Жылдық сағат саны
1	1	33
2	1	34
3	1	34
4	1	34

2. «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

33. Бұдан әрі бастауыш мектептің әрбір сыныбы үшін білім беру мазмұны, дайындық деңгейіне қойылатын талаптар, оқушылардың білімін бағалау өлшемшарттары көрсетілген.

34. 1-сынып (33 сағат, аптасына 1 сағаттан):

1-кесте

Тараулардың атауы	Сабақ реті	Сабақтардың тақырыбы	Мазмұндық негізі
I. Ғасырлар даналығы	1-2	Ақиқатты жолға алып, адалдықпен өмір бастаймыз!	Адалдық адамның маңызды қасиеті ретінде. Шындықты айту оңай, ал өтірік айту қиын. Қалжыңдап та өтірік айтуға болмайды. Ақиқат-барлық адамдарды біріктіруші бастау.
	3-4	Тәртіп пен парыз	«Тәртіп» және «парыз» ұғымдарының мағынасы . Бес «Т»: тәртіп, талап, тыныштық, тазалық, татулық.
	5-6	Өзіңмен үйлесімді өмір сүру!	Ар-ұжданыңа құлақ қой. Адамзаттың рухани ұстаздары ар-ұждан туралы. Зейінді топтастыра және басты нәрсеге назар аудара білу.

	7-8	Сүйіспеншілік сый талап етпейді	Сүйіспеншілік маңызды жалпыадамзаттық құндылық ретінде Қызмет ету және әлем халықтарының ертегілері мен өсиет әңгімелерінегі риясыз сүйіспеншілік.
II. Тату отбасы	9-10	Менің үйім	Адам – отбасы мүшесі. Отбасындағы, ұжымдағы өзара қарым-қатынас. Кеңпейілділік таныту. Ынтымақтастық, өзара көмек, құрмет.
	11-12	Менің достарым	«Достық» ұғымы туралы түсінік. Адам өміріндегі достықтың мәні. Сыныптағы достық. Достықтың біріктіруші бастауы.
	13-14	Бір-бірімізге көмектесеміз	Отбасындағы және мектептегі өзара көмек, қолдау, кішіпейілділік және қайырымдылық. Адамның іс-әрекетіне көмекке келу ұмтылысын таныту.
	15-16	Алғыс айту – игілік сыйлау!	Алғыс айту – адамның басты қасиеті. Отбасында, мектепте, қоғамда алғыс айта білу білігі.
III. Адам болам десеңіз	17-18	Жақсылық жолымен жүреміз	Жақсылық адамның қасиеті ретінде. Жақсы іс.
	19-20	Қарым-қатынас әліппесі	Қарым-қатынас адамның өмір сүруінің қажетті шарты ретінде. Қоғамдық орындардағы тәртіп ережесі. Мінез-құлық мәдениеті. Әдептілік тұлғаның басты қасиеті ретінде. Күнделікті өмірде әдептілік көрсету.
	21-22	Көңіл күй шаттығы	Әлемді жағымды қабылдауға ұмтылу. Қуаныш өмірлік күштің бастауы ретінде. Оқудағы, еңбектегі, шығармашылықтағы жақсы көңіл күй.
	23-24	Менің Отаным	Қазақстан – барша қазақстандықтардың Отаны. Кіші Отан.Туған үй, туған қала, ауыл.
IV. Қандай ғажап бұл әлем!	25-26	Туған табиғат	Табиғат – біздің үйіміз. Табиғаттың сұлулығы. Табиғатқа ұқыпты қарау.
	27-28	Денсаулыққа апарар жол	Тәндік және рухани денсаулық. Жақсы ойлар біздің денсаулығымызды нығайтады. Жағымды ойлау білігі. Салауатты өмір салты ережелері.
	29-30	Әрдайым көмектес, ешқашан зиян келтірме	Басқа адамдарға, жан-жануарларға, табиғатқа жанашырлық, көңіл бөлу білігі. Қоғамдық меншікке ұқыпты қарау.
	31-32	Жер – ортақ үйіміз	Ұлттар көп – адамзат біреу, жұлдыздар көп – аспан біреу. Әлем халықтарының мәдениетіндегі ортақтық.
	33	Балалық шақ мейрамы	Өткенді жалпылау.

35. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқушылардың білім сапасын бағалау 1 сыныпқа арналған бағдарламада әзірленген «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» негізінде жүргізіледі.

36. Рухани-адамгершілік білім берудің ерекшеліктеріне сәйкес сандық емес, сапалық баға маңызды, сондықтан әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша « сынақ» бағасы қойылады. «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар»

пән бойынша сынақ қоюдың өлшемшарты қызметін атқарады.

37. Егер оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын барлық талаптар орындалса, оқушыға «сынақ» қойылады.

38. 2-сынып (34 сағат, аптасына 1 сағаттан):

2-кесте

Тараулардың атауы	Сабақ реті	Сабақтардың тақырыбы	Мазмұндық негізі
I. Ғасырлар даналығы	1-2	Ұлы Абайдың даналығы	Жалпыадамзаттық құндылықтар Абай ілімінің негізі ретінде.
	3-4	ГХ. Андерсеннің дана ертегілері	Адам мінезі. Ізгілікті қасиеттер адамға өмірінде қалай көмектеседі.
	5-6	Білім – өмір шырағы	Білім құндылығы. Өмір таным көзі ретінде. Оқудағы жауапкершілік. Ұстаз тәлімгер және дос ретінде.
	7-8	Мектеп – біздің ортақ үйіміз	Мектеп және мектептік достық құндылығы туралы. Мектеп мүлкіне мұқият қарау. Мінез-құлық ережесін сақтау. Мұғалімге, тәрбиешіге құрмет.
II. Тату отбасы	9-10	Өзіңді жақсылықпен таразыла	Отбасындағы жақсы өзара қарым-қатынас. Адамшылық, қайырымдылық, түсіну, өзара көмек.
	11-12	Адам жақсы ісімен көрікті	Отбасында өз мінез-құлқыңды басқару. Өзін-өзі адамгершілікті кемелдендіру. Жақсы мінез-құлық ережесі. Адам мәдениеті.
	13-14	Адал және аққөңіл болу	Адалдық адамның құндылықты қасиеті ретінде . Жағымды ойлау.
	15-16	Салауатты отбасы	Денсаулық құндылығы. Отбасындағы белсенді және салауатты өмір салты.
III. Адам болам десеңіз	17-18	Өзіңді және басқаларды құрметтеуді үйренеміз	Адамның коммуникативтік мәдениеті. Жағымды қарым-қатынас адамдарды түсіну мен құрмет көрсету ретінде. Адамның адамгершілігі. Адамдарға ықыласпен қарау.
	19-20	Кешіре білуді үйренеміз	Кешіре білудің мәні. Шыдамдылық. Жағымды ойлауды дамыту.
	21-22	Дос болуды үйренеміз	Достықтағы жағымды қарым-қатынас. Достықта қажетті қасиеттер. Сыныптағы достық.
	23-24	Жақсы көруді үйренеміз	Риясыз сүйіспеншілік. Өмірдегі риясыз сүйіспеншіліктің мысалдары.
IV. Қандай ғажап бұл әлем!	25-26	Біз өсіп жатқан өлке	Отанға адалдық. Біздің еліміздің тарихына қызығушылық және ұқыпты қатынас. Біздің еліміздің бүгінгі күніне моральдық жауапкершілік. Туған өлкенің әсемдігі.
	27-28	Туған өлкенің табиғатын сақтауды үйренеміз	Табиғат және адам. Тірі табиғатты танудың бастаулары. Табиғат шабыт, шығармашылық қиял, жарқын қиялдың бастауы ретінде.
			Атамекен. Халықтар бірлігі. Түрлі ұлт адамдарының достығы еліміздің

	29-30	Біз өмір сүріп жатқан ел	мызғымастығы мен беріктігінің негізі ретінде. Қазақ халқының, Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерінің күнделікті өмірі мен мейрамдары.
	31-32	Әсемдік әлемінде	Жалпыадамзаттық құндылықтар өмірлік бағдар ретінде. Шығармашылық сабақтары.
	33-34	Балалық шақ мейрамы	Өткенді жалпылау.

39. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқушылардың білім сапасын бағалау 2-сыныпқа арналған бағдарламада әзірленген «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» негізінде жүргізіледі.

40. Рухани-адамгершілік білім берудің ерекшеліктеріне сәйкес сандық емес, сапалық баға маңызды, сондықтан әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша « сынақ» бағасы қойылады. «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» пән бойынша сынақ қоюдың өлшемшарты қызметін атқарады.

41. Егер оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын барлық талаптар орындалса, оқушыға «сынақ» қойылады:

42. 3-сынып (34 сағат, аптасына 1 сағаттан):

3-кесте

Тараулардың атауы	Сабақ реті	Сабақтардың тақырыбы	Мазмұндық негізі
I. Ғасырлар даналығы	1-2	Жалпыадамзаттық құндылықтарды зерделейміз	Адамзат тарихындағы өзін-өзі тану. Жалпыадамзаттық құндылықтар адамзат мәдениетінің рухани-адамгершілік негізі ретінде
	3-4	Халықтың мәдени мұрасы	Мәдени мұра халық даналығының, руханилық бастаудың көрінісі ретінде. Ұрпақтар байланысы. Адамзаттың өткені, бүгіні және келешегі. Мәдени мұра – өзін-өзі танудың бастауы.
	5-6	Кітап – білім көзі	Кітап адамзаттың білімі мен даналығының көзі ретінде. Сүйікті кітаптар. Мектеп оқулығы. Адам өміріндегі кітаптың рөлі.
	7-8	Оқу – менің еңбегім	Оқу оқушының басты еңбегі ретінде. Білімге апарар жол. Мақсаттар қою және оған қол жеткізу білігі. Еңбексүйгіштік – оқудағы табыстың негізі.
II. Тату отбасы	9-10	Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті	Отбасындағы жауапкершіліктер. Отбасындағы жағымды қарым-қатынас және бірін-бірі қолдау.
	11-12	Бастаулардың бастауы	Туған үй. Адамның отбасы. Отбасындағы өзара қарым-қатынас негізі. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі.
	13-14	Өзіңді және басқаларды түсіне білу	Өзара түсіністік құндылығы. Келісім. Адамдармен кішіпейілділікпен және әдептілікпен қатынас жасау.
	15-16	Бәрі де сүйіспеншіліктен басталады	Сүйіспеншілік – рухани құндылық. Сүйіспеншілік адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас ретінде.

III. Адам болам десеңіз	17-18	Аққөңілділік және оптимизм	Аққөңілділік және оптимизм адам мінезінің басты қасиеті ретінде.
	19-20	Ақниеттілік туралы	Ақниетті адам. Ақниеттілік адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынастың қажет шарты ретінде.
	21-22	Жомарттық пен кеңпейілділік	Жомарттық жанның күйі ретінде. Кеңпейілділік –нағыз адамшылықтың бір қыры.
	23-24	Өз еліңнің патриоты болу	Патриот. Патриотизм. Патриоттың әрекеттері мен істері.
IV. Қандай ғажап бұл әлем!	25-26	Сүйіспеншілік пен жақсылық жолы	Өзін-өзі тану сүйіспеншілік пен жақсылыққа барар жол ретінде. Адам – ардақты ат. Жақсы сезімдер. Адамның әрекетінде бейнеленуі.
	27-28	Табиғатпен үйлесім	Үйлесім. Әсемдік. Адам мен табиғаттың байланысы. Адамның табиғатқа сүйіспеншілігі. Адамның табиғатқа мұқияттықпен және қамқорлықпен қарауы.
	29-30	Денсаулық сыры	Денсаулық сыры. Салауатты өмір салты ережелері. Шындықты жағымды қабылдау салауатты өмір салтының шарты ретінде. Адамның және денсаулықтың адамгершілік негізі. Еңбек және демалыс тәртібі.
	31-32	Жер – біздің ортақ үйіміз	Адамзаттың бірлігі әлемнің болашақ дамуының негізгі факторы ретінде.
	33-34	Балалық шақ мейрамы	Өткенді жалпылау.

43. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқушылардың білім сапасын бағалау 3 сыныпқа арналған бағдарламада әзірленген «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» негізінде жүргізіледі.

44. Рухани-адамгершілік білім берудің ерекшеліктеріне сәйкес сандық емес, сапалық баға маңызды, сондықтан әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша « сынақ» бағасы қойылады. «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» пән бойынша сынақ қоюдың өлшемшарты қызметін атқарады.

45. Егер оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын барлық талаптар орындалса, оқушыға «сынақ» қойылады:

46. 4-сынып (34 сағат, аптасына 1 сағаттан):

4-кесте

Тараулардың атауы	Сабақ реті	Сабақтардың тақырыбы	Мазмұндық негізі
I. Ғасырлар даналығы	1-2	Адамзат мәдениетінің рухани-адамгершілік әлемі	Ежелгі Грекия ғұламалары. Ұлы грек даналары туралы өсиет әңгімелер мен оқиғалар.
	3-4	А.Құнанбаев пен Ш.Құдайбердиев ілімдеріндегі өмірдің мақсаты	Адамның өмірлік мақсаты. Адамның өмірлік мақсаттарға қол жеткізу жолдары.

	5-6	Адам бол!	Адам болу деген не? Адамның мінезі.
	7-8	Адамның ішкі сұлулығы	Адамның ішкі сұлулығы. Өзін-өзі тану қуанышы. Өзін-өзі тану – сүйіспеншілік пен жақсылық жолы.
II. Тату отбасы	9-10	Отбасындағы өзара түсіністікті үйренеміз	Өзара түсіністік – отбасындағы жақсы қарым-қатынастың негізі. Бірін-бірі тыңдау, есту және түсіну білігі.
	11-12	Отбасы дәстүрлері	Отбасылық дәстүрлер. Отбасындағы сыйластық. Өзара түсіністік отбасындағы бақыттың шарты ретінде. Отбасылық мейрамдар. Отбасылық мейрамдар. Отбасы бақыты.
	13-14	Менің ұжымым	Мектеп ұжымы, сынып ұжымы, бірлескен шығармашылық іс-әрекет. Сыныптағы достық . Ұжымдағы адамгершілік құндылықтар.
	15-16	Ардақты ат	Жақсы іс адамның ардақты атының негізі ретінде. Өзіңе және басқаларға құрметпен қарау. Адамның адамгершілігі.
III. Адам болам десеңіз	17-18	Дербестік және жауапкершілік	Дербестік және жауапкершілік тұлғаның құнды қасиеті ретінде. Дербес адам. Жауапкершілікті адам.
	19-20	Батылдық және табандылық	Батылдық пен табандылық – адам мінезінің қасиеті. Батыл адам. Табанды адам. Мінезді тәрбиелеу.
	21-22	Ар-ұждан ғылымы	Ар-ұждан адамның адамгершілік бағдары ретінде. Адалдық, әділеттілік, ашықтық ар-ұжданға сәйкес өмір сүрудің мүмкіндігі ретінде. Адамның адамгершілік санасы.
	23-24	Мен азаматпын!	Азамат. Азаматтық парыз. Азаматтық сезім. Отанға қызмет ету.
IV. Қандай ғажап бұл әлем!	25-26	Табиғаттың сергітетін күші	Табиғат – барлық тіршіліктің бастауы. Табиғат – дана ұстаз. Табиғи шипажайлар. Адам мен табиғаттың өзара түсіністігі мықты денсаулық пен ұзақ өмір сүрудің шарты ретінде.
	27-28	Тірі су	Су – табиғат байлығы. Қазіргі әлемдегі су қорлары. Судың қасиеті. Адам үшін судың маңызы.
	29-30	Туған жердің әсемдігі	Туған өлкенің табиғаты. Туған жердің әсемдігі – сүйіспеншілік пен шабыттың бастауы.
	31-32	Жер – ортақ үйіміз	Ғаламшарымыздың болашағы үшін жауапкершілік.
	33-34	Балалық шақ мейрамы	Өткенді жалпылау.

47. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқушылардың білім сапасын бағалау 4 сыныпқа арналған бағдарламада әзірленген «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» негізінде жүргізіледі.

48. Адамгершілік-рухани білім берудің ерекшеліктеріне сәйкес сандық емес, сапалық баға маңызды, сондықтан әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша « сынақ» бағасы қойылады. «Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар» пән бойынша сынақ қоюдың критериі қызметін атқарады.

49. Егер оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын барлық талаптар орындалса, оқушыға «сынақ» қойылады.

3. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

50. Оқушылар 1-сыныптың соңында:

1) жалпыадамзаттық құндылықтар туралы қарапайым түсініктерге ие;

2) бағдарлама көлемінде анықталған Қазақстанның және басқа халықтардың рухани мұраларын біледі;

3) бағдарламада анықталған сабақтағы нақыл сөздерді, рухани-адамгершілік мазмұндағы өлеңдерді жатқа біледі;

4) сабақта, мектепте, қоғамдық орындарда тәртіп сақтай алады;

5) мектеп оқушысының құқығы мен міндеттерін біледі және түсінеді, оқушы парызын (қажетті мектептік құрал-жабдықтардың және орындалған үй жұмысының, сынып жұмысының болуы) орындайды;

6) адамдарға, табиғатқа, қоғамдық меншікке ұқыпты және саналы қарайды;

7) денсаулықты сақтауға арналған жақсы ойлардың мәнін түсінеді, салауатты өмір салтының қарапайым ережелерін біледі және қолдана алады.

51. Оқушылар 2-сыныптың соңында:

1) жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсініктері бар;

2) бағдарлама көлемінде анықталған Қазақстан және басқа халықтардың рухани мұраларын біледі;

3) бағдарламада анықталған сабақтағы нақыл сөздерді, рухани-адамгершілік мазмұндағы өлеңдерді жатқа біледі;

4) сабақта, мектепте, қоғамдық орындарда тәртіп сақтауды біледі;

5) мектеп оқушысының құқығы мен міндеттерін біледі және түсінеді, оқушы парызын (қажет мектептік құрал-жабдықтардың және орындалған үй жұмысының, сынып жұмысының болуы) орындайды;

6) адамдарға, табиғатқа, қоғамдық меншікке ұқыпты және саналы қарайды;

7) денсаулықты сақтауға арналған жақсы ойлардың мәнін түсінеді, салауатты өмір салтының қарапайым ережелерін біледі және қолдана алады;

8) адалдық және аққөңілділік, қайырымдылық, адамдарға құрметпен қарау сияқты адамның жағымды қасиеттері туралы түсініктері бар;

9) шабыттың қайнар көзі және өз өлкесінің мәдени құндылықтары ретінде табиғат туралы түсініктері бар; жас көшеттерге, құстарға, жан-жануарларға аялы қатынас

ж а с а й а л а д ы ;

10) салауатты өмір салтын жүргізудің мәнін түсінеді; денсаулықты нығайту факторларын, денсаулықтың негізгі ережелерін біледі;

11) түрлі ұлт адамдарының арасындағы татулық пен келісім, Қазақстанда тұратын халықтар достығы құндылықтары туралы түсініктерді біледі;

12) басқа адамдармен татулықта өмір сүру, сыныптастарымен және достарымен өзара тілектестік қатынас білігінің маңыздылығын ұғынады; кеңпейілділік танытуды, өзін және басқаларды құрметтеуді бағалай алады;

13) оқиғаларды, өз әрекеттерін әділ бағалай біледі; дұрыс шешім қабылдай алады, мектепте, үйде, қоғамдық орындарда тәртібін қадағалай алады;

14) жақсы мінез кейпі ережелерін біледі және түсінеді, түрлі жағдаяттарда өз б і л і м д е р і н с а н а л ы қ о л д а н а а л а д ы .

52. Оқушылар 3-сыныптың соңында:

1) еңбек, өзара түсіністік, ақжарқындық, оптимизм, қайырымдылық, жомарттық, кеңпейілділік патриотизм, шығармашылық ұғымдарының мәні мен мазмұнын ұғынады;

2) адамдық сезім мен эмоциялардың көрінуін ажырата алады, қайырымдылық, ж о м а р т т ы қ , к е ң п е й і л д і л і к т а н ы т а а л а д ы ;

3) адамдарға сергек және мұқият қарай алады;

4) істер мен әрекеттерде жауапкершілік таныта алады;

5) салауатты өмір салты ережелерін біледі, салауатты өмір салтын құрудың маңыздылығын түсінеді, жеке гигиенаны және еңбек тәртібін, демалысты сақтай алады;

6) шығармашылық іс-әрекеттер арқылы өз ойлары мен әсерлерін жеткізе алады;

7) адамдарға мұқияттылық және құрмет көрсете алады, өзіне құрметті, жақындары м е н т у ғ а н д а р ы н а қ а м қ о р л ы қ к ө р с е т е а л а д ы ;

8) туғандары мен жақындарының еңбегі мен кәсібіне қызығушылық пен құрмет т а н ы т а а л а д ы ;

9) туған өлкесінің табиғатына мұқият қараудың маңыздылығын түсінеді;

10) елінің тарихына, өз халқының тарихи тамырына, халқының мәдени мұрасына ы қ ы л а с т а н ы т а а л а д ы .

53. Оқушылар 4-сыныпты бітіргенде:

1) ұжым, азамат, дәстүр, жауапкершілік, батылдық, шешімділік, ар ұждан, әділеттілік ұғымдарының мәні мен мазмұнын ұғады;

2) адами сезімдер мен эмоциялардың көрінуін, өзінің эмоционалдық күйін ажырата алады, өзінің сезімі мен талпыныстарын білдіре алады; жағымсыз эмоцияларын және ә р е к е т т е р і н т ы я а л а д ы ;

3) мінез-құлық этикасы нормаларын біледі, практикада жақсы әдеттерді қолдана алады және сыртқы түр мәдениетін сақтай алады;

4) айналасындағы адамдармен тілектестік қатынас жасай алады; адал және әділетті қылықтарды ажырата алады; айналасындағыларға жанашырлық, ықылас таныта алады;

5) физикалық дамудың қажеттілігін түсінеді, денсаулық сақтауды қамтамасыз ететін сауықтыру әдістемесін және қауіпсіздік шараларын практикада қолдана алады;

6) оқуға арналған кітаптарға саналы таңдау жасай алады, әдеби кейіпкерлердің қылықтары арқылы өз мінез-құлқын бағалай алады;

7) қарым-қатынас ережелерін біледі; топта, сыныпта, таныс емес адамдармен жағымды, достық өзара қарым-қатынас жасай алады; өз туғандары мен жақындарының еңбегі мен кәсібіне қызығушылық пен құрмет таныта алады;

8) өмірдің қайнар көзі ретінде табиғаттың мәнін түсінеді;

9) қоршаған ортаға қамқорлық таныта алады, табиғи қайнар көздердің тазалығын сақтай алады.

10) өзін Қазақстан Республикасының азаматы ретінде ұғынады; ел, қала, ауыл, мектеп өміріне өзінің қатыстылығын түсінеді; қоғамға қызмет етудің мәнін түсінеді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 8 сәуірдегі
№ 266 бұйрығына 10-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 184-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Музыка» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1. Түсіндірме жазба

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұны мен олардың білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін оқушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін біліктерді меңгеруге бағыттайды.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа

құрылымын құруға негізгі бағдарлар болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарланған коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылды, бұл оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Б ұл тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғаға-бағдарланған білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану кезінде мүмкін. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану оқушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін оқушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

8. Нақты пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан оқушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

9. Әр пәннің оқу бағдарламаларында үш тілде білім беруді іске асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру ұсынылған. Көптілді оқу ортасын құруда әр пәннің қосқан үлесі үш тілде білім беру саясатын іске асыруды қамтамасыз етеді. Тіл үйретудің негізі болып табылатын коммуникативтік т әсіл әрбір оқу пәнінің түрлі оқу жағдаяттарында білім және білікпен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытудың жетекші қағидаты ретінде қарастырылады.

10. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті

ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасау керек.

11. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары оқушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды. Оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар мектепті бітіргеннен кейінгі нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді.

12. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі т әсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

13. Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, білім құмарлылық өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

14. Нақты пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқыту мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу процесінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

15. Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: «қазақстандық патроиотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарының негізі болып табылады. Бұл құндылықтар оқушының мінез-құлқы тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын берік тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

2. «Музыка» пәнін оқыту мақсаты мен міндеттері

16. «Музыка» пәні адам өмірінің бөлігі ретінде оқушыларда музыкаға деген құндылықтық қарым-қатынастың қалыптасуына, музыканың базалық білімі, біліктіліктері және музыкалық қызметінің түрлерін меңгеруге, музыкалық қызмет процесінде шығармашылық өз ойын білдіру және коммуникация біліктіліктерін қалыптастыруға, ұлттық және адамзаттық мәдениет құндылықтарына деген көркемдік-эстетикалық қарым-қатынасты тәрбиелеуге, музыкалық және шығармашылық дағдыларды дамытуға бағытталған.

17. Пәнді оқытудың мақсаты – білім алушылардың музыкалық негізгі білімі мен біліктіліктерін, музыкалық қызметтегі шығармашылық өз ойын білдіру және коммуникациялық әдіс-тәсілдерін меңгеру, ұлттық және адамзаттық мәдениеттің көркемдік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерді қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық дағдыларды дамыту.

18. Пәнді оқытудың міндеттері:

1) музыкалық сауаттылық бойынша негізгі білімдерін қалыптастыру;

2) стиль, жанр, музыканың көркемдік құралдары туралы түсініктерді қалыптастыру;

3) музыкалық негізгі терминдер мен түсініктемелерді игеру;

4) музыкалық іс-әрекет процесінде білімдер мен дағдыларды, оның ішінде музыканы басқа өнер түрлерімен кіріктіру арқылы дамыту;

5) музыкалық орындаушылық дағдалырды, сонымен қатар АКТ қолдану арқылы қалыптастыру;

6) дәстүрлі қазақ музыкасы және фольклорының, әлем ұлттарының музыкалық шығармашылығының, классикалық және қазіргі композиторлар шығармаларының үздік үлгілерін білу;

7) музыкалық қызмет процесінде білім алушылардың шығармашылық қабылдауын қалыптастыру;

8) музыкалық іс-әрекеттер процесінде зерттеушілік, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру;

9) білім алушылардың өмір тәжірибесі негізінде когнитивтік және эмоционалдық іс-әрекеттер саласын, көркемдік-эстетикалық сезімдерді, ассоциациялық және бейнелеп ойлауды қалыптастыру, музыкалық іс-әрекеттер арқылы қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіру.

19. Бастауыш мектептегі «Музыка» пәнінің мазмұны:

1) қазақ музыка фольклорын, дәстүрлі, классикалық және қазіргі музыка үлгілерін;

2) музыкалық сауатының негізін;

3) орындау және тәжірибеде музыкамен әуестену үшін музыкалық материалды (композиторлар, халық және классикалық музыкалық аспаптар, музыкалық жанр және

стильдер бойынша мағлұматтар);

4) музыка шығару мен суырып-салмалылыққа арналған музыкалық-шығармашылық тапсырмаларды, сонымен қатар АКТ қолдануды;

5) өнердің басқа түрлері және өзге пәндермен пәнаралық байланыс орнатуды қамтиды.

3. Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

20. Құндылыққа бағытталған тәсіл:

1) оқытудағы құндылыққа бағытталған тәсіл – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың әдісі. Құндылыққа бағытталған оқу процесі оқушы тұлғасының бойында мақсатты түрде құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Құндылықтарға бағытталу – ол тұлғаның өз әрекетінде жетекшілікке жекелеген құндылықтарды таңдап алу (құндылықтарға бағдарлану қабілеттілігі) қабілеттілігі (қасиеті), және оларды өзінің әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі. Құндылықтарды жүзеге асыру дегеніміз құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру. Құндылықтардың мәні қоғамда сәтті әрекет ету үшін қажетті ережелерді, дағдыларды, өмір салтын, жүріс-тұрысты қалыптастыруда көрініс табады;

2) құндылықтар – қоғам қолдайтын және адамдардың көпшілігі мойындайтын белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттер мен өзін өзі ұстау ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Құндылықтар тұлғаны ынталандырудың өте маңызды факторы ретінде жүріс-тұрыс пен іс-әрекеттерді бағдарлайды. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының құндылықтары орта білім беру құндылықтарының негізі болып табылады. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойғы білім - орта білім берудің құндылықтары ретінде белгіленді.

21. Тұлғаға бағытталған тәсіл:

1) тұлғаға бағытталған тәсілдің мақсаты оқу процесін дараландыру, оқу процесінде тұлғаны, оның жеке психикалық және физиологиялық ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен жүріс-тұрыс уәждерін, әлеуетті қабілеттіліктерін ескере отырып үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу.

22. Іс-әрекеттік тәсіл:

1) іс-әрекеттік тәсілдің негізгі мазмұны – оқушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі табады, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынады, оның ережелер жүйесін түсінеді және қабылдайды, жетілдіруге белсенді қатысады. Ол өз кезегінде білім, оқу біліктері мен дағдыларының және кең ауқымды дағдылардың белсенді әрі сәтті қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың оқу әрекеттері келесі басты

санаттар бойынша топтастырылған: «біледі», «түсінеді», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды».

23. Сараланған тәсіл:

1) Сараланған тәсіл оқушылардың ерекшеліктерінің негізінде оқу топтарына әр түрлі мүмкіндіктер туғызатын дербес оқу процесі болып табылады. Сараланған тәсілге әр түрлі топтағы оқушылардың оқу іс-әрекетін арнайы дайындалған құралдар мен қызметті саралау әдістерінің көмегімен ұйымдастыру кіреді. Саралап оқыту жұмысын ұйымдастырудың шарты күрделілігі, танымдық қызығушылығы, мұғалім тарапынан көмек көрсету сипаты жағынан айырмашылығы бар сараланған тапсырмаларды қолдану болып табылады.

24. Коммуникативтік тәсіл:

1) білім берудегі коммуникативтік тәсіл дегеніміз ақпаратты тарату мен жариялауда, білім, білік және дағдылармен алмасуда екіден асатын адамдардың сөйлеу арқылы атқарылатын әрекеттесу процесі. Коммуникативтік тәсіл нәтижесі болып тіл арқылы қатынасу қабілеттілігі, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана және қатынас жағдайына сай тиімді қатынас жүріс-тұрысын таңдай отырып, түрлі жағдайларда қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және алмасу қабілеттілігі болып табылады. Коммуникативтік тәсілге сәйкес ұйымдастырылған оқу процесі қарым-қатынас икемділігін қалыптастыратын тапсырмаларды және шынайы қатынас жағдайларына сай жұмыс режимдерін (жұптық және топтық жұмыстарды) енгізуі қажет.

25. Ортақ та қырыптар негізінде оқыту:

1) «Музыка» оқу пәнінің «ортақ тақырыптарының» мазмұны оқушының жақын аймағынан, яғни оның өз іс-әрекетімен тікелей байланысты тақырыптарды оқудан басталады. 6-7 жастағы балалар өз ойын білдіруге, оқу мазмұны бойынша сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап іздеуге үйренуі тиіс.

26. Ойын іс-әрекеттері арқылы оқыту:

1) оқыту әдісі ретінде ойын түрін қолдану оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Музыкалық іс-әрекеттер процесінде ойынды қолдану оқушылардың музыкалық есте сақтау, ассоциативтік-бейнелік және шығармашылық ойлау, есту, ырғақтық, орындаушылық дағдыларын және музыкалық білімдерін дамытуға мүмкіндік береді;

2) оқытудың ойын технологияларының басты элементтері – ойын алдында оқушыларға нақты оқу мақсаты қойылады; ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқу әрекеті ойын ережелеріне бағынады, оқу материалы ойынның құралы болып табылады. Оқушылардың сабақтағы ұжымдық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған ойын әдісі арқылы, олардың шағын топтың өзге мүшелерінің пікірін сыйлауына, әртүрлі өнімді іс-әрекет негізінде соңғы нәтижені алдын-ала көре білуіне, өзіндік іс-әрекетін жоспарлауына, мақсатқа жету амалдарын

таңдауына мүмкіндік беріледі.

27. Көркемдік-музыкалық тәсіл:

1) бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес түрлі музыкалық іс-әрекет (орындаушылық, музыкалық-шығармашылық, коммуникативтік және сөйлеу іс-әрекеті) барысында музыкалық сауат негіздерін қолдану нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқушылардың және оқушы топтарының оқу-танымдық іс-әрекеттері. Оқушылардың музыкалық іс-әрекеттері тек сабақтармен ғана шектелмейді, сонымен бірге сабақтан тыс іс-әрекеттермен кіріктірілуі, оның ішінде оқушылардың түрлі шығармашылық-музыкалық, драмалық үйірмелерге қатысуымен қарастырылады

28. Берілген тәсілдер:

1) әрбір оқушының музыкалық білімін одан әрі дамыту мақсатында әрбірінің жеке пікірін құрметтеу және қолданыстағы білімдер мен дағдыларды қолдану маңыздылығын түсіну;

2) арнайы тапсырмалар мен педагогикалық қызмет түрлері арқылы оқушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;

3) оқушыларға өмірден алынған мысалдар арқылы мәселелерді шешудің стратегияларын моделдеу;

4) оқушылардың зерттеу әрекеттері мен белсенді оқуын ынталандыру;

5) оқушылардың сын тұрғысынан ойлау және шығармашылық дағдыларын түрлі музыкалық іс-әрекеттерге қатысу арқылы дамыту;

6) оқушылардың жеке, топтық және ұжымдық жұмыс түрлерін ұйымдастыру;

7) әртүрлі музыкалық іс-әрекет түрлеріне оқушылардың белсенді қатысуы;

8) білімді өз бетімен іздену уәжін қалыптастыру;

9) «оқыту үшін бағалау» арқылы оқушылардың білім алуын қолдау;

10) бағалаудың әртүрлі тәсілдерін одан әрі дамыту үшін қолдану;

11) әрбір оқушының шығармашылық дағдыларын ашу үшін қолайлы орта құру;

12) оқушыларды белсендіру және ынталандыру мақсатында оқытудың дифференциациясы;

13) пәнаралық кіріктірілуі арқылы жүзеге асырылады.

4. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

29. «Музыка» пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

30. Критериалды бағалау – оқушылардың оқу-танымдық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін, бастауыш білім берудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес бағалау өлшемшарттарымен оқу процесінің барлық қатысушылары (оқушылар, мектеп әкімшілігі, педагогикалық ұжым, ата-аналар мен басқа да заңды тұлғаларға) алдын-ала таныстырылған нақты анықталған оқушылардың білім жетістігін

салыстыруға негізделген бағалау процесі.

31. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысына негізделген.

32. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

33. Бастауыш мектепте критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

34. Қалыптастырушы бағалау- оқушылардың күнделікті өмірде сабақта және/немесе үйде меңгерілген білім деңгейі мен дағдыларының қалыптасқандығын анықтайтын бағалау және оқытуда оқушы мен мұғалімнің өзара қарым-қатынасын белсенді жүзеге асырады, оқушыларға жаңа материалды оқу барысында олардың тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқытудың мақсаттары мен күтілетін нәтижеге жетуін түсінуге мүмкіндік береді.

35. Жиынтық бағалау- білім деңгейі және тоқсан соңындағы оқу бағдарламасы бөлімдерін аяқтауы бойынша оқушылардың білімді меңгеруі мен дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтайтын бағалау.

5. «Музыка» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

36. Әр сыныпқа арналған оқу жүктемесі:

1-кесте

Сынып	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
1	1 сағат	33 сағат
2	1 сағат	34 сағат
3	1 сағат	34 сағат
4	1 сағат	34 сағат

37. Музыка кабинеті сабақтарды өткізуге ыңғайлы және оқушылардың кіші және үлкен топтарда еркін жұмысын қамтамасыз ету үшін жылжымалы үстелдер мен орындықтары бар үлкен бөлме болуы керек. Кабинеттегі жиһаздың орналасуы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы қажет. Кабинетте музыкалық жабдықтарды, аудио-, бейнетехникаларды қосуға ыңғайлы болу үшін электр розеткаларды кабинеттің бірнеше жерлеріне орналастырған жөн. Кабинетте, жалюздер мен терезені қараңғылауға арналған жүйелер, қосалқы бөлме немесе сөрелер, материалдар, құралдар және музыкалық аспаптарды сақтайтын шкафтар қою, қабырғаларды дыбысты өткізбейтін қылып ескеру ұсынылады.

38. Кабинетте міндетті түрде интерактивтік, маркерлік және көрсетілім тақталары болуы қажет.

39. Пәнді тиімді оқыту үшін қажетті құрал-жабдықтар:

1) жабдықталған компьютер (монитор, жүйелі блок, саб-буфер, дыбыс ұлғайтқыштар (колонкалар), микрофон, тышқан, пернетақта, жүйелілік фильтр);

2) домбыра, фортепиано, синтезатор, баян, аккордеон;
3) фонотека (CD-музыкалық жазбалар қоры);
4) музыкалық орталық;
5) топтық жұмыстар үшін ноутбуктер;
6) бейнекамера;
7) фотоаппарат;
8) қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптары: домбыра, дабыл, дауылпаз, қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ, шаңқобыз, тұяқтас, мүйіз, тоқылдақ;
9) балаларға арналған музыкалық аспаптар жиынтығы: ксилофон, металлофон, бубен, маракастар, музыкалық үшбұрыш, белгілі биіктіктегі қоңыраулар, балалар барабандары.

40. Оқу пәнінің мазмұны:

1) пәннің мазмұнын анықтау үшін музыканы оқыту мақсаттарының үш бөлімнен, алты бөлімшеден тұратын жүйесі жасалған. 1-4 сыныптардағы музыкалық білім берудің мазмұндық бағыты оқыту мақсаттары жүйесінің үш бөліміне бағынған. Бұл бөлімдер оқушылардың музыкалық сауатын, орындаушылық және шығармашылық қызметін қалыптастыруға бағытталған. Бөлімдер мен бөлімшелер құрылымының логикасы оқушылардың музыкалық шығарма мәнін түсінудің негізі ретінде ақпараттарды қабылдауға негізделген (музыканы тыңдау және қабылдау, талдау және тыңдаған музыкаға әсерлену):

1-бөлім «Тыңдау, талдау және музыканы орындау» мынадай үш бөлімнен тұрады: « Музыканы тыңдау және талдау», «Музыкалық-орындаушылық қызмет», «Музыка сауаты». Бұл бөлімнің мақсаты музыкалық сауатты, тыңдау және музыканы талдау, вокалды-хор, аспаптық және ырғақтық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған;

2-бөлім «Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды жасау» сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерді дамытуды қалыптастыруға бағытталған: музыка шығару мен импровизация жасау үшін идея мен материалды талқылау және жинақтауды қарастыратын екі бөлімшеден тұрады. Осы бөлімде музыкадағы бастапқы АКТ дағдыларын қалыптастыратын оқу мақсаттары көзделеді;

3-бөлім «Презентация және бағалау» музыканың мазмұны арқылы оқушылардың коммуникативтік және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған музыкалық-шығармашылық жұмысын көрсету мен бағалау кезеңдерін қамтиды;

2-кесте

№	Оқыту мақсаты жүйесінің бөлімдері	Оқыту мақсаты жүйесінің бөлімшелері
1	Музыканы тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыканы тыңдау және талдау
		1.2 Музыкалық сауаттылық
		1.3 Музыкалық-орындаушылық іс- әрекет
2	Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды жасау	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау

		2.2 Музыка шығару және импровизациялау
3	Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау	3.1 Музыканы көрсету және бағалау

41. Бағдарламада оқу мақсаттарын тиімді қолдану және мониторинг жасау үшін кодтық белгілеу енгізілді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші сан бөлімді, үшінші сан бөлімшені, төртінші сан оқу мақсаттарының реттік санын білдіреді. Мысалы, код белгісіндегі 1.2.1.1: «1» сынып, «2» бөлім, «1» бөлімше, «1» оқу мақсатының реттік саны.

42. Ескертпе:

1) барлық оқу мақсаттары нақты контекстке қатысты байланбай, әртүрлі тақырып аясында іске асырылуы мүмкін.

43. Әрбір бөлімшенің аясында музыкалық білім берудің мақсатын айқындау 1-4 сыныптардағы білім берудің 41 мақсаттан тұратын жинақталған жүйесін жасауға мүмкіндік береді, онда 1 сыныпта оқытудың 9 мақсаты, 2 сыныпта -10, ал 3-4 сыныптарда -11 оқу мақсаттары көзделген. Оқыту мақсаттарын айқындауда, атап айтар болсақ қосалқы мәтінде, пәндік білім мен біліктіліктер ғана емес, сонымен бірге оларды нақты тәжірибеде қолдану, мысалы, оларды ән айту және музыкалық аспаптарда ойнауда қолдану, құрастыру және импровизация, музыкалық компьютерлік бағдарламаларды меңгеру үшін АКТ-ны пайдалану, пәнаралық байланыстар, сөйлеу қызметінің түрлерін дамыту мен комммуникативтік дағдыларды қолданудың арқауы тартылады:

1) 1-бөлім «Музыканы тыңдау, талдау және орындау»:

3-кесте

Оқушылар білуі тиіс…				
Оқыту мақсаттары жүйесінің бөлімшелері	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Музыка тыңдау және талдау	1.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарманың көңіл-күйін, ырғақ, екпінін, динамикасын анықтау 1.1.1.2 таныс дыбыстар мен музыканы тыңдау барысында анықтау және сипаттау	2.1.1.1 тыңдалған әннің немесе музыкалық шығарманың көңіл-күйін, мазмұнын және көркем құралдарын, музыкалық терминдерді қолдана отырып анықтау және салыстыру 2.1.1.2 музыка жайлы ой-сезімін визуалды элементтер мен музыкалық қимылдар арқылы жеткізу	3.1.1.1 тыңдалған әннің немесе музыкалық шығарманың мазмұнын, көркем бейнесін және көңіл-күйін музыкалық терминдерді қолдана отырып анықтау және салыстыру 3.1.1.2 терме, термеші, айтыс, суырып салма ақын ұғымдарын түсіндіру және ажырату 3.1.1.3 тыңдалған музыка жайлы өзінің ойын, сезімін түсіндіру	4.1.1.1 музыкалық терминдерді қолдана отырып, тыңдалған музыкалық шығарманың жанрын ажырату, стилін (халық, классикалық), анықтау 4.1.1.2 аңызшы, жыршы, жырау, қиса, аңыз, жыр, эпос ұғымдарын түсіндіру және ажырату 4.1.1. тыңдалған музыка жайлы өзінің ой-сезімін, шығармадағы көркем бейнені сипаттау арқылы негіздеу
				4.1.2.1 әр түрлі стиль мен жанрдағы шығармаларды

1 . 2 Музыкалық-орындаушылық іс- әрекет	1.1.2.1 әндерді музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындау 1.1.2.2 қарапайым ырғақтық суреттемелерді шулы музыкалық және қазақ халық аспаптарында ойнау	2.1.2 1 екпіні мен ырғағын сақтай отырып, әртүрлі сипатты әндерді музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындау 2.1.2.2 екпіні мен ырғағын сақтай отырып, қарапайым шулы музыкалық және қазақ халық аспаптарында ойнау	3.1.2.1 екпіні, динамикасы мен ырғағын сақтай отырып, әртүрлі сипатты музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен 3.1.2.2. екпіні, динамикасы және әртүрлі ырғақтық суреттемелерін сақтай отырып, шулы музыкалық және қазақ халық аспаптарында ансамбльмен ойнау	әуезділікпен, музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеусіз, таза интонацияны сақтай отырып орындау 4.1.2.2 шағын әуендерді, жеңіл әндерді канон формасында орындау 4.1.2.3 өз партиясын ансамбльде сақтай отырып, қазақ халық аспаптарында немесе виртуалды музыкалық аспаптарда (онлайн синтезатор) ойнау
1.3 Музыкалық сауаттылық	1.1.3.1 жоғарғы, орта, төменгі регистр, темп, динамика (f, p), қысқа, ұзақ дыбыстар, соль және ми ноталарының биіктігін естіп анықтау 1.1.3.2 қазақ халқының және басқа халықтардың музыкалық аспаптарының дыбыс бояуын ажырату	2.1.3.1 релятивтік жүйені қолдану арқылы дыбыс биіктігін (до, ми, соль) атау, нота ұзақтықтарын және паузаларды (төрттік, сегіздік) естіп анықтау 2.1.3.2 қазақ халқының музыкалық аспаптары мен классикалық аспаптардың дыбыс бояуын ажырату 2.1.3.3 халық әні, қазақ және орыс халық аспаптары, халық аспаптар оркестрі, дирижер ұғымдарын түсіндіру	3.1.3.1 Дыбыс биіктігін есту арқылы анықтау және бірінші октава көлеміндегі ноталарды жазу 3.1.3.2 музыкалық аспаптардың дыбысталуын ажырату және оларды топтастыру	4.1.3.1 қарапайым музыкалық формаларды (шумақ, қайырма АВ, АВА) стиль мен жанрларды, шығармадағы 3/4 өлшемді анықтау 4.1.3.2 хор түрлерін (балалар, әйел, ер, аралас) анықтап тану, аспаптардың құрамына қарай халық (қазақ, орыс) және симфониялық оркестрлерді ажырату

2) 2-бөлім «Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру»:

4-кесте

Оқушылар білуі тиіс				
Оқыту мақсаттары жүйесінің бөлімшелері	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2 . 1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	1.2.1.1 музыкалық фразалар шығару үшін идеялар ұсыну	2.2.1.1 музыкалық фразалар шығару және импровизациялау үшін идеялар ұсыну	3.2.1.1 музыканың көркемдеуші құралдарын қолданып, музыка шығару және импровизациялау үшін идеялар ұсыну	4.2.1.1 музыканың көркемдеуші құралдарын қолданып, музыка шығару және импровизациялау үшін идеяларды жүйелеу, материалдарды жинақтау
				4.2.2.1 дауысты, музыкалық аспаптарды (халық, классикалық немесе

2.2 Музыка шығару және импровизациялау	1.2.2.1 дауысты және музыкалық аспаптарды қолдану арқылы музыкалық фразалар (1-2 такт) шығару	2.2.2.1 дауысты және музыкалық аспаптарды қолдану арқылы музыкалық фразалар (2-4 такт) шығару және импровизациялау	3.2.2.1 дауысты, музыкалық аспаптарды қолдану арқылы 2/4 өлшемінде музыкалық сөйлем (4-8 такт) шығару және импровизациялау	виратуалды) немесе компьюрелік бағдарламаны (мысалы, Audacity) қолдану арқылы 3/4 өлшемінде музыкалық сөйлем (4-8 такт) шығару және импровизациялау

3) 3 бөлім «Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау»:

5-кесте

Оқушылар білуі тиіс				
Оқыту мақсаттары жүйесінің бөлімшелері	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1 Музыканы көрсету және бағалау	1.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсете білу	2.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсету және бағалай білу	3.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсету, өзінің және өзгелердің жұмыстарын бағалай білу	4.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсету және өлшем шарттарға сәйкес бағалай білу, өзінің жұмысын жақсарту үшін ұсыныстар енгізу

44. Ұзақ мерзімді жоспар:

1) осы музыканы оқыту мақсаттарының жүйесі әрбір сыныптағы музыкалық білім беру мазмұнының құрамы мен құрылымын анықтауға мүмкіндік береді, атап айтқанда: тақырыптық бөлімдер және тақырыптар. Әрбір тоқсанда екі ортақ тақырып бойынша оқылады: 1-2 ортақ тақырып I-тоқсанда, 3-4 ортақ тақырып II-тоқсанда, 5-6 ортақ тақырып III-тоқсанда, 7-8 ортақ тақырып әрбір сынып бойынша IV-тоқсанда;

2) музыканы оқыту мақсаттарының жүйесі тақырыптық бөлімдер мен тақырыптар шеңберлерін анықтайды:

1) 1-сынып:

6-кесте

Ортақ тақырыптар	Оқыту мақсаты жүйесінің бөлімдері	Оқыту мақсаты жүйесінің бөлімшелері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
Өзім туралы	Музыканы тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	1.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарманың көңіл- күйін, ырғақ, екпінін, динамикасын анықтау
		1 . 2 Музыкалық-орындаушылық іс- әрекет	1.1.2.1 әндерді музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындау 1.1.2.2 қарапайым ырғақтық суреттемелерді шулы музыкалық және қазақ халық аспаптарында ойнау
		1.3 Музыкалық сауаттылық	1.1.3.1 жоғарғы, орта, төменгі регистр, темп, динамика (f, p), қысқа, ұзақ дыбыстар, соль және ми ноталарының биіктігін естіп анықтау

	Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	1.2.1.1 музыкалық фразалар шығару үшін идеялар ұсыну
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	1.2.2.1 дауысты және музыкалық аспаптарды қолдану арқылы музыкалық фразалар (1-2 такт) шығару
Менің мектебім	Музыканы тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	1.1.1.2 таныс дыбыстар мен музыканы тыңдау барысында анықтау және сипаттау
		1 . 2 Музыкалық-орындаушылық іс- әрекет	1.1.2.1 әндерді музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындау
		1.3 Музыкалық сауаттылық	1.1.3.1 жоғарғы, орта, төменгі регистр, темп, динамика (f, p), қысқа, ұзақ дыбыстар, соль және ми ноталарының биіктігін естіп анықтау
	Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	1.2.1.1 музыкалық фразалар шығару үшін идеялар ұсыну
	Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау	3.1 Музыканы көрсету және бағалау	1.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсете білу
2-тоқсан			
Менің отбасым және достарым	Музыканы тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	1.1.1.2 таныс дыбыстар мен музыканы тыңдау барысында анықтау және сипаттау
		1 . 2 Музыкалық-орындаушылық іс- әрекет	1.1.2.1 әндерді музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындау
		1.3 Музыкалық сауаттылық	1.1.3.1 жоғарғы, орта, төменгі регистр, темп, динамика (f, p), қысқа, ұзақ дыбыстар, соль және ми ноталарының биіктігін естіп анықтау 1.1.3.2 қазақ халқының және басқа халықтардың музыкалық аспаптарының дыбыс бояуын және дауыс бояуын ажырату
	Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	1.2.1.1 музыкалық фразалар шығару үшін идеялар ұсыну
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	1.2.2.1 дауысты және музыкалық аспаптарды қолдану арқылы музыкалық фразалар (1-2 такт) шығару
	Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау	3.1 Музыканы көрсету және бағалау	1.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсете білу
		1.1 Музыканы тыңдау және талдау	1.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарманың көңіл- күйін, ырғақ, екпінін, динамикасын анықтау

Бізді қоршаған әлем	Музыканы тыңдау, талдау және орындау	1 . 2 Музыкалық-орындаушылық іс- әрекет	1.1.2.1 әндерді музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындау
	Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	1.1.2.1 музыкалық фразалар шығару үшін идеялар ұсыну
		3.1 Музыканы көрсету және бағалау	1.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсете білу
3-тоқсан			
Саяхат	Музыканы тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	1.1.1.2 таныс дыбыстар мен музыканы тыңдау барысында анықтау және сипаттау
		1 . 2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	1.1.2.1 әндерді музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындау 1.1.2.2 қарапайым ырғақтық суреттемелерді шулы музыкалық және қазақ халық аспаптарында ойнау
		1.3 Музыкалық сауаттылық	1.1.3.1 жоғарғы, орта, төменгі регистр, темп, динамика (f, p), қысқа, ұзақ дыбыстар, соль және ми ноталарының биіктігін естіп анықтау 1.1.3.2 қазақ халқының және басқа халықтардың музыкалық аспаптарының дыбыс бояуын және дауыс бояуын ажырату
	Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау	3.1 Музыканы және бағалау	1.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсете білу
Дәстүр және фольклор	Музыканы тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	1.1.1.2 таныс дыбыстар мен музыканы тыңдау барысында анықтау және сипаттау
		1 . 2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	1.1.2.1 әндерді музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындау 1.1.2.2 қарапайым ырғақтық суреттемелерді шулы музыкалық және қазақ халық аспаптарында ойнау
		1.3 Музыкалық сауаттылық	1.1.3.2 қазақ халқының және басқа халықтардың музыкалық аспаптарының дыбыс бояуын және дауыс бояуын ажырату
	Музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	1.2.1.1 музыкалық фразалар шығару үшін идеялар ұсыну
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	1.2.2.1 дауысты және музыкалық аспаптарды қолдану арқылы музыкалық фразалар (1-2 такт) шығару
	Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау	3.1 Музыканы көрсету және бағалау	1.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсете білу

4-тоқсан			
Жемістер мен көкөністер	Музыканы тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	1.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарманың көңіл- күйін, ырғақ, екпінін, динамикасын анықтау
		1 . 2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	1.1.2.1 әндерді музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындау 1.1.2.2 қарапайым ырғақтық суреттемелерді шулы музыкалық және қазақ халық аспаптарында ойнау
		1.3 Музыкалық сауаттылық	1.1.3.1 жоғарғы, орта, төменгі регистр, темп, динамика (f, p), қысқа, ұзақ дыбыстар, соль және ми ноталарының биіктігін естіп анықтау 1.1.3.2 қазақ халқының және басқа халықтардың музыкалық аспаптарының дыбыс бояуын және дауыс бояуын ажырату
	Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	1.2.1.1 музыкалық фразалар шығару үшін идеялар ұсыну
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	1.2.2.1 дауысты және музыкалық аспаптарды қолдану арқылы музыкалық фразалар (1-2 такт) шығару
Дені саудың-жаны сау	Музыканы тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	1.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығарманың көңіл- күйін, ырғақ, екпінін, динамикасын анықтау (ән, күй)
		1 . 2 Музыкалық-орындаушылық іс- әрекет	1.1.2.1 әндерді музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындау 1.1.2.2 қарапайым ырғақтық суреттемелерді шулы музыкалық және қазақ халық аспаптарында ойнау
	Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	1.2.1.1 музыкалық фразалар шығару үшін идеялар ұсыну
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	1.2.2.1 дауысты және музыкалық аспаптарды қолдану арқылы музыкалық фразалар (1-2 такт) шығару
	Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау	3.1 Музыканы көрсету және бағалау	1.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсете білу

2) 2 - с ы н ы п :

7-кесте

Ортақ тақырыптар	Оқу мақсаты жүйесінің бөлімдері	Оқу мақсаты жүйесінің бөлімшелері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
			2.1.1.1 тыңдалған әннің немесе музыкалық шығарманың көңіл-күйін, мазмұнын және көркем құралдарын, музыкалық терминдерді қолдана отырып

Өзім туралы	Музыканы тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	анықтау және салыстыру 2.1.1.2 музыка жайлы ой-сезімін визуалды элементтер мен музыкалық қимылдар арқылы жеткізу
		1 . 2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	2.1.2.1 екпіні мен ырғағын сақтай отырып, әртүрлі сипатты әндерді музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен о р ы н д а у 2.1.2.2 екпіні мен ырғағын сақтай отырып, қарапайым шулы музыкалық және қазақ халық аспаптарында ойнау
		1.3 Музыкалық сауаттылық	2.1.3.1 релятивтік жүйені қолдану арқылы дыбыс биіктігін (до, ми, соль) атау, нота ұзақтықтарын және паузаларды (төрттік, сегіздік) естіп анықтау
	Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру	2.2 Музыка шығару және импровизациялау	2.2.2.1 дауысты және музыкалық аспаптарды қолдану арқылы музыкалық фразалар (2-4 такт) шығару және импровизациялау
	Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау	3 . 1 Музыкалық-шығармашылық жқмысты көрсету және бағалау	2.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсету және бағалай білу
Менің отбасым және достарым	Музыканы тыңдау, талдау және орындау	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	2.1.1.2 музыка жайлы ой-сезімін визуалды элементтер мен музыкалық қимылдар арқылы жеткізу
		1 . 2 Музыкалық-орындаушылық іс- әрекет	2.1.2.1 екпіні мен ырғағын сақтай отырып, әртүрлі сипатты әндерді бір тыныспен, шағын топтармен, музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындау 2.1.2.2 екпіні мен ырғағын сақтай отырып, қарапайым шулы музыкалық және қазақ халық аспаптарында ойнау
		1.3 Музыкалық сауаттылық	2.1.3.1 релятивтік жүйені қолдану арқылы дыбыс биіктігін (до, ми, соль) атау, нота ұзақтықтарын және паузаларды (төрттік, сегіздік) естіп анықтау
	Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау	3.1 Музыканы көрсету және бағалау	2.3.1.1өз шығармашылық жұмысын көрсету және бағалай білу
2-тоқсан			
		1.1 Музыканы тыңдау және талдау	2.1.1.1 тыңдалған әннің немесе музыкалық шығарманың көңіл-күйін, мазмұнын және көркем құралдарын, музыкалық терминдерді қолдана отырып анықтау және салыстыру

Менің мектебім	Музыканы тыңдау, талдау және орындау	1 . 2 Музыкалық-орындаушылық іс- әрекет	2.1.2.1 екпіні мен ырғағын сақтай отырып, әртүрлі сипатты әндерді музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындау 2.1.2.2 екпіні мен ырғағын сақтай отырып, қарапайым шулы музыкалық және қазақ халық аспаптарында ойнау
		1.3 Музыкалық сауаттылық	2.1.3.1 релятивтік жүйені қолдану арқылы дыбыс биіктігін (до, ми, соль) атау, нота ұзақтықтарын және паузаларды (төрттік, сегіздік) естіп анықтау
	Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	2.2.1.1 музыкалық фразалар шығару және импровизациялау үшін идеялар ұсыну
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	2.2.2.1дауысты және музыкалық аспаптарды қолдану арқылы музыкалық фразалар (2-4 такт) шығару және импровизациялау
	Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау	3.1 Музыканы көрсету және бағалау	2.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсету және бағалай білу
Менің туған өлкем	Музыканы тыңдау және талдау	1.1 Музыканы тыңдау және талдау	2.1.1.2 музыка жайлы ой-сезімін визуалды элементтер мен музыкалық қимылдар арқылы жеткізу
		1 . 2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет	2.1.2.1 екпіні мен ырғағын сақтай отырып, әртүрлі сипатты әндерді музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен орындау 2.1.2.2 екпіні мен ырғағын сақтай отырып, қарапайым шулы музыкалық және қазақ халық аспаптарында ойнау
	Музыканы тыңдау және талдау	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	2.2.1.1 музыкалық фразалар шығару және импровизациялау үшін идеялар ұсыну
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	2.2.2.1 дауысты және музыкалық аспаптарды қолдану арқылы музыкалық фразалар (2-4 такт) шығару және импровизациялау
	Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау	3.1 Музыканы көрсету және бағалау	2.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсету және бағалай білу
3-тоқсан			
	Музыканы тыңдау талдау және орындау	1 . 2 Музыкалық-орындаушылық іс- әрекет	2.1.1.1 тыңдалған әннің немесе музыкалық шығарманың көңіл-күйін, мазмұнын және көркем құралдарын, музыкалық терминдерді қолдана отырып анықтау және салыстыру 2.1.2.1 екпіні мен ырғағын сақтай отырып, әртүрлі сипатты әндерді музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен

Дені саудың-жаны сау			о р ы н д а у 2.1.2.2 екпіні мен ырғағын сақтай отырып, қарапайым шулы музыкалық және қазақ халық аспаптарында ойнау
	Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру	2.1 Шығармашылық идеяларды дамыту және материалдарды жинақтау	2.2.1.1 музыкалық фразалар шығару және импровизациялау үшін идеялар ұсыну
		2.2 Музыка шығару және импровизациялау	2.2.2.1 дауысты және музыкалық аспаптарды қолдану арқылы музыкалық фразалар (2-4 такт) шығару және импровизациялау
	Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау	3.1 Музыканы көрсету және бағалау	2.3.1.1 өз шығармашылық жұмысын көрсету және бағалай білу
1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың жұмыс барысында, бос уақыттарында және коммуникацияда сенімді және шығармашылықпен қолдана білуін қамтамасыз етеді. Бұл құзыреттілік АКТ-ның

негізгі дағдылары арқылы қалыптасады;

2) оқушылар өздерінің АКТ-ны қолдану дағдыларын барлық пәндерге арналған білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында дамытады. Яғни, АКТ-ны пайдалана отырып ақпаратты табу, құру, мәліметтер мен ой түйіндерімен бөлісе және алмаса отырып құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдалану арқылы өз жұмысын бағалайды және жетілдіреді;

3) бұл «Дене шынықтыру» пәні бағдарламасында төмендегідей жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылады:

БАҚ және мультимедиялық құралдарды пайдалану;

дерекқордан және интернеттен ақпаратты іздеу;

сандық және интернет дереккөздері арқылы алынған ақпараттарды таңдап, өңдеу және оның нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай алу;

сандық, мәтіндік және визуалдық ақпаратпен және дерекқормен, оның ішінде гиперсілтемелерді, электрондық кестелерді, графикалық және басқа қосымшаларды пайдаланып жұмыс істеу арқылы мәліметті жүйелеу; қолдану; заңдылықтар мен тенденцияларды зерттеу; модельдер мен модельдеуді пайдалану мүмкіндіктерін зерделеу, сонымен қатар, жылжымайтын және қозғалыстағы бейнелерді, дыбыстарды мен мәтіндерді мультимедиалық таныстырылымдар құру үшін біріктіру;

басқа нұсқаларды зерделеуде, нақтылауда және нәтижелерді жақсартуда сандық ақпараттың икемділігін толығымен пайдалану;

электрондық байланысқа, он-лайн форумдарға, виртуалдық оқыту орталарына қатысу арқылы, басқа оқушылармен және мұғалімдермен әртүрлі байланыс арнасы бойынша ынтымақтастықта болып қарым-қатынас жасау және ақпарат алмасу;

интерактивті тақтаны белсенді оқытуға техникалық қолдау көрсету мақсатында қолдану;

аяқталған жұмысты мектеп шеңберінде және өзге орталарда мультимедиялық таныстыру.

4. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

32. «Дене шынықтыру» пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

33. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысында құрылған. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

34. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

35. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз өткізіледі, оқушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

36. Жиынтық бағалау белгілі оқу мерзімінде оқу блогын оқып бітіргенде өткізіледі, оқушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін колданылады.

5. «Дене шынықтыру» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

37. Оқу жүктемесінің бөлінуі:

1-кесте

Сынып	Апталық жүктеме	Жылдық сағат саны
1-сынып	3 сағат	99 сағат
2-сынып	3 сағат	102 сағат
3-сынып	3 сағат	102 сағат
4-сынып	3 сағат	102 сағат

38. Арнайы медициналық топтарда (денсаулығына байланысты, әр деңгейдегі оқушылармен) сабақ ұйымдастыру:

1) жүйелі түрде жүргізілетін және ғылыми негізделген педагогикалық бақылаудың арқасында ғана дене шынықтыру балалар мен жасөспірімдердің денсаулықтарын сақтау мен нығайтудың, олардың физикалық дамуын жақсартудың тиімді әдісі бола алады. Осыған байланысты дене шынықтыру пәнінің мұғалімі физикалық жаттығулардың өсіп келе жатқан ағзаға әсері туралы жеткілікті деңгейде хабардар болуға тиіс. Сонымен қатар, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері өздерінің педагогикалық әдістерін бақылап, оларды оқушылардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес өзгертіп отырулары тиіс;

2) арнайы топтағы оқушылар үшін дене шынықтырудың басты міндеттері төмендегілер болып табылады:

салауатты өмір салтын насихаттау, сонымен қатар, оқушылардың физикалық даму процесінде көмек көрсету құқықтарын білуі;

аурудан әлсіреген органдары мен жүйелерінің функционалдық деңгейін арттыру;

физикалық және ақыл-ой қабілеттерін арттыру;

оқушылардың ағзалары аллергияларға, суық тию ауруларына және созылмалы инфекцияларға қарсы тұра алуы үшін олардың иммундық жүйелерін жақсарту;

дұрыс мүсін қалыптастыру және оны түзету;

дұрыс тыныс алу техникасына үйрету;

негізгі қимыл-қозғалыс қабілеттері мен дағдыларын игеру;

рухани және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу;

оқушыларды өздігінен денені шынықтыратын іс-әрекеттерді жасау және оны күнделікті өмірде қолдануға тәрбиелеу;

барлық оқушылар үшін тиімді жұмыс істеу жағдайларын жасау.

3) арнайы медициналық топтағы оқушылардың шалдыққан сырқаттарының ауырлығына және сипатына байланысты дене шынықтыру сабақтарында

дифференциалды оқыту үшін оларды А және Б кіші топтарына бөлу ұсынылады:

А кіші тобы – денсаулықтарында түрлі ахуалы бар, қалпына келтіруге болатын ауытқулар бар оқушылар;

Б кіші тобы – сыртқы және ішкі ағзалар жүйесінде ауыр сырқатқа шалдыққан, қалпына келтіруге болмайтын өзгерістері бар оқушылар (мысалы, жүрек-қан тамырлары ауруы, несеп шығару жолдарының аурулары, бауыр аурулары; көз түбінің өзгеруі салдарынан көру қабілетінің жоғары деңгейде бұзылуы).

39. «Дене шынықтыру» пәнінің мұғалімдері төмендегілерді орындауға тиіс:

1) оқушыларды олардың денсаулық жағдайларына сәйкес кіші топтарға бөлу (жоғарыда көрсетілгеніне сәйкес болуы тиіс);

2) оқушылардың сырқаттану диагнозына байланысты оқушыларға жаттығулар белгілеу;

3) оқыту, сабақ беру және бағалау процесіндегі әдістерін дараландыру;

4) сабақтарда орындалатын қимыл қозғалыс әрекетінде өз білімдерін жетік қолдана алатын, медициналық білімі бар мамандардың қолдауымен сабақ өткізу.

40. «Дене шынықтыру» пәнінің мазмұны:

1) пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген. Бұл бөлімдер өз ішінде білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыруды көздейтін бөлімшелерден тұрады. Оқыту мақсаттары әр бөлімше ішінде мұғалім мен оқушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсетеді:

2-кесте

Бөлім	Бөлімше
1. Қозғалыс әрекеттері	1.1. Негізгі қозғалыс дағдыларын дамыту: тірек-қозғалыс аппараты, денені және объектіні басқара біледі
	1.2. Физикалық дамуға ықпал ететін түрлі дене жаттығуларында түйіндес қозғалыстарды жақсартады және орындайды
	1.3. Кеңістікті, ағынды, салмақты, уақытты түсінгенін көрсету арқылы кезектілігін сақтап, жаттығуларды дұрыс әрі тиімді орындайды
	1.4. Өзінің және басқалардың дене қозғалыстарын, кемшіліктерін және әлеуетін анықтайды
	1.5. Өзінің және басқалардың қызметін жақсарту үшін негізгі қозғалыс әрекеттерін бағалауды дамытады.
	1.6. Қозғалыс қабілеттерін жақсарту үшін оқудың әр кезеңдерінде қиындықтар мен тәуекелдерді түсінеді
	2.1. Өзгеріп отыратын жағдайларда әрекет ету үшін балама шешімдер арқылы қозғалыспен байланысты жоспарларды, стратегияларды және идеяларды бейімдейді
	2.2. Команда жетекшісінің рөлін кезектесіп орындау арқылы мақсаттарға қол жеткізу үшін өз бетімен және бірлесе жұмыс істейді
	2.3. Қолайлы оқу ортасын құру үшін бірлесіп жұмыс істеуге дағдыларын біледі және түсінеді

2. Қозғалыс дағдылары арқылы шығармашылық қасиеттер және сыни ойлау	2.4. Бірқатар дене жаттығуларында ережелер мен құрылымдық амалдарды пайдаланады, қолданады және жасайды
	2.5. Өзінің және басқалардың шығармашылық міндеттеріне сыни қарайды, қажет болған жағдайда, құрылымдық ұсыныстар жасайды
	2.6. Эмоциялар, көңіл-күйлер және тақырыптарды көрсету үшін бірқатар құрылымдық идеяларды дамытады
	2.7. Физикалық жаттығулар кезінде жеке және топтық тапсырмаларды орындау барысында топпен жұмыс істеп, әділ жарыса біледі, патриоттық сезімін дамытады
	2.8. Түрлі қимыл контекстерінен туындаған рөлдерді орындайды және олардың айырмашылықтарын түсінеді
3. Денсаулық және салауатты өмір салты	3.1. Денсаулық пен салауатты өмір салтының дене белсенділігіне маңыздылығын түсінеді
	3.2. Дене жаттығуларын орындау барысында денені ширату мен босатудың қажеттілігін түсінеді
	3.3. Дене жаттығуларын орындау кезінде тыныс алу, жүрек соғысының жиілігі, дене қызуы сияқты ағзадағы физикалық өзгерістерді қалай бақылайтынын біледі
	3.4. Денсаулық жағдайын нығайтуға бағытталған бірқатар физикалық жүктемелерге қатысу барысында сәйкес әрекет етіп, қиындықтар мен тәуекелдерді анықтайды және оларды жеңе біледі
	3.5. Мектептен тыс және мектеп ішіндегі физикалық қызметтерге қатысу үшін мүмкіндіктерін анықтайды және ұсынады

41. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) 1-бөлім «Қозғалыс әрекеттері»:

3-кесте

Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1. Негізгі қозғалыс дағдыларын дамыту: тірек-қозғалыс аппараты, денені және объектіні басқара біледі.	1.1.1.1 Қарапайым дене жаттығуларын орындауда негізгі қимыл-қозғалыс машықтарын біледі, жасай алады.	2.1.1.1 Түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде негізгі қозғалыс машықтарының сапасын жақсартады.	3.1.1.1 Негізгі дене жаттығуларын орындау кезінде қозғалыс машықтарын біледі, түсінеді және жақсартып жалғастырады.	4.1.1.1 Түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде негізгі қозғалыс машықтарын түсінеді және көрсетеді.
1.2. Физикалық дамуға ықпал ететін түрлі дене жаттығуларында түйіндес қозғалыстарды жақсартады және орындайды	1.1.2.2 Негізгі дене қозғалыстарын және олардың қарапайым дене жаттығуларымен қалай байланысты болатынын біледі	2.1.2.2 Өз бетінше байланыстыруды үйреніп, негізгі қозғалыс машықтарын түсінеді және жақсартады	3.1.2.2 Дене дамуы үшін қарастырылған түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде қозғалыстарды қалай орындау керек екендігін біледі және түсінеді	4.1.2.2 Дене дамуына ықпал ететін түрлі жүйелі жаттығулар мен қозғалыстарды орындау сапасын арттыруды түсінеді және көрсетеді
1.3. Кеңістікті, ағынды, салмақты, уақытты түсінгенін көрсету арқылы кезектілігін	1.1.3.3 Дене жаттығуларының әр түрінде қозғалыстарды орындау мәнмәтінінде уақыт, кеңістік, салмақ пен бір қалыптылық	2.1.3.3 Қарапайым дене жаттығуларын орындау кезінде уақытты, кеңістікті және бірқалыптылықты түсінетінін көрсетеді	3.1.3.3. Уақытты, кеңістікті және бірқалыптылықты түсінетінін көрсететін	4.1.3.3 Қимылды орындаудың уақыт, кеңістік және бір қалыптылық туралы түсініктерін көрсететін бірқатар тиімді машықтарды және жүйеліліктерді

сақтап, жаттығуларды дұрыс әрі тиімді орындайды	түсініктері туралы біледі		машықтарды және жүйелілікті дамытады және жетілдіреді	түсінеді және қолдана біледі
1.4. Өзінің және басқалардың дене қозғалыстарын, кемшіліктерін және әлеуетін анықтайды	1.1.4.4. Қозғалыс машықтары бойынша өзінің күшті жақтарын және кемшіліктерін сипаттай біледі	2.1.4.4 Қимыл кемшіліктерін түзету қабілеттілігін дамыту үшін қозғалу машықтары бойынша өзінің күшті жақтарын және кемшіліктерін түсінеді және түсіндіреді	3.1.4.4 Өзінің күшті жақтары мен кемшіліктерін анықтайды және басқалардың жаттығуларды орындау сапасын талқылайды	4.1.4.4. Дене жаттығуларын шебер орындау үшін әлеуетті анықтап, қозғалыстың күшті және әлсіз жақтарын салыстырады
1.5. Өзінің және басқалардың қызметін жақсарту үшін негізгі қозғалыс әрекеттерін бағалауды дамытады.	1.1.5.5 Түрлі кеңістіктерде бірқатар қарапайым іс-қимылдарды біледі және орындай алады	2.1.5.5 Кеңістікте және динамикада қарапайым өзгерістермен іс-қимылдарды ұғынады және жеткізе біледі	3.1.5.5 Орындау және бағалау кезінде бірқатар іс-қимылдарды, кеңістікті, динамиканы және байланыстарды көрсетеді және анықтай біледі	4.1.5.5 Қолданылатын бірқатар іс-қимылдарды, кеңістікті, динамиканы және байланыстарды көрсете және түсіндіре отырып, өзінің және басқаларының іс-қимылдарды орындауына ортақтасады
1.6. Қозғалыс қабілеттерін жақсарту үшін оқудың әр кезеңдерінде қиындықтар мен тәуекелдерді түсінеді	1.1.6.6. Қарапайым, өзгертілген дене жаттығуларын орындау кезінде туындауға мүмкін тәуекелдерді және қиындықтарды біледі	2.1.6.6. Тәуекелдердің туындау мүмкіндігін түсінеді, қарапайым және өзгертілген дене жаттығуларын жетілдіру кезінде машықтар мен шеберлікті нығайтады.	3.1.6.6 Қозғалыс қызметін оқытудың түрлі кезеңдерінде тәуекелдердің туындауын қысқартады және қиындықтарды еңсеру шеберлігі мен машықтарын жетілдіреді	4.1.6.6 Жаттығулардың әр түрін орындау кезінде тәуекелдерді қысқарту және туындайтын қиындықтарды еңсеру қабілеттілігін көрсетіп орындалатын жаттығулардың күрделілігінің деңгейін тани біледі

2) 2-бөлім «Қозғалыс дағдылары арқылы шығармашылық қасиеттер және сыни ойлау» :

4-кесте

Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1. Өзгеріп отыратын жағдайларда әрекет ету үшін балама шешімдер арқылы қозғалыспен байланысты жоспарларды, стратегияларды және идеяларды бейімдейді	1.2.1.1 Дене қызметін орындау және оған қатысу кезінде қозғалыс идеяларын, стратегияларын және жоспарларын біледі және түсінеді	2.2.1.1 Баламаларды түсінетінін көрсетіп, қозғалыс идеяларын, стратегияларын және жоспарларды талқылайды және көрсетеді	3.2.1.1 Бірқатар қозғалыс идеяларымен, стратегиялар-мен және жоспарлармен баламаларды талдау үшін проблемаларды жою әдістерін қолданады	4.2.1.1 Баламаларды анықтап және жасап қозғалыс идеяларын, стратегияларды және жоспарларды анықтайды және ұйымдастырады.
2.2. Команда жетекшісінің рөлін кезектесіп орындау арқылы мақсаттарға	1.2.2.2. Әрекет мақсаттарына қол жеткізу үшін өз бетінше қалай жұмыс	2.2.2.2 Әрекет мақсаттарына қол жеткізу үшін командада жұмыс істей бастайды	3.2.2.2 Әрекет мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған жұмыс барысында өзіндік және	4.2.2.2 Көшбасшылық рөлдерімен кезектесіп алмасып, әрекет мақсаттарына қол

қол жеткізу үшін өз бетімен және бірлесе жұмыс істейді	істеу керек екендігін біледі	және өзіндік жұмыс жөніндегі білімін нығайтады	командалық жұмыстың мағынасын түсінеді. Көшбасшылық рөлдерімен алмасып, жұмыс істей бастайды	жеткізу үшін өз бетінше және топта жұмыс істей біледі
2.3. Қолайлы оқу ортасын құру үшін бірлесіп жұмыс істеу дағдыларын біледі және түсінеді	1.2.3.3 Түрлі дене жаттығуларын орындауда қолайлы оқыту ортасын құру маңыздылығын мойындай отырып, кеңістік, ресурстар мен идеяларды біледі және бөліседі	2.2.3.3 Түрлі дене жаттығуларын орындауда қолайлы оқыту ортасын құру маңыздылығын мойындай отырып, идеяларды, ресурстарды кеңістікте ауыстыру білімін бекітеді	3.2.3.3 Түрлі дене жаттығуларын орындауда қолайлы оқыту ортасын құру маңыздылығын мойындай отырып, идеяларды, ресурстарды кеңістікте ауыстыру білімін қолданады	4.2.3.3 Түрлі дене жаттығуларын орындауда қолайлы оқыту ортасын құру маңыздылығын мойындай отырып, идеяларды, ресурстарды кеңістікте ауыстыру айырмашылығын біледі.
2.4. Бірқатар дене жаттығуларында ережелер мен құрылымдық амалдарды пайдаланады, қолданады және жасайды	1.2.4.4. Таңдалған дене жаттығуларын орындау кезінде қарапайым ережелерді және құрылымдық тәсілдерді атап өтеді және пайдаланады	2.2.4.4. Түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде ережелерді және құрылымдық тәсілдерді талқылайды және көрсетеді	3.2.4.4. Бірқатар дене жаттығуларына қатысқан кезде ережелерді және құрылымдық тәсілдерді білетінін қолданады және пайдаланады	4.2.4.4 Түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде ережелер мен құрылымдық тәсілдерді жасайды және қолданады
2.5. Өзінің және басқалардың шығармашылық міндеттеріне сыни қарайды, қажет болған жағдайда, құрылымдық ұсыныстар жасайды	1.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмалары-ның күшті жақтарын және жақсартуды қажет ететін жақтарын іздейді және бақылайды	2.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмалары мен басқаларының тапсырмалары бойынша талқылайды және қорытындылар шығарады, сонымен қатар конструктивті ұсыныс жасайды	3.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмаларын және басқаларын талдау үшін конструктивті ұсыныстар жасау туралы алынған білімді пайдаланады және қолданады	4.2.5.5. Орындаушыларға конструктивтік ұсыныстар жасау үшін шығармашылық тапсырмаларға қатысты өзінің сыни тұрғыдан көзқарасы мен басқаларының көзқарастарын біріктіреді
2.6. Эмоциялар, көңіл-күйлер және тақырыптарды көрсету үшін бірқатар құрылымдық идеяларды дамытады	1.2.6.6 Тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жеткізу үшін кейбір композициялық элементтермен танысады және пайдаланады	2.2.6.6. Тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жеткізу қабілеттігін көрсетіп, өзінің композициялық идеяларын түсінеді және талқылайды	3.2.6.6. Тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жасау үшін композициялық идеялармен эксперимент жасайды	4.2.6.6. Белгілі бір тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жеткізу үшін бірқатар композициялық идеяларды анықтайды және құрайды
2.7. Физикалық жаттығулар кезінде жеке және топтық тапсырмаларды орындау барысында топпен жұмыс істеп, әділ жарыса біледі, патриоттық сезімін дамытады	1.2.7.7 Дербес және топтық қызметті орындау кезінде өзара қалай әрекет етуді біледі. Патриоттықтың негізделуін түсінеді	2.2.7.7. Патриоттық сезімнің не екенін біледі, бір-бірімен әрекет ету, адал бәсекелестіктің мағынасын түсінеді	3.2.7.7. Патриотизмнің мағынасын түсіндіреді, топтық және дербес дене қимылдарында өзара іс қимыл мен адал ойын көрсетеді	4.2.7.7. Топтық және дербес дене қимылдарында патриоттық сезімін, өзара іс қимылдар мен адал бәсекелестікті көрсетеді

2.8. Түрлі қимыл контекстерінен туындаған рөлдерді орындайды және олардың айырмашылықтарын түсінеді	1.2.8.8 Түрлі қарапайым әрекеттерді орындау кезінде өзінің рөлін білу және басқаларының рөлін анықтап тани бастайды	2.2.8.8 Түрлі қарапайым әрекеттерді орындау кезінде олардың айырмашылықтарын біле отырып, өзінің және басқаларының рөлін түсінеді және көрсетеді	3.2.8.8 Қарапайым әрекеттерді орындау кезінде айырмашылықтарын түсіндіруе отырып, өзінің және басқаларының рөлін көрсетеді	4.2.8.8 Түрлі әрекеттерді орындау кезінде олардың айырмашылықтарын сезіне отырып, түрлі рөлдермен эксперимент жасау

3) 3-бөлім «Денсаулық және салауатты өмір салты»:

5-кесте

Бөлімше	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
3.1. Денсаулық пен салауатты өмір салтының дене белсенділігіне маңыздылығын түсінеді	1.3.1.1 Денсаулық туралы жалпы түсінік алу, дене белседілігін ұғынады.	2.3.1.1 Дене жаттығуларын жасау барысында сауықтыру артықшылығын талқылап, сипаттайды.	3.3.1.1 Дене жаттығулары-ның, сауықтырудың пайдасын денсаулықты нығайтуға ықпал ететін көрсете біледі және түсінеді	4.3.1.1 Дене жаттығулары үшін денсаулық және салауатты өмір салтының маңыздылығын талдайды және түсінеді
3.2. Дене жаттығуларын орындау барысында денені ширату мен босатудың қажеттілігін түсінеді	1.3.2.2 Жаттығуларды орындау кезінде денені ширатып шынықтырудың маңызын сипаттайды.	2.3.2.2 Дене қызметін орындаған кезде денені қыздыру және босаңсыту процесін анықтайды	3.3.2.2 Дене қызметімен айналысқанда денені қыздыру және босаңсыту маңызын түсіндіреді	4.3.2.2 Дене қызметімен айналысқан кезде, денені қыздыру және босаңсыту қажеттілігін көрсетеді және талқылайды
3.3. Дене жаттығуларын орындау кезінде тыныс алу, жүрек соғысының жиілігі, дене қызуы сияқты ағзадағы физикалық өзгерістерді қалай бақылайтынын біледі	1.3.3.3 Дене жаттығуларын орындау кезінде ағзадағы физикалық өзгерістерді анықтайды	2.3.3.3 Дене жаттығуларын орындау кезінде ағзадағы физикалық өзгерістерді қалай бақылайтынын біледі	3.3.3.3 Дене жаттығуларын орындау кезінде физикалық өзгерістерді анықтау үшін бірқатар бақылау стратегияларын көрсетеді және түсіндіреді	4.3.3.3 Дене қимылдарын орындау кезінде немесе орындағаннан кейін белгілі бір физикалық өзгерістерді көру үшін бірқатар бақылау стратегияларын қолданады
3.4. Денсаулық жағдайын нығайтуға бағытталған бірқатар физикалық жүктемелерге қатысу барысында сәйкес әрекет етіп, қиындықтар мен тәуекелдерді анықтайды және оларды жеңе біледі	1.3.4.4. Бірқатар дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді анықтайды	2.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін аз ғана дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді түсінеді, оларға жауап қайтарудың кейбір негізгі жолдарын анықтайды	3.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене жаттығуларын орындау кезінде тиісінше жауап қайтарып, қиындықтар мен тәуекелдерді қалай еңсеру керек екендігін түсінеді және көрсетеді	4.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді еңсеру үшін тиісті реакцияларды таңдайды және қолданады
3.5. Мектептен тыс және мектеп ішіндегі физикалық қызметтерге қатысу үшін	1.3.5.5. Дене қимылдарына	2.3.5.5. Мектептен тыс және мектеп кезінде дене қимылдарына қатысу мүмкіндігін	3.3.5.5. Түрлі дене қызметтеріне қатысу	4.3.5.5.Дене қимылдарына қатысудың түрлі мүмкіндіктерін зерттейді және салыстырады, оларға

мүмкіндіктерін анықтайды және ұсынады	қатысу мүмкіндіктерін анықтайды	түсіне бастайды және анықтайды	мүмкіндігін қалай алу керектігін қарайды және түсіндіреді	қатысу мүмкіндіктерін алу жолдарын қарастырады

42. Ұзақ мерзімді жоспар:

1) 1-сынып:

6-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырып/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1-бөлім – Денсаулықты білу және түсіну	Қауіпсіздік ережесі. Дене тәрбиесі дегеніміз не	1.3.4.4. Бірқатар дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді анықтау
		1.3.1.1 Денсаулық туралы жалпы түсінік алу, дене белседілігін ұғыну.
	Күн тәртібі, таңғы жаттығу және серігу	1.3.2.2 Жаттығуларды орындау кезінде денені ширатып шынықтырудың маңызын сипаттау.
		1.3.3.3 Дене жаттығуларын орындау кезінде ағзадағы физикалық өзгерістерді анықтау
	Жүгіру және жүру	1.1.2.2 Негізгі дене қозғалыстарын және олардың қарапайым дене жаттығуларымен қалай байланысты болатынын білу
	Секіру және лақтыру	1.1.1.1 Қарапайым дене жаттығуларын орындауда негізгі қимыл-қозғалыс машықтарын біледі, жасай алу
		1.3.5.5. Дене қимылдарына қатысу мүмкіндіктерін анықтау
2-бөлім – Ойын арқылы өзара қатынас және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	Рөлдік -сюжеттік қозғалмалы ойындар	1.2.8.8 Түрлі қарапайым әрекеттерді орындау кезінде өзінің рөлін білу және басқаларының рөлін анықтап тани бастау
	Бірқатар қимыл-қозғалыс дағдылары	1.1.2.2 Негізгі дене қозғалыстарын және олардың қарапайым дене жаттығуларымен қалай байланысты болатынын білу
		1.2.2.2. Әрекет мақсаттарына қол жеткізу үшін өз бетінше қалай жұмыс істеу керек екендігін білу
	Шағын топта және жұпта қарым-қатынас жасау дағдылары	1.2.1.1 Дене қызметін орындау және оған қатысу кезінде қозғалыс идеяларын, стратегияларын және жоспарларын білу және түсіну
		1.2.3.3 Түрлі дене жаттығулары орындауда қолайлы оқыту ортасын құру маңыздылығын мойындай отырып, кеңістік, ресурстар мен идеяларды білу және бөлісу
	Дене тәрбиесінің пайдасы	1.3.5.5. Дене қимылдарына қатысу мүмкіндіктерін анықтау
2-тоқсан		
3-бөлім – Гимнастикалық жаттығулар арқылы шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау	Қауіпсіздік ережесі. Сымбат және үйлестіру	1.3.4.4. Бірқатар дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді анықтау
		1.3.2.2 Жаттығуларды орындау кезінде денені ширатып шынықтырудың маңызын сипаттау.
	Бірқатар гимнастикалық фигуралар үйрену.	1.1.2.2 Негізгі дене қозғалыстарын және олардың қарапайым дене жаттығуларымен қалай байланысты болатынын білу
	Қарапайым гимнастикалық снарядтарда қозғалу.	1.1.5.5 Түрлі кеңістіктерде бірқатар қарапайым іс-қимылдарды білу және орындай алу
		1.1.4.4. Қозғалыс машықтары бойынша өзінің күшті жақтарын және кемшіліктерін сипаттай білу

	Сенің жеке физикалық мүмкіндіктерің.	1.2.2.2. Әрекет мақсаттарына қол жеткізу үшін өз бетінше қалай жұмыс істеу керек екендігін білу
		1.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмаларының күшті жақтарын және жақсартуды қажет ететін жақтарын іздеу және бақылау
4-бөлім – Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындары	Қазақ халқының салт дәстүрі мен мәдениетін таныстыру.	1.2.7.7 Дербес және топтық қызметті орындау кезінде өзара қалай әрекет етуді білу,патриоттықтың негізделуін түсіну
		1.3.5.5. Дене қимылдарына қатысу мүмкіндіктерін анықтау
	Қозғалмалы ойындар арқылы тарту.	1.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмаларының күшті жақтарын және жақсартуды қажет ететін жақтарын іздеу және бақылау
		1.2.6.6 Тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жеткізу үшін кейбір композициялық элементтермен танысу және пайдалану
3-тоқсан		
5-бөлім – Ойын арқылы қозғалыс дағдыларын үйрету	Қауіпсіздік ережесі. Дене белсенділігі кезінде жүрек соғысы және тыныс алуы	1.3.4.4. Бірқатар дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді анықтау
		1.3.3.3 Дене жаттығуларын орындау кезінде ағзадағы физикалық өзгерістерді анықтау
	Ойын-жеке физикалық қасиеттерді дамыту құралы	1.3.1.1 Денсаулық туралы жалпы түсінік алу, дене белседілігін ұғыну.
		1.1.4.4. Қозғалыс машықтары бойынша өзінің күшті жақтарын және кемшіліктерін сипаттай білу
	Кеңістік динамикасы және қозғалыс	1.1.5.5 Түрлі кеңістіктерде бірқатар қарапайым іс-қимылдарды білу және орындай алу
	Құралдармен қозғалмалы ойындар	1.1.3.3 Дене жаттығуларының әр түрінде қозғалыстарды орындау мәнмәтінінде уақыт, кеңістік, салмақ пен бір қалыптылық түсініктері туралы білу
6-бөлім – Қозғалмалы ойындар арқылы қимыл-тірек аппаратын дамыту	Түрлі жаттығулар арқылы денені басқару дағдылары	1.3.4.4. Бірқатар дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді анықтау
		1.2.2.2. Әрекет мақсаттарына қол жеткізу үшін өз бетінше қалай жұмыс істеу керек екендігін білу
	Тірек қимыл жаттығуларын дамыту.	1.2.8.8 Түрлі қарапайым әрекеттерді орындау кезінде өзінің рөлін білу және басқаларының рөлін анықтап тани бастау
		1.1.4.4. Қозғалыс машықтары бойынша өзінің күшті жақтарын және кемшіліктерін сипаттай білу
	Доппен ойын	1.2.3.3 Түрлі дене жаттығулары орындауда қолайлы оқыту ортасын құру маңыздылығын мойындай отырып, кеңістік, ресурстар мен идеяларды білу және бөлісу
		1.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмаларының күшті жақтарын және жақсартуды қажет ететін жақтарын іздеу және бақылау
	Секіртпемен орындалатын ойындар.	1.2.1.1 Дене қызметін орындау және оған қатысу кезінде қозғалыс идеяларын, стратегияларын және жоспарларын білу және түсіну
		1.2.6.6 Тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жеткізу үшін кейбір композициялық элементтермен танысу және пайдалану
4-тоқсан		
	Қауіпсіздік ережесі Ойын арқылы	1.3.4.4. Бірқатар дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді анықтау

7-бөлім: Ойын арқылы қарым-қатынас пен әлеуметтік дағдылар	шығармашылық қабілеттер	1.2.8.8 Түрлі қарапайым әрекеттерді орындау кезінде өзінің рөлін білу және басқаларының рөлін анықтап тани бастау
	Комуникативті дағдыларын дамыту ойындары.	1.1.2.2 Негізгі дене қозғалыстарын және олардың қарапайым дене жаттығуларымен қалай байланысты болатынын білу
		1.2.4.4 Таңдалған дене жаттығуларын орындау кезінде қарапайым ережелерді және құрылымдық тәсілдерді атап өту және пайдалану
	Ойынға шығармашылық идеялар	1.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмаларының күшті жақтарын және жақсартуды қажет ететін жақтарын іздеу және бақылау
		1.2.6.6 Тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жеткізу үшін кейбір композициялық элементтермен танысу және пайдалану
	Жеке қозғалыс белсенділігі	1.1.6.6. Қарапайым, өзгертілген дене жаттығуларын орындау кезінде туындауға мүмкін тәуекелдерді және қиындықтарды білу
8-бөлім – Салауатты өмір салтын қалыптастыру	Ашық ауада физикалық қозғалыс.	1.3.4.4. Бірқатар дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді анықтау
		1.3.1.1 Денсаулық туралы жалпы түсінік алу, дене белседілігін ұғыну.
	Жылдамдық күш пен ептілік.	1.1.3.3 Дене жаттығуларының әр түрінде қозғалыстарды орындау мәнмәтінінде уақыт, кеңістік, салмақ пен бір қалыптылық түсініктері туралы білу
	Секіруді дамыту үшін тапсырмалар	1.1.5.5 Түрлі кеңістіктерде бірқатар қарапайым іс-қимылдарды білу және орындай алу
	Эстафета және қозғалмалы ойындар	1.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмаларының күшті жақтарын және жақсартуды қажет ететін жақтарын іздеу және бақылау
		1.2.2.2. Әрекет мақсаттарына қол жеткізу үшін өз бетінше қалай жұмыс істеу керек екендігін білу

2) 2 - с ы н ы п :

7-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырып/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1-бөлім – Атлетика арқылы дене қасиеттерін дамыту	Қауіпсіздік ережесі Денсаулық туралы жалпы түсінік	2.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін аз ғана дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді түсінеді, оларға жауап қайтарудың кейбір негізгі жолдарын анықтау
		2.3.1.1 Дене жаттығулар жасау барысында сауықтыру артықшылығын талқылау және сипаттау.
	Таңғы жаттығулар жиынтығы	2.3.2.2 Дене қызметін орындаған кезде денені қыздыру және босаңсыту процесін анықтау
		2.3.3.3 Дене жаттығуларын орындау кезінде ағзадағы физикалық өзгерістерді қалай бақылайтынын білу
	Лақтыру секіру және жүгіру дағдылары	2.1.2.2 Өз бетінше байланыстыруды үйреніп, негізгі қозғалыс машықтарын түсіну және жақсарту
		2.1.1.1 Түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде негізгі қозғалыс машықтарының сапасын жақсарту

	Лақтыру секіру және жүгірудің эстафеталық элементтері	2. 3.5.5 Мектептен тыс және мектеп кезінде дене қимылдарына қатысу мүмкіндігін түсіне бастау және анықтау
2-бөлім – Спорттық ойындарды меңгеру үшін қозғалыс ойындар	Қозғалмалы ойындардың қимыл дағдылар спектрі	2.2.8.8 Түрлі қарапайым әрекеттерді орындау кезінде олардың айырмашылық-тарын біле отырып, өзінің және басқаларының рөлін түсіну және көрсету
	Доппен қозғалмалы ойындар	2.1.2.2 Өз бетінше байланыстыруды үйреніп, негізгі қозғалыс машықтарын түсіну және жақсарту
		2.2.2.2 Әрекет мақсаттарына қол жеткізу үшін командада жұмыс істей бастап, өзіндік жұмыс жөніндегі білімді нығайту
	Қозғалыстар арқылы ойындар	2.2.1.1 Баламаларды түсінетінін көрсетіп, қозғалыс идеяларын, стратегияларын және жоспарларды талқылау және көрсету
		2.2.3.3 Түрлі дене жаттығулары орындауда қолайлы оқыту ортасын құру маңыздылығын мойындай отырып, идеяларды, ресурстар кеңістік, білімін бекіту
	Жұптық және топтық жұмыстар	2. 3.5.5 Мектептен тыс және мектеп кезінде дене қимылдарына қатысу мүмкіндігін түсіне бастау және анықтау
2-тоқсан		
3-бөлім – Гимнастика арқылы денені дамыту	Қауіпсіздік ережесі Әртүрлі физикалық іс шаралар арқылы күшті дамыту.	2.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін аз ғана дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді түсіну, оларға жауап қайтарудың кейбір негізгі жолдарын анықтау
		2.3.2.2 Дене қызметін орындаған кезде денені қыздыру және босаңсыту процесін анықтау
	Кең ауқымды гимнастикалық жаттығулар	2.1.2.2 Өз бетінше байланыстыруды үйреніп, негізгі қозғалыс машықтарын түсіну және жақсарту
	Өрмелеу	2.1.5.5 Кеңістікте және динамикада қарапайым өзгерістермен іс-қимылдарды ұғыну және жеткізе білу
		2.1.4.4 Қимыл кемшіліктерін түзету қабілеттілігін дамыту үшін қозғалу машықтары бойынша өзінің күшті жақтарын және кемшіліктерін түсіну және түсіндіру
	Тепе-теңдікті дамыту.	2.2.2.2 Әрекет мақсаттарына қол жеткізу үшін командада жұмыс істей бастау және өзіндік жұмыс жөніндегі білімді нығайту
		2.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмалары мен басқаларының тапсырмалары бойынша талқылап,қорытындылар шығару, сонымен қатар, конструктивті ұсыныс жасау
4-бөлім – Қазақ ұлттық қозғалыс ойындары	Қазақтың ұлттық ойындарымен танысу	2.2.7.7. Патриоттық сезімді білу, бір-бірімен әрекет ету, адал бәсекелестіктің мағынасын түсіну
		2. 3.5.5Мектептен тыс және мектеп кезінде дене қимылдарына қатысу мүмкіндігін түсіне бастау және анықтау
	Рөлдік сюжеттік ойындар	2.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмалары мен басқаларының тапсырмалары бойынша талқылап,қорытындылар шығару, сонымен қатар, конструктивті ұсыныс жасау
	Ынтымақтастық және әділ ойын	2.2.6.6. Тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жеткізу қабілеттігін көрсетіп, өзінің композициялық идеяларын түсіну және талқылау
3-тоқсан		

5-бөлім –Денеге түсетін күш пен денсаулық	Қауіпсіздік ережесі Белсенді қозғалыс және төзімділік	2.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін аз ғана дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді түсіну, оларға жауап қайтарудың кейбір негізгі жолдарын анықтау
		2.3.3.3 Дене жаттығуларын орындау кезінде ағзадағы физикалық өзгерістерді қалай бақылайтынын білу
	Дене жаттығулары кезінде ағзаның өзгеруі	2.3.1.1 Дене жаттығулар жасау барысында сауықтыру артықшылығын талқылау және сипаттау.
		2.1.4.4 Қимыл кемшіліктерін түзету қабілеттілігін дамыту үшін қозғалу машықтары бойынша өзінің күшті жақтарын және кемшіліктерін түсіну және түсіндіру
	Қазақтың дәстүрлі жүгіру ойындары.	2.1.5.5 Кеңістікте және динамикада қарапайым өзгерістермен іс-қимылдарды ұғыну және жеткізе білу
	Жұптық және топтық ойындар	2.1.3.3 Қарапайым дене жаттығуларын орындау кезінде уақытты, кеңістікті және бірқалыптылықты түсінетінін көрсету
6-бөлім – Қозғалыс ойындардың әралуандығы	Көрнекті ойындар	2.3.4.4 Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін аз ғана дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді түсіну, оларға жауап қайтарудың кейбір негізгі жолдарын анықтау
		2.2.2.2 Әрекет мақсаттарына қол жеткізу үшін командада жұмыс істей бастау және өзіндік жұмыс жөніндегі білімді нығайту
	Кіріктірілген ойындар	2.2.8.8 Түрлі қарапайым әрекеттерді орындау кезінде олардың айырмашылық-тарын біле отырып, өзінің және басқаларының рөлін түсіну және көрсету
		2.1.4.4 Қимыл кемшіліктерін түзету қабілеттілігін дамыту үшін қозғалу машықтары бойынша өзінің күшті жақтарын және кемшіліктерін түсіну және түсіндіру
	Жай жабдықтар арқылы ойындар	2.2.3.3 Түрлі дене жаттығулары орындауда қолайлы оқыту ортасын құру маңыздылығын мойындай отырып, идеяларды, ресурстар кеңістік, білімін бекіту
		2.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмалары мен басқаларының тапсырмалары бойынша талқылау және қорытындылар шығару, сонымен қатар конструктивті ұсыныс жасау
	Шабуыл әрекеті арқылы ойналатын ойындар	2.2.1.1 Баламаларды түсінетінін көрсетіп, қозғалыс идеяларын, стратегияларын және жоспарларды талқылау және көрсету
		2.2.6.6. Тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жеткізу қабілеттігін көрсетіп, өзінің композициялық идеяларын түсіну және талқылау
4-тоқсан		
7-бөлім – Топтық ойындар арқылы	Қауіпсіздік ережесі Комуникативті дағдыларды дамыту.	2.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін аз ғана дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді түсіну, оларға жауап қайтарудың кейбір негізгі жолдарын анықтау
		2.2.8.8 Түрлі қарапайым әрекеттерді орындау кезінде олардың айырмашылық-тарын біле отырып, өзінің және басқаларының рөлін түсіну және көрсету
	Жеке шығармашылық қабілет	2.1.2.2 Өз бетінше байланыстыруды үйреніп, негізгі қозғалыс машықтарын түсіну және жақсарту
		2.2.4.4. Түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде ережелерді және құрылымдық тәсілдерді талқылау және көрсету

әлеуметтік дағдылар	Топтық жұмыс барысындағы шығармашылық	2.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмалары мен басқаларының тапсырмалары бойынша талқылап,қорытындылар шығару, сонымен қатар, конструктивті ұсыныс жасау
		2.2.6.6. Тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жеткізу қабілеттігін көрсетіп, өзінің композициялық идеяларын түсіну және талқылау
	Өздігінен жасалатын қозғалыстағы прогресс	2.1.6.6. Тәуекелдердің туындау мүмкіндігін түсінеді, қарапайым және өзгертілген дене жаттығуларын жетілдіру кезінде машықтар мен шеберлікті нығайту.
8-бөлім – Денсаулық және дене белсенділігі	Таза ауадағы дене тәрбиесі (іс-әрекеті)	2.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін аз ғана дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді түсіну, оларға жауап қайтарудың кейбір негізгі жолдарын анықтау
		2.3.1.1 Дене жаттығулар жасау барысында сауықтыру артықшылығын талқылау және сипаттау.
	Жеке және топтық белсенділік арқылы жүгіру қабілеттері	2.1.3.3 Қарапайым дене жаттығуларын орындау кезінде уақытты, кеңістікті және бірқалыптылықты түсінетінін көрсету
	Түрлі ұзындыққа және биіктікке секіру	2.1.5.5 Кеңістікте және динамикада қарапайым өзгерістермен іс-қимылдарды ұғыну және жеткізе білу
	Эстафета және қозғалмалы ойындар	2.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмалары мен басқаларының тапсырмалары бойынша талқылап,қорытындылар шығару, сонымен қатар, конструктивті ұсыныс жасау
		2.2.2.2 Әрекет мақсаттарына қол жеткізу үшін командада жұмыс істей бастау және өзіндік жұмыс жөніндегі білімді нығайту

3) 3-сынып:

8-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырып/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1-бөлім – Жеңіл атлетика арқылы қозғалыс әрекеттері	Қауіпсіздік ережесі Денсаулық туралы негізгі түсініктер	3.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене жаттығуларын орындау кезінде тиісінше жауап қайтарып, қиындықтар мен тәуекелдерді қалай еңсеру керек екендігін түсіну және көрсету
		3.3.1.1 Дене жаттығуларының, сауықтыру пайдасы денсаулықты нығайтуға ықпал ететін көрсете білу және түсіну
	Түрлі іс-әрекетке бағытталған жаттығулар	3.3.2.2 Дене қызметімен айналысқанда денені қыздыру және босаңсыту маңызын түсіндіру
		3.3.3.3 Дене жаттығуларын орындау кезінде физикалық өзгерістерді анықтау үшін бірқатар бақылау стратегияларын көрсету және түсіндіру
	Лақтыру, секіру және жүгірудің түрлері	3.1.2.2 Дене дамуы үшін қарастырылған түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде қозғалыстарды қалай орындау керек екендігін білу және түсіну
	Эстафета элементтері бар жеңіл атлетика	3.1.1.1 Негізгі дене жаттығуларын орындау кезінде қозғалыс машықтарын білу, түсіну және жақсартып жалғастыру.
		3. 3.5.5. Түрлі дене қызметтеріне қатысу мүмкіндігін қалай алу керектігін қарап, түсіндіру
	Қозғалмалы ойындардағы қозғалыс дағдылары	3.2.8.8 Қарапайым әрекеттерді орындау кезінде айырмашылық-тарын түсіндіруе отырып, өзінің және басқаларының рөлін көрсету

2-бөлім – Қозғалыс және спорт ойындар	Қозғалыс координациясына бағытталған қозғалмалы ойындар	3.1.2.2 Дене дамуы үшін қарастырылған түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде қозғалыстарды қалай орындау керек екендігін білу және түсіну
		3.2.2.2 Әрекет мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған жұмыс барысында өзіндік және командалық жұмыстың мағынасын түсіну. Көшбасшылық рөлдерімен алмасып, жұмыс істей бастау
	Шапшаңдыққа бағытталған қозғалмалы ойындар	3.2.1.1 Бірқатар қозғалыс идеяларымен, стратегияларымен және жоспарларымен баламаларды талдау үшін проблемаларды жою әдістерін қолдану
		3.2.3.3 Түрлі дене жаттығулары орындауда қолайлы оқыту ортасын құру маңыздылығын мойындай отырып, идеяларды, ресурстар кеңістік, білімін қолдану
	Ұжымда жұмыс атқару	3. 3.5.5. Түрлі дене қызметтеріне қатысу мүмкіндігін қалай алу керектігін қарайды және түсіндіру
2-тоқсан		
3-бөлім – Акробатика негіздерінде гимнастика	Қауіпсіздік ережесі Жаттығулар арқылы икемділікті дамыту	3.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене жаттығуларын орындау кезінде тиісінше жауап қайтарып, қиындықтар мен тәуекелдерді қалай еңсеру керек екендігін түсіну және көрсету
	Аэробика элементтері бар гимнастика	3.3.2.2 Дене қызметімен айналысқанда денені қыздыру және босаңсыту маңызын түсіндіру
		3.1.2.2 Дене дамуы үшін қарастырылған түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде қозғалыстарды қалай орындау керек екендігін білу және түсіну
	Гимнастикалық жаттығулардағы реттілік	3.1.5.5 Орындау және бағалау кезінде бірқатар іс-қимылдарды, кеңістікті, динамиканы және байланыстарды көрсету және анықтай білу
		3.1.4.4 Өзінің күшті жақтары мен кемшіліктерін анықтау және басқалардың жаттығуларын орындау сапасын талқылау
	Тепе-теңдікті дамытуға арналған ойындар	3.2.2.2 Әрекет мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған жұмыс барысында өзіндік және командалық жұмыстың мағынасын түсіну. Көшбасшылық рөлдерімен алмасып, жұмыс істей бастау
		3.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмаларын және басқаларын талдау үшін конструктивті ұсыныстар жасау туралы алынған білімді пайдалану және қолдану
4-бөлім –Қазақтың ұлттық қозғалыс ойындары	Қазақтың ұлттық ойындарына баулу	3.2.7.7. Патриотизмнің мағынасын түсіндіру, топтық және дербес дене қимылдарында өзара іс қимыл мен адал ойын көрсету
		3. 3.5.5. Түрлі дене қызметтеріне қатысу мүмкіндігін қалай алу керектігін қарап, түсіндіру
	Ынтымақтастық және әділ ойын	3.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмаларын және басқаларын талдау үшін конструктивті ұсыныстар жасау туралы алынған білімді пайдалану және қолдану
		3.2.6.6. Тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жасау үшін композициялық идеялармен эксперимент жасау
3-тоқсан		
	Қауіпсіздік ережесі Физикалық белсенділік және төзімділік	3.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене жаттығуларын орындау кезінде тиісінше жауап қайтарып, қиындықтар мен тәуекелдерді қалай еңсеру керек екендігін түсіну және көрсету
		3.3.3.3 Дене жаттығуларын орындау кезінде физикалық өзгерістерді анықтау үшін бірқатар бақылау стратегияларын көрсету және түсіндіру

5-бөлім – Денсаулық және физикалық белсенділік	Дене жаттығулары кезінде өзін-өзі басқару	3.3.1.1 Дене жаттығуларының, сауықтыру пайдасы денсаулықты нығайтуға ықпал ететін көрсете білу және түсіну
		3.1.4.4 Өзінің күшті жақтары мен кемшіліктерін анықтау және басқалардың жаттығуларын орындау сапасын талқылау
	Жұптық және топтық жұмыстардағы тапсырмалар	3.1.5.5 Орындау және бағалау кезінде бірқатар іс-қимылдарды, кеңістікті, динамиканы және байланыстарды көрсету және анықтай білу
	Төзімділікті дамытуға бағытталған ойындар	3.1.3.3. Уақытты, кеңістікті және бірқалыптылықты түсінетінін көрсететін машықтарды және жүйелілікті дамыту және жетілдіру
6-бөлім – Топтық ойындар элементтері	Дәлдік пен мергендікті дамытатын ойындар	3.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене жаттығуларын орындау кезінде тиісінше жауап қайтарып, қиындықтар мен тәуекелдерді қалай еңсеру керек екендігін түсіну және көрсету
		3.2.8.8 Қарапайым әрекеттерді орындау кезінде айырмашылық-тарын түсіндіруе отырып, өзінің және басқаларының рөлін көрсету
	Дамытатын ойындар	3.2.2.2 Әрекет мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған жұмыс барысында өзіндік және командалық жұмыстың мағынасын түсіну. Көшбасшылық рөлдерімен алмасып, жұмыс істей бастау
		3.1.4.4 Өзінің күшті жақтары мен кемшіліктерін анықтау және басқалардың жаттығуларын орындау сапасын талқылау
	Топтағы шығармашылықты дамытуға бағытталған ойындар	3.2.3.3 Түрлі дене жаттығулары орындауда қолайлы оқыту ортасын құру маңыздылығын мойындай отырып, идеяларды, ресурстар кеңістік, білімін қолдану
		3.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмаларын және басқаларын талдау үшін конструктивті ұсыныстар жасау туралы алынған білімді пайдалану және қолдану
	Баскетбол элементтері бар эстафета	3.2.1.1 Бірқатар қозғалыс идеяларымен, стратегиялармен және жоспарлармен баламаларды талдау үшін проблемаларды жою әдістерін қолдану
		3.2.6.6. Тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жасау үшін композициялық идеялармен эксперимент жасау
4-тоқсан		
7-бөлім – Ойын арқылы әлеуметтік дағдылар	Қауіпсіздік ережесі Ойындағы қарым-қатынас дағдылары	3.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене жаттығуларын орындау кезінде тиісінше жауап қайтарып, қиындықтар мен тәуекелдерді қалай еңсеру керек екендігін түсіну және көрсету
		3.2.8.8 Қарапайым әрекеттерді орындау кезінде айырмашылық-тарын түсіндіруе отырып, өзінің және басқаларының рөлін көрсету
	Жарыс элементтері бар ойындар	3.1.2.2 Дене дамуы үшін қарастырылған түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде қозғалыстарды қалай орындау керек екендігін білу және түсіну
		3.2.4.4. Бірқатар дене жаттығуларына қатысқан кезде ережелерді және құрылымдық тәсілдерді білетінін қолдану және пайдалану
	Жігерлендіру және қозғалыс қасиеттерін дамыту	3.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмаларын және басқаларын талдау үшін конструктивті ұсыныстар жасау туралы алынған білімді пайдалану және қолдану
		3.2.6.6. Тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жасау үшін композициялық идеялармен эксперимент жасау
	Топтық қозғалыс әрекетінің прогресі	3.1.6.6 Қозғалыс қызметін оқытудың түрлі кезеңдерінде тәуекелдердің туындауын қысқарту және қиындықтарды еңсеру шеберлігі мен машықтарын жетілдіру

8-бөлім – Жеңіл атлетика арқылы салауатты өмір салты	Салауатты өмір салтын қалыптастыру	3.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене жаттығуларын орындау кезінде тиісінше жауап қайтарып, қиындықтар мен тәуекелдерді қалай еңсеру керек екендігін түсіну және көрсету
		3.3.1.1 Дене жаттығуларының, сауықтыру пайдасы денсаулықты нығайтуға ықпал ететін көрсете білу және түсіну
	Жүгіру ойындарына қатысу	3.1.3.3. Уақытты, кеңістікті және бірқалыптылықты түсінетінін көрсететін машықтарды және жүйелілікті дамыту және жетілдіру
	Ұзындыққа және биіктікке секіру	3.1.5.5 Орындау және бағалау кезінде бірқатар іс-қимылдарды, кеңістікті, динамиканы және байланыстарды көрсету және анықтай білу
	Лақтыру тәжірибелері	3.2.5.5. Өзінің шығармашылық тапсырмаларын және басқаларын талдау үшін конструктивті ұсыныстар жасау туралы алынған білімді пайдалану және қолдану
		3.2.2.2 Әрекет мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған жұмыс барысында өзіндік және командалық жұмыстың мағынасын түсіну. Көшбасшылық рөлдерімен алмасып, жұмыс істей бастау

4) 4-сынып:

9-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырып/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1-бөлім – Жүгіру, секіру және лақтыру	Қауіпсіздік ережесі Қысқа қашықтыққа жүгіру	4.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді еңсеру үшін тиісті реакцияларды таңдау және қолдану
		4.3.1.1 Дене жаттығулары үшін денсаулық және салауатты өмір салтын маңыздылығын талдау және түсіну
	Ұзындыққа секіру негіздері	4.3.2.2 Дене қызметімен айналысқан кезде, денені қыздыру және босаңсыту қажеттілігін көрсету және талқылау
		4.3.3.3 Дене қимылдарын орындау кезінде немесе орындағаннан кейін белгілі бір физикалық өзгерістерді көру үшін бірқатар бақылау стратегияларын қолдану
	Лақтырудың түрлері мен тәжірибелері	4.1.2.2 Дене дамуына ықпал ететін түрлі жүйелі жаттығулар мен қозғалыстарды орындау сапасын арттыруды түсіну және көрсету
	Жеңіл атлетика элементтері бар эстафета	4.1.1.1 Түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде негізгі қозғалыс машықтарын түсіну және көрсету
		4. 3.5.5.Дене қимылдарына қатысудың түрлі мүмкіндіктерін зерттеу және салыстыру, оларға қатысу мүмкіндіктерін алу жолдарын қарастыру
2-бөлім – Жеңілдетілген спорттық ойындар	Волейбол доптарымен ойындар	4.2.8.8 Түрлі әрекеттерді орындау кезінде олардың айырмашылықтарын сезіне отырып, түрлі рөлдермен эксперимент жасау.
	Спорттық ойындар	4.1.2.2 Дене дамуына ықпал ететін түрлі жүйелі жаттығулар мен қозғалыстарды орындау сапасын арттыруды түсіну және көрсету
		4.2.2.2 Көшбасшылық рөлдерімен кезектесіп алмасып, әрекет мақсаттарына қол жеткізу үшін өз бетінше және топта жұмыс істей білу
		4.2.1.1 Баламаларды анықтап және жасап қозғалыс идеяларын, стратегияларды және жоспарларды анықтау және ұйымдастыру.

	Техникасы жеңіл тапсырмалар	4.2.3.3 Түрлі дене жаттығулары орындауда қолайлы оқыту ортасын құру маңыздылығын мойындай отырып, идеяларды, ресурстар кеңістік айрмашылығын білу.
	Топтағы негізгі жұмыстар	4. 3.5.5. Дене қимылдарына қатысудың түрлі мүмкіндіктерін зерттеу және салыстыру, оларға қатысу мүмкіндіктерін алу жолдарын қарастыру
2-тоқсан		
3-бөлім – Гимнастиканың негізгі элементтері	Қауіпсіздік ережесі Жалпы дамытуға арналған жаттығулар	4.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді еңсеру үшін тиісті реакцияларды таңдау және қолдану
		4.3.2.2 Дене қызметімен айналысқан кезде, денені қыздыру және босаңсыту қажеттілігін көрсету және талқылау
	Акробатиканың жеңіл элементтері	4.1.2.2 Дене дамуына ықпал ететін түрлі жүйелі жаттығулар мен қозғалыстарды орындау сапасын арттыруды түсіну және көрсету
	Жеңіл гимнастикалық құралдармен жаттығулар	4.1.5.5 Қолданылатын бірқатар іс-қимылдарды, кеңістікті, динамиканы және байланыстарды көрсете, түсіндіре отырып, өзінің және басқаларының іс-қимылдарды орындауына ортақтасу
		4.1.4.4. Дене жаттығуларын шебер орындау үшін әлеуетті анықтап, қозғалыстың күшті және әлсіз жақтарын салыстыру
	Гимнастикалық құралдарға бағытталған тапсырмалар	4.2.2.2 Көшбасшылық рөлдерімен кезектесіп алмасып, әрекет мақсаттарына қол жеткізу үшін өз бетінше және топта жұмыс істей білу
		4.2.5.5. Орындаушыларға конструктивтік ұсыныстар жасау үшін шығармашылық тапсырмаларға қатысты өзінің сыни тұрғыдан көзқарасы мен басқаларының көзқарастарын біріктіру
4-бөлім – Қазақ ұлттық ойындар	Қазақтың қозғалмалы ойындары	4.2.7.7. Топтық және дербес дене қимылдарында патриоттық сезімін, өзара іс қимылдар мен адал бәсекелестікті көрсету
		4. 3.5.5.. Дене қимылдарына қатысудың түрлі мүмкіндіктерін зерттеу және салыстыру, оларға қатысу мүмкіндіктерін алу жолдарын қарастыру
	Ұлттық зияткерлік ойындар	4.2.5.5. Орындаушыларға конструктивтік ұсыныстар жасау үшін шығармашылық тапсырмаларға қатысты өзінің сыни тұрғыдан көзқарасы мен басқаларының көзқарастарын біріктіру
		4.2.6.6. Белгілі бір тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жеткізу үшін бірқатар композициялық идеяларды анықтау және құрау
3-тоқсан		
5-бөлім – Шаңғы/кросс /коньки даярлық негіздері (Шаңғы/кросс/коньки даярлық сабақтарын әр-түрлі аймақтардың ауа райына сәйкес өзара алмастыруға болады)	Қауіпсіздік ережесі Тапсырма арқылы дене шынықтыру компоненттерін дамыту	4.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді еңсеру үшін тиісті реакцияларды таңдау және қолдану
		4.3.3.3 Дене қимылдарын орындау кезінде немесе орындағаннан кейін белгілі бір физикалық өзгерістерді көру үшін бірқатар бақылау стратегияларын қолдану
	Аэробикалық жаттығудың пайдасы	4.3.1.1 Дене жаттығулары үшін денсаулық және салауатты өмір салтын маңыздылығын талдау және түсіну
		4.1.4.4. Дене жаттығуларын шебер орындау үшін әлеуетті анықтап, қозғалыстың күшті және әлсіз жақтарын салыстыру
	Қашықтықтан өту тапсырмалары	4.1.5.5 Қолданылатын бірқатар іс-қимылдарды, кеңістікті, динамиканы және байланыстарды көрсете, түсіндіре отырып, өзінің және басқаларының іс-қимылдарды орындауына ортақтасу

		4.1.3.3 Қимылды орындаудың уақыт, кеңістік және бір қалыптылық туралы түсініктерін көрсететін бірқатар тиімді машықтарды және жүйеліліктерді түсіну және қолдана білу
6-бөлім – Бірлескен және шытырман тапсырмалар арқылы оқыту	Басқалармен ынтымақтастық және көшбасшылық	4.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді еңсеру үшін тиісті реакцияларды таңдау және қолдану
		4.2.2.2 Көшбасшылық рөлдерімен кезектесіп алмасып, әрекет мақсаттарына қол жеткізу үшін өз бетінше және топта жұмыс істей білу
	Шытырман және бірлескен тапсырмалар арқылы оқыту	4.2.8.8 Түрлі әрекеттерді орындау кезінде олардың айырмашылықтарын сезіне отырып, түрлі рөлдермен эксперимент жасау
		4.1.4.4. Дене жаттығуларын шебер орындау үшін әлеуетті анықтап, қозғалыстың күшті және әлсіз жақтарын салыстыру
	Ойындардағы қиялды дамыту	4.2.3.3 Түрлі дене жаттығуларын орындауда қолайлы оқыту ортасын құру маңыздылығын мойындай отырып, идеяларды, ресурстар кеңістік айрмашылығын білу.
		4.2.5.5. Орындаушыларға конструктивтік ұсыныстар жасау үшін шығармашылық тапсырмаларға қатысты өзінің сыни тұрғыдан көзқарасы мен басқаларының көзқарастарын біріктіру
	Баскетбол элементтері бар ойындар	4.2.1.1 Баламаларды анықтап және жасап қозғалыс идеяларын, стратегияларды және жоспарларды анықтау және ұйымдастыру.
		4.2.6.6. Белгілі бір тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жеткізу үшін бірқатар композициялық идеяларды анықтау және құрау
4-тоқсан		
7-бөлім – Қарым-қатынас орнату үшін ойындар	Қауіпсіздік ережесі Допты игеру дағдыларын дамыту	4.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді еңсеру үшін тиісті реакцияларды таңдау және қолдану
		4.2.8.8 Түрлі әрекеттерді орындау кезінде олардың айырмашылықтарын сезіне отырып, түрлі рөлдермен эксперимент жасау
	Доппен жасалатын жаттығуларды құрастыру	4.2.6.6. Белгілі бір тақырыптарды, көңіл күйлер мен эмоцияларды жеткізу үшін бірқатар композициялық идеяларды анықтау және құрау
		4.2.4.4 Түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде ережелер мен құрылымдық тәсілдерді жасау және қолдану
	Ойындардағы топтық іс-әрекеттер	4.2.5.5. Орындаушыларға конструктивтік ұсыныстар жасау үшін шығармашылық тапсырмаларға қатысты өзінің сыни тұрғыдан көзқарасы мен басқаларының көзқарастарын біріктіру
		4.1.2.2 Дене дамуына ықпал ететін түрлі жүйелі жаттығулар мен қозғалыстарды орындау сапасын арттыруды түсіну және көрсету
	Доппен түрлендірілген ойындар	4.1.6.6 Жаттығулардың әр түрін орындау кезінде тәуекелдерді қысқарту және туындайтын қиындықтарды еңсеру қабілеттілігін көрсетіп орындалатын жаттығулардың күрделілігінің деңгейін тани білу
8-бөлім –Денсаулық туралы білім алу және	Қозғалмалы ойындар дене шынықтырудың компоненті ретінде	4.3.4.4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене жаттығуларын орындау кезінде қиындықтар мен тәуекелдерді еңсеру үшін тиісті реакцияларды таңдау және қолдану
		4.3.1.1 Дене жаттығулары үшін денсаулық және салауатты өмір салтын маңыздылығын талдау және түсіну
		4.1.3.3 Қимылды орындаудың уақыт, кеңістік және бір қалыптылық туралы түсініктерін көрсететін бірқатар тиімді машықтарды және жүйеліліктерді түсіну және қолдана білу

практика арқылы машықтандыру	Жүгіру дағдылары мен денсаулықты нығайту	4.1.5.5 Қолданылатын бірқатар іс-қимылдарды, кеңістікті, динамиканы және байланыстарды көрсете және түсіндіре отырып, өзінің және басқаларының іс-қимылдарды орындауына ортақтасу
	Денсаулықты нығайтуға арналған ойындар мен эстафеталар	4.2.5.5. Орындаушыларға конструктивтік ұсыныстар жасау үшін шығармашылық тапсырмаларға қатысты өзінің сыни тұрғыдан көзқарасы мен басқаларының көзқарастарын біріктіру
		4.2.2.2 Көшбасшылық рөлдерімен кезектесіп алмасып, әрекет мақсаттарына қол жеткізу үшін өз бетінше және топта жұмыс істей білу

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2016 жылғы 8 сәуірдегі
№ 266 бұйрығына 13-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 187-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптар үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

1. Түсіндірме жазба

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. Оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

3. Оқу бағдарламасы оқыту процесін оқушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін қажетті біліктерді меңгеруге бағытталады.

4. Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдермен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдемелер пән бойынша оқу бағдарламасының т үбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады.

5. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарланған коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру

процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылды, бұл оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

6. Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білім алу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

7. Тұлғаға бағдарланған білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану кезінде мүмкін болады. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану оқушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады. Оқу процесін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін оқушының шынайы шығармашылық процесіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

8. Нақты пәннің оқу бағдарламасы жергілікті сипаттағы материалдарды (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан оқушының белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысын ата-аналармен, жергілікті қауымдастық өкілдерімен бірлесе отырып, ұйымдастыруға болады.

9. Әр пәннің оқу бағдарламаларында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған. Көптілді оқу ортасын құрудағы әр пәннің қосқан үлесі үш тілде білім беру саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тіл үйретудің негізі болып табылатын коммуникативтік тәсіл әрбір оқу пәнінің түрлі оқу жағдаяттарында білім және білікпен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытудың жетекші қағидаты ретінде қарастырылады.

10. Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін

алғышарттар/жағдайлар жасау керек.

11. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған.

12. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары оқушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды. Оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар мектепті бітіргеннен кейінгі нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар, кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағыттылғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі:

1) білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен, жұппен және жеке жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдай алу, алған білімін өмірде қолдану (өмірге бейімдей алу) сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады

13. Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық тұрғыда қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, қарым-қатынасқа бейімділігі, өзіне-өзі сенімділік сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

14. Нақты пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік, дағдыларын кез келген оқу процесінде, өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізу жолында қажырлылықты дамытуға бағытталған және өмір бойы білім алуға ынталандырады.

15. Кең ауқымдағы дағдылармен қатар «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық », «өмір бойы білім алу» сияқты жеке қасиеттердің дамуы білім берудің басты құндылықтарына оқушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар оқушының тәртібі мен күнделікті жағымды іс-әрекеттерге ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері

16. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні білім беру бағдарламасындағы жалпы білімнің негізін құрайтын аса маңызды пәндердің бірі болып табылады. Оқушының сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін жетік меңгеруі және кез келген басқа пәнді игеруі, негізінен , тілді меңгеру деңгейіне байланысты. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінде әдеби туындылар мен жеке-жеке бөліктер арқылы түсіндірілетін тіл теориясы интегративті ұштастырыла беріледі.

17. Бастауыш мектепте «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту мақсаты – оқушыларды түсініп, мәнерлеп оқуға, жазбаша сауаттылығы және ауызша сөйлеу дағдыларын сабақтастыра қалыптастыру және сөйлеу әрекетінің түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) меңгертуге үйрету және әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелеу, рухани дүниесін кеңейту, ақыл-ойы мен ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал ету.

18. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту міндеттері:

1) айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту;

2) басқалармен қарым-қатынасқа еркін түсуге және өз ойын толық жеткізуге үйрету ;

3) тілдің қоғамдық мәнін түсінуге, тіл нормаларын сақтап, қолдана білуге үйрету;

4) тіл сауаттылығы мен сөз байлығын жетілдіру;

5) тілдік құбылыстарды талдап, олардың мәнін ажырата білу, топтай және жинақтай білуге үйрету ;

6) шығарманың түп мазмұн-мәнін түсінуін, кейіпкерлердің көңіл-күйіне ене отырып оқуын қамтамасыз ету;

7) ауыз әдебиетінің, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен таныстыру арқылы оқушылар бойында адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгілікті қасиеттерді қалыптастыру;

8) оқушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыра отырып, сөз әдебі нормаларын орынды қолдану дағдыларын меңгерту;

9) оқушылардың көркем және сауатты жазу дағдыларын жетілдіру.

19. Оқу бағдарламасының мазмұны көркем шығармалар арқылы оқушылардың сөздік қорын жаңа сөздермен байытуды, көркем туындылардағы айтылған ойларға пікірін білдіруді және оны дәлелдеуді, белгілі бір тақырыпқа байланысты өз ойын толық, жүйелі, түсінікті етіп ауызша және жазбаша жеткізе білуге дағдыландыруды, шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетіне баға беруді, мәтін бойынша өздігінен сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, өзін-өзі бағалауды, шығармадағы негізгі ойды өз бетінше тұжырымдауды, мәтін бөлімдері арасында мағыналық

байланыс орнатуды, жоспар құруды, көркем шығармаларды басқа өнер түрлерімен салыстыруды, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды қамтиды.

20. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін меңгеру:

1) тілдің ерекшеліктері, оның элементтері мен тілдік қызметі жөнінде жалпы мағлұматты қалыптастыруға, тілдік категориялардың көпжақты екенін түсінуге;

2) сөздік қор мен грамматиканы пайдалану құзыреттілігін қалыптастыруға;

3) ауызша және жазбаша тіл ережелеріне сай тілдік құралдарды саналы түрде дұрыс таңдауға;

4) алған білімі мен дағдыларын жеке қарым-қатынас тәжірибесінде қолдануға;

5) өмірде қажетті тілдік дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

21. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқу барысында оқушылар әлем туралы, жалпы адамзат туралы білім алады, қоршаған ортаны тану, әртүрлі мәселелерге деген көзқарасын дәлелдеу құралы ретінде тілдің және әдеби мұраның құндылығын ұғынады. Ана тілінің байлығы мен әдебиеті арқылы оқушының рухани деңгейі артады.

22. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні:

1) ауызша және жазбаша сөйлеу түрлерін меңгертуге;

2) түсінікті, шапшаң, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыруға;

3) сауатты және көркем жазу дағдыларын жетілдіруге;

4) сөздік қорын молайтуға;

5) айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыруға;

6) диалогтік және монологтік сөйлеу дағдыларын, сөйлеу мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

3. Оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер

23. Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей) «білім алу жолдарын білетін», ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі мол, зияткерлік тұрғыдан дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

24. Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі педагогикалық тәсілдемелер мен технологиялар қолдана алады. Атап айтқанда, олар:

1) оқытудың коммуникативтік (қатысымдық) тәсілдемесі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым);

2) зерттеушілік тәсілдеме (оқушылар «не білемін?, нені білгім келеді?, нені үйрендім?» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);

3) жүйелі-әрекеттік тәсілдеме;

4) дамыта оқыту технологиясы (оқушылар оқу әрекетінің тәсілдерін игеріп, өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);

5) саралап оқыту технологиясы (оқушыларды қабілеті, мүмкіндігі, ерекшелігіне

қарай оқыту).

25. «Қазақ тілі және әдебиет» пәнін оқытуда қолданылатын оқыту стратегиялары мен әдістері:

1) мұғалім мен оқушының «субъект-субъект» дидактикалық қатынаста білім іздеу процесіне бірдей енуі;

2) оқу проблемаларын шешу барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтасқан шығармашылық ізденіс әдістерін қолдану; оқу проблемаларын шешудің әдіс-тәсілдерін оқушыларға дамыта оқыту ұстанымына сай жолмен құру және көрсету;

3) оқушының жеке пікірін тыңдау, олардың бұрын меңгерген білімдері мен қалыптасқан түсініктерін әрі қарай дамыту;

4) ойын әдісі;

5) «оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» арқылы қолдау жасау;

6) сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

7) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру;

8) тәжірибелік, шығармашылық оқу әрекеттеріне (түрлі шығармашылық жұмыстар жасау) ынталандыру;

9) оқушылардың білімін жүйелі түрде мониторингілеу;

10) оқушыларды зерттеушілік әрекетке және зерттеушілікке негізделген белсенді оқуға ынталандыру;

11) оқушыларға алдын ала берілетін түрлі стильдегі жазба мәтіндердің үлгісін қолдану (мұғалім алдын ала модельдер мен үлгілер береді);

12) оқушылардың оқу әрекетін жеке, жұптық, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (оқушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға үйренеді);

13) оқыту барысында «не білемін?, не білгім келеді?, нені үйрендім?» түріндегі кері байланысты жүзеге асыру.

26. Басты назар білім мен сол білімді қолдану процесіне аударылады. Оқушылардың білім алу барысындағы табыстылығы мен алдағы қадамдарын анықтау үшін оқытудың нақты мақсаттары мен табыс критерийлерін алдын ала белгілеу керек.

27. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытуда келесі ұстанымдарды басшылыққа алу қажет:

1) оқушыны қатесі үшін жазалап оқыту емес, қателерін түзету үшін оқыту;

2) өз ойларын еркін айтуға, өздігінен шешім қабылдауға мүмкіндік беру.

28. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (әрі қарай – АКТ) қолдану құзыреттілігі оқушылардың жұмыс барысында, бос уақыттарында және қарым-қатынасында технологияларды орынды және шығармашылықпен қолдана білуін қамтамасыз етеді. Бұл құзыреттілік АКТ-ны қолдану дағдылары арқылы қалыптасады.

29. Ақпаратты табу, құру және онымен жұмыс істеу, мәліметтермен, ой

түйіндерімен алмаса отырып, құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең мүмкіндіктерін пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру арқылы оқушылар АКТ-ны қолдану дағдыларын барлық пәндерге арналған оқу бағдарламаларын меңгеру үрдісінде дамытады.

30. Бұл «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасында төмендегідей көрініс табады:

1) оқытудың сапасын арттыру үшін сабақта жаңашыл әдістер мен ақпараттық технологияларды пайдалану;

2) Интернет ресурстарымен жұмыс жасайды (мысалы, веб-сайттағы ақпаратты оқу, керекті материалды іріктеу, жеке құжат немесе файл ретінде көшіру және сақтау);

3) мәтін және слайдтармен жұмыс істеу үшін қарапайым бағдарламадан күрделірек бағдарламаға көшу (Word, Power Point);

4) ақпаратты өңдеп, электронды түрде жеке құжат ретінде сақтау үшін жабдықтарды (принтер, сканер, сандық фотоаппарат) пайдалану;

5) электронды оқулықтарды пайдалану;

6) тақырыпқа байланысты медиақұралдарды қолдану;

7) ақпаратты саралап, зерттей алу.

31. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту. Оқу бағдарламасы мақсаттарының бірі – жеке тұлғаны әлеуметтендіру, яғни түрлі әлеуметтік топтармен тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету үшін ынталандырушы және қолдаушы ортаны құра отырып, қажетті тілдік дағдыларды дамыту керек. Мұндай ортада оқушылар тілдесімнің түрлі формаларын қолдана отырып, өз пікірін еркін білдіре алады. Оқыту процесінде оқушылардың сыныптастарымен, мұғалімдермен және көпшілікпен ауызша және жазбаша қарым-қатынасында тілді сауатты пайдалануын ынталандыру қажет.

32. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

1) тыңдауға, мазмұнын түсінуге әр түрлі жанрдағы мәтіндерді ұсыну;

2) мәтінді қайталап тыңдау, негізгі ойды анықтау;

3) тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;

4) мәтін бойынша жоспар құру;

5) тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру;

6) мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу;

7) мәтінді өз қиялымен өзгертіп аяқтау;

8) мәтіндегі оқиғаларды, іс-әрекеттерді салыстыра талдай алу;

9) ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру;

10) жоспарланған тақырыптар бойынша пікірталас ұйымдастыру;

11) жұпта ым-ишараны пайдаланып, оқиғаны жазуға дайындалу (мысалы, «

Бағытталған оқу», «Бірлесіп оқу» және «Бағытталған жазу», «Бірлесіп жазу»);

12) берілген тақырып бойынша диалог құрастыру.

33. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

1) көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу;

2) интернет ресурстарымен жұмыс (тақырып мазмұны бойынша презентациялар, жобалар дайындау);

3) мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөліміне сүйене отырып, оқиғаның дамуына болжам жасау;

4) әдебиетпен жұмыс (сұхбатқа сұрақтар мен жауаптар дайындау);

5) көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу;

6) мәтіннің негізгі ойы мен бөлімдерін анықтай отырып оқу;

7) ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу;

8) кітапқа ауызша және жазбаша шолу жасау;

34. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

1) тыңдалған және оқылған мәтіннің қысқаша мазмұнын, фильм мен кітаптан алған әсерлерін жазу;

2) таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жазу

3) әдеби шығармадан алынған көркем, бейнелі сөздерді жазу;

4) әдеби шығармадағы жаңа сөздерден сөздік құрастыру;

5) газет-журналдарға шағын хабарлама/мақала жазу;

6) белгілі оқиғаны өз ойынша өзгертіп аяқтау;

7) әдеби шығарма мәтініндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтау;

8) ақпаратты суреттер мен сызбалар, белгілер, пиктограммалар арқылы беру;

9) сұрақтар дайындау.

4. Оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері

35. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін меңгеру нәтижелері критериалды бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

36. Критериалды бағалау оқыту, оқу және бағалаудың өзара тығыз байланысында негізделген. Критериалды бағалау нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау және ұйымдастыру мақсатында пайдаланылады.

37. Критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаудан тұрады.

38. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз өткізіледі, оқушы мен оқытушы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

39. Жиынтық бағалау белгілі оқу мерзімінде оқу бөлімін оқып бітіргенде өткізіледі,

оқушыларға кері байланысты қамтамасыз ету үшін, пән бойынша тоқсандық және жылдық бағаларды қою үшін колданылады.

5. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

40. Оқу жүктемесінің бөлінуі:

1) бағдарлама бойынша әр сыныптағы сағат саны:

1-кесте

Сынып	Апталық сағат саны	Жылдық сағат саны
2-сынып	6 сағат	204 сағат
3-сынып	6 сағат	204 сағат
4-сынып	6 сағат	204 сағат

41. «Қазақ тілі мен әдебиеті» бойынша қойылатын нормативтер:

2-кесте

Сынып	Оқу шапшаңдығының міндетті деңгейі		Жазылым			
	I жартыжылдық соңы	II жартыжылдық соңы	Сөздік диктант	Диктант	Мазмұндама мәтін көлемі	Шығарма
2	40-45 сөз	50-55 сөз	5-7 сөз	25-30 сөз	40-60 сөз	25-35 сөз
3	55-60 сөз	65-70 сөз	9-12 сөз	35-50 сөз	60-80 сөз	35-55 сөз
4	70-75 сөз	80-90 сөз	12-15 сөз	55-70 сөз	80-100 сөз	55-70 сөз

42. Оқу материалдарының сыныптар бойынша топталуы

3-кесте

2-сынып	3-сынып	4-сынып
1. Өзім туралы	1. Тірі табиғат	1. Менің Отаным – Қазақстан
2. Менің отбасым және достарым	2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (жарық пен қараңғы)	2. Адами құндылықтар
3. Менің мектебім	3. Уақыт	3. Мәдени мұра
4. Менің туған өлкем	4. Сәулет	4. Мамандықтар әлемі
5. Дені саудың – жаны сау	5. Өнер	5. Табиғи құбылыстар
6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	6. Атақты тұлғалар	6. Қоршаған ортаны қорғау
7. Қоршаған орта	7. Су – тіршілік көзі	7. Ғарышқа саяхат
8. Саяхат	8. Демалыс мәдениеті. Мерекелер	8. Болашаққа саяхат

43. Көркем шығарма бөлімі балалар әдебиетінің екі саласын қамтиды:

1) Ауыз әдебиеті үлгілері.

2) Жазба балалар әдебиеті үлгілері.

44. Ауыз әдебиеті үлгілерінен:

1) балаларға арналған тақпақ, санамақ, мадақтау, мазақтау, өтірік өлеңдер, төрт-түлік жырлары: төрт түлік туралы өлеңдер, мал, жан-жануарлар айтысы, Наурыз жыры;

2) ертегілер: хайуанаттар жайындағы ертегілер мен қиял-ғажайып оқиғалы ертегілер;

3) аңыз-әңгімелер: Тазша бала, Алдар көсе, Қожанасыр, Асан қайғы, Қорқыт туралы ;

4) мақал-мәтелдер (әртүрлі тақырыптағы);

5) жұмбақ-жаңылтпаштар (әртүрлі тақырыптағы);

6) шешендік сөздер: әйгілі шешендер мен билер сөздері;

7) жырлар: батырлар жырларынан үзінділер.

45. Жазба балалар әдебиеті үлгілерінен:

1) Қазақ ақын-жазушылары: Ы.Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Бегалин, Б.Соқпақбаев, Ш.Смаханұлы, Қ.Мырза Әли, М.Әлімбай, Ө.Тұрманжанов, Ж.Смақов, Қ.Баянбай, Ә.Дүйсенбиев, Ф.Оңғарсынова, Ә.Табылдиев, А.Асылбеков, Ө.Қанахин, Т.Молдағалиев, Е.Өтетілеуов, Б.Кірісбаев, Е.Елубай, С.Қалиев, С.Сейітов, Б.Ысқақов, Д.Жұмагелдинова, М.Айымбетов, М.Абылқасымова өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері.

46. Ғылыми-танымдық шығармалар:

1) мақала, очерк, естелік, өмірбаян, күнделік (аспан әлемі, су асты тіршілігі, табиғат құбылыстары, жаратылыс құпиялары, адамзат сырлары, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы шығармалар).

47. Әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілері.

48. Бағдарламаны білудің негізгі ұстанымдары «Біз осы пән бойынша не білеміз және білімді қалай меңгереміз?» деген мәселелерді қарастырады. Пән бойынша білімді меңгеру оқу бөлімдерінде тілдік дағдыларды қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған. Оқу бөлімдері ары қарай жинақталған білім мен түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерге бөлінген. Оқытудың мақсаттары әр бөлімше ішіндегі сабақтастықты айқындайды. Мұғалім мен оқушыға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік береді.

49. Бағдарламада «Оқу мақсаттары» қолдануға, мониторинг жасауға тиімді болу үшін төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлімше ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік номерін көрсетеді. Мысалы, 3.2.1.1. кодында «3» - сынып, «2.1» - екінші бөлімнің бірінші бөлімшесі, «1» - оқу мақсатының реттік саны:

4-кесте

2 - 4 сыныптар		
№	**Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрлері)**	**Бөлімше (дағды)**

1	Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну
		1.2 Оқиғаны болжау
		1.3 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану
		1.4 Тыңдарманның назарын аудару
		1.5 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрастыру
		1.6 Тыңдағаны бойынша өз пікірін білдіру
		1.7 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту
2	Оқылым	2.1 Оқу дағдысын қолдану
		2.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау
		2.3 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау
		2.4 Мәтіндегі лексикалық және синтаксистік бірліктердің қолданылуын түсіну
		2.5 Әдеби көркемдегіш құралдарды қолдану
		2.6 Мәтінді мазмұндау
		2.7 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою
		2.8 Әдеби шығарманың жанрын анықтау
		2.9 Шығарманың композициясын анықтау
		2.10 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу
		2.11 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау
		2.12 Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалау
3	Жазылым	3.1 Мәтін түрлерін құрастырып жазу
		3.2 Түрлі стильде мәтін жазу
		3.3 Мәтін бойынша жоспар құру
		3.4 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мазмұндама жазу
		3.5 Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну
		3.6 Қатені табу және түзету
		3.7 Каллиграфиялық нормаларды сақтау
		3.8 Пунктуациялық нормаларды сақтау
4	Тілдік нормалардың қолданысы	4.1 Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды сақтау
		4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау

50. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) тыңдалым және айтылым:

5-кесте

Дағдылар	Оқыту мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
1.1 Тыңдаған материалдың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тыңдаған материалдың мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру, қойылған сұрақтарға жауап беру	3.1.1.1 тыңдаған материалдың ретімен толық/жоспар бойынша мазмұндау	4.1.1.1 тыңдаған мәтінді қысқа ой желісін сақтай отырып немесе мұғалім ұсынған үлгі бойынша баяндау
		3.1.2.1 шығармадағы кейіпкерлердің мінез-құлқы мен	

1.2 Оқиғаны болжау	2.1.2.1 мұғалімнің көмегімен тақырыбы және бірінші азат жол бойынша оқиғаның жалғасын болжау	іс-әрекетіне және құбылыстар мен оқиғаларға сүйеніп сюжеттің дамуын болжау, өз болжамының себебін түсіндіру	4.1.2.1 шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі арқылы сюжеттің дамуын болжау және болжамын негіздеу
1.3 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	2.1.3.1 сөздер мен сөз тіркестерін түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларға сәйкес қолдану	3.1.3.1 өз сөзін қарым-қатынас мақсатына, жағдайына, уақытына байланысты жоспарлау, сөйлеу мәдениетін сақтап тілдік нормаларды қолдану	4.1.3.1 тақырыпты талқылауда тілдік нормаларды сақтап өз ойын жүйелі жеткізу
1.4 Тыңдарманның назарын аудару	2.1.4.1 интонация элементтерін, қимыл мен ым-ишараны қолдану	3.1.4.1 интонация элементтерін, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара), қаратпа сөздерді қолдану және тыңдарманға бағыттап сөйлеу(Сіз қалай ойлайсыз? Басқа пікірлер бар ма?)	4.1.4.1 интонация элементтерін, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл, ым-ишара) және қыстырма, одағай сөздерді қолдану, тыңдарманға бағыттап сөйлеу (Сіз қалай ойлайсыз? Сіздің көзқарасыңыз қандай?)
1.5 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрастыру	2.1.5.1 мұғалімнің көмегімен берілген тақырып пен тірек сөздер арқылы әңгіме құрастыру	3.1.5.1 берілген тақырып бойынша тірек сөздер мен жоспарды пайдалана отырып, әңгіме құрастыру	4.1.5.1 көрнекіліктер қолданып өз жоспары бойынша әңгіме құрастыру
1.6 Тыңдалған материал туралы өз ойын білдіру	2.1.6.1 аудио-бейнежазба мазмұны туралы өз ойын (ұнайды/ұнамайды, себебі..., пайдалы немесе пайдасыз болды...) білдіру	3.1.6.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша эмоцианалды-бейнелі лексиканы, интонацияны, дауыс күшін қолданып өз ойын білдіру	4.1.6.1 аудио-бейнежазба мазмұны бойынша өз ойын өмірлік тәжірибесі немесе өзге шығармадағы ұқсас оқиғалармен салыстыра отырып білдіру
1.7 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	2.1.7.1 сөз ішінде дауысты дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (бүгін-бүгүн, түтін – түтүн, көсеу – көсөу)	3.1.7.1 сөз ішінде шектес дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл –Жаңгүл)	4.1.7.1 сөз ішіндегі және сөз бен сөздің арасындағы буын және дыбыс үндестігін сақтап сөйлеу

2) о қ ы л ы м :

6-кесте

Бөлімше (дағды)	Оқыту мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
2.1 Оқу дағдысын қолдану	2.2.1.1 мәтінді дұрыс оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу, мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу	3.2.1.1 мәтінді түсініп оқу, мәнерлеп оқу, шапшаң оқу, қажетті ақпаратты тауып оқу	4.2.1.1 мәтінді түсініп, мәнерлеп , шапшаң оқу, сызба мен диаграммаларды оқу, өз көзқарасын білдіру мақсатында оқу
2.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	2.2.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	3.2.2.1 мәтіннің тақырыбын анықтау және мұғалімнің көмегімен негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін/сөйлемді табу	4.2.2.1 негізгі ойды тұжырымдау және оны мәтін атауы ретінде қою

			4.2.3.1 әңгімелеу, сипаттау,
2.3 Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін анықтау	2.2.3.1 сұрақ қою арқылы (не істеді? Қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау	3.2.3.1 мұғалімнің көмегімен әңгімелеу, сипаттау, пайымдау мәтін түрлерін және құрылымдық бөліктерін анықтау	

			пайымдау мәтін түрлерін және құрылымдық бөліктерін анықтау
2.4 Мәтіндегі лексикалық және синтаксистік бірліктердің қолданылуын түсіну	2.2.4.1 синоним, антоним, омоним (сөздік қолдану) сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану	3.2.4.1 тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын түсіну және сөйлеу барысында контексте дұрыс қолдану	4.2.4.1 контексте тұрақты сөз тіркестері мен көп мағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану
2.5 Әдеби көркемдегіш құралдарды қолдану	2.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (салыстыру, кейіптеу) табу	3.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы әдеби көркемдегіш құралдарды (салыстыру, тең еу, эпитет, кейіптеу) табу	4.2.5.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану
2.6 Мәтінді мазмұндау	2.2.6.1 мәтінді сұрақтардың/ тірек сөздердің/ жоспардың/ иллюстрацияның көмегімен мазмұндау	3.2.6.1 оқиғаның ой желісін сақтай отырып, мәтінді толық баяндау	4.2.6.1 мәтінді қысқа және өз сезімі мен көңіл-күйін, көзқарасын қосып әңгімелеу
2.7 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою	2.2.7.1 мәтін мазмұны бойынша мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою	3.2.7.1 мәтін мазмұны бойынша қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою	4.2.7.1 мәтіндегі оқиғаны/ кейіпкерлер іс әрекетін бағалауға негізделген сұрақтар қою
2.8 Әдеби шығарманың жанрын анықтау	2.2.8.1 мақал-мәтел, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңдерді жанрына қарай ажырату	3.2.8.1 жұмбақ, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгімені жанрына қарай ажырату	4.2.8.1 аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелерді жанрына қарай ажырату
2.9 Шығарманың композициясын анықтау	2.2.9.1 мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуы, дамуы мен аяқталуын анықтау	3.2.9.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуы, дамуы мен аяқталуын анықтау	4.2.9.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы , дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау
2.10 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.10.1 анықтамалық/ сөздік /энциклопедиялардан берілген тақырып/сұрақ бойынша ақпаратты табу	3.2.10.1 түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) берілген тақырып/сұрақ бойынша ақпаратты табу	4.2.10.1 қажетті ақпаратты дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) табу және қорытындылау
2.11 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	2.2.11.1 мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) және стильдегі (көркем және бейкөркем) мәтіндердің айырмашылықтарын табу	3.2.11.1 ұқсас тақырыпта берілген түрлі стильдегі мәтіндерді мұғалімнің көмегімен салыстырып айырмашылықтарын табу	4.2.11.1 ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетіндегі ұқсас шығармалардың (өлең, әңгіме, лирика) сюжетін, оның элементтерінің тақырыпты ашудағы ролін мұғалімнің көмегімен салыстыру
2.12 Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау	2.2.12.1 кейіпкерлердің іс-әрекетіне, мінез-құлқына өз пікірін білдіру	3.2.12.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен дәлелдер келтіріп бағалау	4.2.12.1 кейіпкердің/ кейіпкерлердің іс-әрекетін, мінез-құлқын өзінің өмірлік тәжірибесімен салыстырып бағалау

3) ж а з ы л ы м :

7-кесте

Бөлімше (дағды)	Оқыту мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып

3.1 Мәтін түрлерін құрастырып жазу	2.3.1.1 мұғалім көмегімен заттық/ сюжетті сурет негізінде әңгімелеу және сипаттау мәтіндерін құрастырып жазу	3.3.1.1 жоспар/сызба бойынша әңгімелеу мәтінін, салыстыра сипаттау және пайымдау мәтінін түрлі көмекші сөздер арқылы құрастырып жазу	4.3.1.1 берілген тақырыпта әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрастырып жазу
3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	2.3.2.1 үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама және ас әзірлеу рецептісін жазу	3.3.2.1 өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік және өмірбаян жазу	4.3.2.1 белгілі бір стильде мәтін (мақала, мінездеме) жазу үшін қажетті сөздерді дұрыс таңдау
3.3 Мәтін бойынша жоспар құру	2.3.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіндегі тірек сөздер/сөз тіркестері негізінде мәтінді бөлімдерге бөлу және жоспар құру	3.3.3.1 мұғалім көмегімен мәтінді логикалық бөліктерге бөліп, жоспар құру (хабарлы сөйлем түрінде)	4.3.3.1 мәтінді бөлімдерге бөліп жоспар құру (атаулы сөйлем түрінде)
3.4 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мазмұндама жазу	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша тірек сөздерді қолданып шағын мәтін жазу	3.3.4.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар мазмұнын өз бетінше жазу	4.3.4.1 оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар мазмұнын өзіндік пікір қоса отырып жазу
3.5 Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну	2.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөз, суреттер қолданып қарапайым постер құрастыру	3.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сызба, график, кесте, фотосуреттер қолданып мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық, презентация) құрастыру	4.3.5.1 мәтінді (жаңалық, сұхбат, жарнама, презентация,) сызба, график, кесте, фотосурет және диаграммалар түрінде рәсімдеп жазу/компьютерде теру
3.6 Қатені табу және түзету	2.3.6.1 мұғалімнің көмегімен дұрыс құрылмаған сөйлемді және орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу, қайта түзетіп жазу	3.3.6.1 мұғалімнің көмегімен сөздіктер мен анықтамалықтарды қолдана отырып, жіберілген қателерді табу және түзету	4.3.6.1мұғалімінің көмегімен грамматикалық, стилдік қателерді анықтайды және түзетеді, өз бетінше орфографиялық және пунктуациялық нормаларға сәйкес өз жұмысын редакциялайды.
3.7 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.7.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу	3.3.7.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету	4.3.7.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау, жазу техникасын жетілдіру және таза жазу
3.8 Пунктуациялық нормаларды сақтау	2.3.8.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкес тыныс белгілерін қолдану (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі)	3.3.8.1 сөйлем түрлерін (жай және құрмалас) ажырату, құрастыру және тыныс белгілерін қою (мұғалім көмегімен)	4.3.8.1 сөйлем түрлерін (жай және құрмалас) құрастыру және тыныс белгілерін қою
	2.3.8.2 бастауыш пен баяндауыштың арасында		

	сызықша қойылатын жағдайды білу және қолдану	3.3.8.2 сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің тыныс белгісін дұрыс қою (үтір, қос нүкте)	4.3.8.2 қаратпа, қыстырма сөздердің тыныс белгілерін дұрыс қою
			4.3.8.3 диалогтің тыныс белгілерін қолдану

51. Тілдік нормалардың қолданысы:

8-кесте

Бөлімше (дағды)	Оқыту мақсаттары		
	2-сынып	3-сынып	4-сынып
4.1 Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау	2.4.1.1 я, ю әріптерінің емлесін сақтап жазу	3.4.1.1 э, ф, в, ц әріптері бар сөздерді сауатты жазу	4.4.1.1 сөзге қосымшалар жалғау кезінде дыбыс үндестігін ескеріп қолдану
	2.4.1.2 «у», «и, й» әріптерінің емлесін сақтап жазу	3.4.1.2 түбір сөздегі ы, і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған кездегі өзгерісін сақтап жазу	4.4.1.2 сөзге қосымшалар жалғау кезінде буын үндестігін ескеріп қолдану
	2.4.1.3 дауыссыз п-б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін қолдану	3.4.1.3 ч, щ әріптері бар сөздерді сауатты жазу	4.4.1.3 айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді анықтап жазу
	2. 4.1.4 дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу	3.4.1.4 x, h әріптері бар сөздерді сауатты жазу	
	2.4.1.5 у, й,ң дыбыстары екі дауыстының ортасында келген жағдайда тасымалдау		
4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір және туынды сөздерді ажырату	3.4.2.1 негізгі түбірге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасау, түбірлес сөздердің мағынасын ажырату	4.4.2.1 күрделі сөздердің түрлерін ажырата алу (біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз)
	2.4.2.2 көптік жалғауларын дұрыс қолдану	3.4.2.2 жіктік жалғауларының қолданысын білу	4.4.2.2 бірігу, қосарлану, тіркесу жолымен туынды сөздер жасау
	2.4.2.3 сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату	3.4.2.3 сөйлемнен сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) табу	4.4.2.3 зат есімді септеу, тәуелдеу емлесін білу
	2.4.2.4 зат есімнің жалпы және жалқы түрлерін ажырату, жалқы есімнің жазылу емлесін сақтау	3.4.2.4 негізгі, туынды зат есім/ сын есім/етістікті анықтау	4.4.2.4 жіктеу есімдіктерін септей алу
	2.4.2.5 дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/ етістікті ажырату	3.4.2.5 болымды және болымсыз етістіктерді анықтау	4.4.2.5 үстеуді мағынасына қарай ажырату, етістікпен байланыстырып, сөйлемде қолдану

		3.4.2.6 есептік және реттік сан есімдерді анықтау	4.4.2.6 сөз таптарының сөйлемдегі қызметін анықтау
			4.4.2.7 сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын шылауларды (және, себебі, мен, пен) қолдану
			4.4.2.8 сөйлемде одағай, еліктеуіш сөздерді ажырату және қолдану
			4.4.2.9 етістікті тиісті шақта (өткен шақ, келер шақ, осы шақ) қолдану
4.4 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.4.5.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу	3.4.5.1 кең жолды дәптерде бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және таза жазу	4.4.5.1 каллиграфиялық нормаларды сақтау және жазу техникасын жетілдіру және таза жазу

52. Ұзақ мерзімді жоспар:

1) 2-сынып:

9-кесте

Ортақ тақырып	Бөлім (сөйлеу әрекетінің түрі)	Бөлімше (дағды)	Оқу мақсаттары*
1-тоқсан			
1. Өзім туралы	Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тыңдалған материалдың мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру, қойылған сұрақтарға жауап беру
		1.4 Тыңдарманның назарын аудару	2.1.4.1 сөйлеу барысында интонация элементтерін, қимыл мен ым-ишараны қолдану
		1.3 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	2.1.3.1 сөздер мен сөз тіркестерін түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларға сәйкес қолдану
		1.5 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрастыру	2.1.5.1 мұғалімнің көмегімен берілген тақырып пен тірек сөздер арқылы әңгіме құрастыру
	Оқылым	2.1 Оқу дағдысын қолдану	2.2.1.1 мәтінді дұрыс оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу, мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу
		2.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	2.2.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбын және автордың не айтқысы келгенін анықтау
		2.6 Мәтінді мазмұндау	2.2.6.1 мәтінді сұрақтардың/тірек сөздердің/жоспардың/ иллюстрацияның көмегімен мазмұндау
		2.7 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою	2.2.7.1 мәтін мазмұны бойынша мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою
		2.10 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.10.1 анықтамалық/ сөздік/энциклопедиялардан берілген тақырып/сұрақ бойынша ақпаратты табу

2. Менің отбасым және достарым		2.12 Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау	2.2.12.1 кейіпкерлердің іс-әрекетіне, мінез-құлқына өз пікірін білдіру
	Жазылым	3.1 Мәтін түрлерін құрастырып жазу	2.3.1.1 мұғалім көмегімен заттық және сюжетті сурет арқылы әңгімелеу және сипаттау мәтіндерін құрастырып жазу
		3.4 Оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша мазмұндама жазу	2.3.4.1 мұғалімнің көмегімен оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша тірек сөздерді қолданып мазмұндама жазу
		3.6 Қатені табу және түзету	2.3.6.1 мұғалімнің көмегімен дұрыс құрылмаған сөйлемді және орфографиялық, пунктуациялық қателерін (нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі) табу, қайта түзетіп жазу
		3.7 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.7.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу
		3.8 Пунктуациялық нормаларды сақтау	2.3.8.1 сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкес тыныс белгілерін қолдану (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі)
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.1 Орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды сақтау	2.4.1.1 я, ю әріптерінің емлесін сақтап жазу
			2.4.1.2 «у», «и, й» әріптерінің емлесін сақтап жазу
			2.4.1.3 дауыссыз п-б, қ-ғ, к-г дыбыстарының емлесін қолдану
			2. 4.1.4 дауыссыз л, р, ң дыбыстарының емлесін сақтап жазу
			2.4.1.5 у, й,ң дыбыстары екі дауыстының ортасында келген жағдайда тасымалдау
2-тоқсан			
	Тыңдалым және айтылым	1.2 Оқиғаны болжау	2.1.2.1 мұғалімнің көмегімен тақырыбы және бірінші азат жол бойынша оқиғаның жалғасын болжау
		1.4 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	2.1.4.1 сөздер мен сөз тіркестерін түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларға сәйкес қолдану
		1.6 Тыңдалған материал туралы өз ойын білдіру	2.1.6.1 аудио –бейнежазба мазмұны туралы өз ойын (ұнайды/ұнамайды, себебі..., пайдалы немесе пайдасыз болды...) білдіру
		1.7 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту	2.1.7.1 сөз ішінде дауысты дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (бүгін-бүгүн, түтін - түтүн, көсеу – көсөу)
		2.1 Оқу дағдысын қолдану	2.2.1.1 мәтінді дұрыс оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу, мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу
		2.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	2.2.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбын және автордың не айтқысы келгенін анықтау
		2.4 Мәтіндегі лексикалық және	

3. Менің мектебім 4. Менің туған өлкем	Оқылым	синтаксистік бірліктердің қолданылуын түсіну	2.2.4.1 синоним, антоним, омоним сөздерді ажырату және мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану
		2.5 Әдеби көркемдегіш құралдарды қолдану	2.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (салыстыру, кейіптеу) табу
		2.7 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою	2.2.7.1 мәтін мазмұны бойынша мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою
		2.10 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.10.1 анықтамалық/сөздік/ энциклопедиялардан берілген тақырып/сұрақ бойынша ақпаратты табу
		2.12 Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау	2.2.12.1 кейіпкерлердің іс-әрекетіне, мінез-құлқына өз пікірін білдіру
	Жазылым	3.3 Мәтін бойынша жоспар құру	2.3.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннен тірек сөздер/сөз тіркестерді тауып, мәтінді бөлімдерге бөлу және жоспар құру
		3.5 Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну	2.3.5.1 мұғалімнің көмегімен сөз, суреттер қолданып, қарапайым постер құрастыру
		3.6 Қатені табу және түзету	2.3.6.1 мұғалімнің көмегімен дұрыс құрылмаған сөйлемді және орфографиялық, пунктуациялық қателерін табу, қайта түзетіп жазу
		3.7 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.7.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу
3-тоқсан			
	Тыңдалым және айтылым	1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну	2.1.1.1 тыңдалған материалдың мазмұны бойынша сұрақтар құру, қойылған сұрақтарға жауап беру
		1.2 Оқиғаны болжау	2.1.2.1 мұғалімнің көмегімен тақырыбы және бірінші азат жол бойынша оқиғаның жалғасын болжау
		1.3 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	2.1.3.1 сөздер мен сөз тіркестерін түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларға сәйкес қолдану
		1.5 Тыңдарманның назарын аудару	2.1.5.1 сөйлеу барысында интонация элементтерін, қимыл мен ым-ишараны қолдану
		1.6 Тыңдалған материал туралы өз ойын білдіру	2.1.6.1 аудио –бейнежазба мазмұны туралы өз ойын (ұнайды/ұнамайды, себебі..., пайдалы немесе пайдасыз болды...) білдіру
		2.1 Оқу дағдысын қолдану	2.2.1.1 мәтінді дұрыс оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу, мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу
		2.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	2.2.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбын және автордың не айтқысы келгенін анықтау
		2.5 Әдеби көркемдегіш құралдарды қолдану	2.2.5.1 мұғалімнің көмегімен шығармадағы көркемдегіш құралдарды (салыстыру, кейіптеу) табу

5. Дені саудың – жаны сау 6. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Оқылым	2.6 Мәтінді мазмұндау	2.2.6.1 мәтінді сұрақтардың/тірек сөздердің/жоспардың/ иллюстрацияның көмегімен мазмұндау
		2.7 Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қою	2.2.7.1 мәтін мазмұны бойынша мұғалім көмегімен қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою
		2.8 Әдеби шығарманың жанрын анықтау	2.2.8.1 мақал-мәтел, ертегі, тұрмыс-салт жырлары, әңгіме, өлеңдерді жанрына қарай ажырату
		2.10 Түрлі дереккөздерден ақпарат алу	2.2.10.1 анықтамалық/ сөздік/энциклопедиялардан берілген тақырып/сұрақ бойынша ақпаратты табу
		2.11 Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау	2.2.11.1 мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы (ертегі, әңгіме, өлең) және стильдегі (көркем және бейкөркем) мәтіндердің айырмашылықтарын табу
		2.12 Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау	2.2.12.1 кейіпкерлердің іс-әрекетіне, мінез-құлқына өз пікірін білдіру
	Жазылым	3.2 Түрлі стильде мәтін жазу	2.3.2.1 үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама және ас әзірлеу рецептісін жазу
		3.3 Мәтін бойынша жоспар құру	2.3.3.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннен тірек сөздер/сөз тіркестерді тауып, мәтінді бөлімдерге бөлу және жоспар құру
		3.6 Қатені табу және түзету	2.3.6.1 мұғалімнің көмегімен дұрыс құрылмаған сөйлемді және орфографиялық, пунктуациялық қателерін (нүкте, леп белгісі, сұрақ белгісі) табу, қайта түзетіп жазу
		3.7 Каллиграфиялық нормаларды сақтау	2.3.7.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу
		3.8 Пунктуациялық нормаларды сақтау	2.3.8.2 бастауыш пен баяндауыштың арасында сызықша қойылатын жағдайды білу және қолдану
	Тілдік нормалардың қолданысы	4.2 Грамматикалық нормаларды сақтау	2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір және туынды сөздерді ажырату
			2.4.2.2 көптік жалғауларын дұрыс қолдану
			2.4.2.3 сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) ажырату
			2.4.2.4 зат есімнің жалпы және жалқы түрлерін ажырату, жалқы есімнің жазылу емлесін сақтау
			2.4.2.5 дара және күрделі зат есім/сын есім/сан есім/ етістікті ажырату
IY тоқсан			
	Тыңдалым және айтылым	1.2 Оқиғаны болжау	2.1.2.1 мұғалімнің көмегімен тақырыбы және бірінші азат жол бойынша оқиғаның жалғасын болжау
		1.3 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану	2.1.3.1 сөздер мен сөз тіркестерін түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларға сәйкес қолдану
		1.4 Тыңдарманның назарын аудару	2.1.4.1 сөйлеу барысында интонация элементтерін, қимыл мен ым-ишараны қолдану

		1.5 Берілген тақырып бойынша әңгіме құрастыру	2.1.5.1 мұғалімнің көмегімен берілген тақырып пен тірек сөздер арқылы әңгіме құрастыру
		1.6 Тыңдалған материал туралы өз ойын білдіру	2.1.6.1 аудио–бейнежазба мазмұны туралы өз ойын (ұнайды /ұнамайды, себебі..., пайдалы немесе пайдасыз болды...) білдіру
	Оқылым	2.1 Оқу дағдысын қолдану	2.2.1.1 мәтінді дұрыс оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу, мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу
		2.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтау	2.2.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбын және автордың не айтқысы келгенін анықтау
